

«ЕҢБЕК АДАМЫ» ИДЕОЛОГИЯСЫНА ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПТЕРДІҢ БЕДЕЛІ

Талдамалық
есеп

Астана, 2023

«Еңбек адамы» идеологиясына қоғамдық қызығушылық және Қазақстандағы кәсіптердің беделі / «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, Астана, 2023. – 178 б.

Әлеуметтанулық зерттеу **Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің** тапсырысы бойынша жүргізілді.

Зерттеу тобы: Батталова Ж.С.; Өтеғали Д.Б.; Ергенболатқызы А.; Серғазы А.О.

МАЗМҰНЫ

ГЛОССАРИЙ	4
КІРІСПЕ	6

1-ТАРАУ

ХАЛЫҚТЫҢ САЛАЛАР МЕН КӘСІПТЕРГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

1.1 Қазақстандықтар арасында ең танымал және беделді кәсіптердің рейтингі	14
1.2 Әртүрлі сала өкілдеріне халықтың сенім деңгейі	20

2-ТАРАУ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚТАР ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

2.1 Қазақстандағы еңбек нарығын талдау.....	27
2.2 Қазақстандықтардың кәсіподақтар қызметін бағалауы.....	39

3-ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «ЕҢБЕК АДАМЫ» ИДЕОЛОГИЯСЫНА ЖӘНЕ ФРИЛАНСЕРЛЕР, БЛОГЕРЛЕРГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

3.1 «Еңбек адамы» идеологиясы: тұрғындардың ақпараттануы мен қабылдауы	44
3.2 Қазақстандықтардың фрилансер мен блогерлерге қарым-қатынасы және оларды бағалауы	53
ТҮЙІН	69
ҰСЫНЫМДАР	72
1-ҚОСЫМША	74
2-ҚОСЫМША	85
3-ҚОСЫМША	87

ГЛОССАРИЙ

Big Data – көлденең масштабталатын бағдарламалық құралдармен тиімді өңделетін және дәстүрлі дерекқорды басқару жүйелері мен Business Intelligence класс шешімдеріне балама үлкен көлемдегі және айтарлықтай әртүрліліктегі құрылымдалған және құрылымданбаған деректердің анықтамасы.

hh.kz (HeadHunter) – Қазақстанда жұмыс табуға және қызметкерлерді таңдауға көмектесетін онлайн сервис.

PR менеджері – ұйымның немесе адамның имиджі мен беделін басқаруға және сақтауға бағытталған қоғаммен байланыс саласындағы маман.

SMM менеджері – бизнесті, атап айтқанда компанияларды, брендтерді және жеке тұлғаларды әлеуметтік медиада ілгерілетумен айналысатын маман.

Блогер – кәсіпкерлік қызмет мақсатында белгісіз тұлғалар тобына арналған онлайн платформада ақпаратты жариялайтын онлайн платформа пайдаланушысы.

Веб-дизайнер – бұл веб-сайттарды, лендинг беттерін, веб-қосымшаларды және электрондық пошталарды визуалды безендіруді қамтитын маман.

Жоғары жалақы алатын кәсіптер – бұл жұмысшылар жоғары жалақы немесе гонорар алатын кәсіптер. Бұл кәсіптер әдетте еңбек нарығындағы жоғары сұраныспен, мамандандырылған дағдылармен және жауапкершілікпен сипатталады. Жалақы тәжірибе, білім, жұмыс аймағы, сала және т.б. сияқты көптеген факторларға байланысты болуы мүмкін.

Гив – бұл Instagram әлеуметтік желісіндегі оқырмандарды жылдам тарту үшін жасалатын ұтыс ойынының форматы.

Заттар интернеті – бір-бірімен немесе сыртқы ортамен өзара әрекеттесу үшін кіріктірілген құралдармен және технологиялармен жабдықталған физикалық объектілер («заттар») арасындағы деректерді беру желісінің тұжырымдамасы.

Жасанды интеллект (ЖИ) – жасанды интеллектуалды жүйелердің дәстүрлі түрде адамның құзыреті болып саналатын шығармашылық міндеттерді орындау қасиеті; интеллектуалды машиналарды, әсіресе интеллектуалды компьютерлік бағдарламаларды құрудың ғылымы мен технологиясы.

Медиалық ресурстар (медиаресурстар) – одан әрі пайдалану мақсатында БАҚ-та жинақталған ақпараттық өнімдердің жиынтығы.

Месседж (мессидж, месидж) – оны айтқан коммуникатордан – тыңдаушыға таратылатын, тікелей немесе камуфлирланған хабар. Месседж термині ағылшын тілінен шыққан, message – хабарлама, жеткізу, жолдау, үндеу, мәлімдеме.

Наноблогерлер – 1 мыңнан 10 мыңға дейін жазылушысы бар Instagram-ды қоса алғандағы әлеуметтік желілердің пайдаланушылары.

Пайдалы кәсіптер – бұл адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, қамқорлыққа, дамуға немесе көмекке бағытталған қоғамға және қоршаған ортаға айтарлықтай үлес қосатын кәсіптер.

Танымал кәсіптер – бұл қазіргі уақытта еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие кәсіптер. Олар экономикадағы өзгерістерге, технологиялық тенденцияларға, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және т.б. осы сияқты әртүрлі факторларға байланысты сұраныста болуы мүмкін.

Беделді кәсіптер – қоғамда жоғары әлеуметтік мәртебе мен құрметке ие кәсіптер. Бұл мамандықтар көбінесе жоғары білім деңгейін, мамандандырылған дағдыларды қажет етеді және жауапкершілік деңгейі жоғары тапсырмаларды орындауды қамтиды. Беделді кәсіптермен айналысатын адамдар, әдетте, қоғамға айтарлықтай үлес қосады және көбінесе олар өз қызметтері үшін әлеуметтік жағынан мойындалып отырады.

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеумен айналысатын және өндірісті дамытудың маңызды техникалық негізі болып табылатын қолданбалы ғылым.

Еңбек нарығы – жұмыс күшін қалыптастыру, бөлу және қайта бөлу, оны жалдау және төлеу барысында қалыптасатын, құқықтық нормалармен реттелетін және жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты теңестіру әдісі ретінде көрінетін әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі.

Стресті кәсіптер – бұл эмоционалды, физикалық немесе психологиялық стрестің жоғары деңгейімен байланысты кәсіптер. Стресті кәсіптердегі жұмысшылар көбінесе тез шешім қабылдауды, белгісіздік жағдайында жұмыс істеуді, басқа адамдардың өмірі мен әл-ауқаты үшін жауапкершілікті қажет ететін жағдайларға тап болады.

Таргетолог – бұл әлеуметтік медиада жарнамалар орнататын маман.

Трансұлттық компания (корпорация) – бірнеше елдерде өндірістік бөлімшелерге иелік ететін компания (корпорация).

Фриланс (немесе фрилансинг) – бұл фрилансер деп аталатын қызметкер кезкелген ұзақ мерзімді ұйымдық байланысқа қарамастан өз еңбегінің қызметін көрсететін жұмыс түрі.

Фрилансер – бұл көбінесе ұзақ мерзімді жұмысқа орналасуға байланысты немесе белгілі бір компанияға тиесілі болмай-ақ өз еңбегі қызметін ұсынатын және әртүрлі клиенттерге немесе тапсырыс берушілерге арналған жобалық тапсырмаларды орындайтын кәсіби маман.

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам»¹ Жолдауында, әділ қоғамда **еңбекқор адамға** басымдық беру керек деп айтылды. Яғни, қазақстандық қоғамда еңбекқор ұлт идеологиясын дамыту қажет.

Бүгінгі таңда қоғам еңбек нарығының трансформациясын бастан кешіруде, бұл қоғамның әлеуметтік құрылымында жаңа топтардың пайда болуына әсер етті. Осы өзгерістер көбінесе цифрландыру процесімен байланысты. Еңбек нарығында жұмыспен қамтудың жаңа түрлері пайда болды (мысалы, фриланс), цифрлық платформалар қоғамда көбірек қолданыла бастады, өндірісте автоматтандыру және роботтандыру кезеңі басталды. Яғни, қол еңбегі бірте-бірте машина еңбегімен ауыстырылуда. Ғылыми ортада жасанды интеллект, заттар интернеті, Big Data, робототехника және т.б. терминдер қолданыла бастады. Еңбек нарығында жұмыс берушілердің әлеуетті қызметкерлерге қойылатын талаптары өзгерді. IT-технологиялармен және цифрлық платформалармен жұмыс істеу дағдылары бар икемді мамандар үлкен сұранысқа ие бола бастады.

Қазақстанда 2018–2022 жылдар аралығында «Digital Kazakhstan» бағдарламасы жүзеге асырылды. Бағдарламаның мақсаты – Қазақстан экономикасының даму қарқынын жеделдету және қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ цифрлық экономикаға көшу үшін барлық жағдайды жасау². Адам ресурстарын дамыту орталығының мәліметі бойынша, 2021 жылы АКТ саласының көлемі ЖІӨ-нің 4,3%-ын, IT-секторының көлемі ЖІӨ-нің 2%-ын құрады. Соңғы 5 жылда ұйымның АКТ-ға жұмсаған шығыны 45%-ға өсіп, 2021 жылы 443,1 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ 2021 жылы Қазақстандағы 180 ірі және орта кәсіпорындар робототехниканы пайдаланған³. Сонымен қатар 2019 жылдан бастап елордада студенттер криптография, робототехника, Big Data, жасанды интеллект, сандық криминалистика, бағдарламалау және басқа да пәндер бойынша білім алатын Астана IT университеті жұмыс істейді⁴. Ел экономикасындағы, атап айтқанда, еңбек нарығындағы осы өзгерістердің барлығы оның халық арасында кәсіптердің танымалдылығы мен беделіне әсері туралы мәселені өзектендіреді.

Бұл өзгерістердің кері әсер ететінін де атап өткен жөн. Қоғамның әлеуметтік құрылымында жаңа шынайылыққа бейімделу мен әлеуметтену кезеңінен өтпеген және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіз болып қалған халық топтары пайда болды. Жаһандық ауқымда трансұлттық компанияларда жұмысшыларды қысқарту процестері жиі орын алуда. Атап айтқанда, Amazon компаниясында 2023 жылдың соңына дейін 18 мың қызметкерді жұмыстан қысқарту жоспарланып отыр⁵. Осының барлығы қоғамдағы жұмыссыздық мәселесінің өзекті болуына алып келді. Цифрландыру процесімен қатар қоғамда тұтыну идеологиясы үстемдік етуде, бұл жеке тұлға мен қоғамның дамуы үшін жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Осы

¹ <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>

² <https://egov.kz/cms/ru/digital-kazakhstan#>

³ Еңбек ресурстарын дамыту орталығы. Қазақстанның 2021 жылғы еңбек нарығы. <https://iac.enbek.kz/ru/node/1328>

⁴ <https://astanait.edu.kz/>

⁵ <https://www.aboutamazon.com/news/company-news/update-from-ceo-andy-jassy-on-amazons-operating-plan-and-additional-role-eliminations>

себепті бүкіл әлемде адами капиталды дамытуға бағытталған саясат жүзеге асырылуда. Бұл саясаттың маңызды бағыты – адамдарды еңбекке баулу.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Бюро) мәліметтері бойынша Қазақстанда 2021 жылы халық арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құрады⁶. Бұл есептеу әдісі жұмыспен қамту органдарында «жұмыссыз» мәртебесінде тіркелген азаматтарды ескере отырып құрастырылатынын айта кету керек. Мұндай жағдайда есепте тұрмаған, бірақ іс жүзінде жұмыссыз болып табылатын халықтың үлесі ескерілмейді. Осыған байланысты қоғамда елдегі жұмыссыздардың нақты саны туралы сұрақтар жиі туындайды. Сонымен қатар соңғы кезде қазақстандық қоғамда ғылыми ортада NEET⁷ деп аталатын жастардың жеке категориясы талқылануда. Осылайша, Бюроның 2022 жылға арналған мәліметтері бойынша NEET жастарының үлесі (15–28 жас аралығы) 6,5%-ды құрады⁸. Елдегі NEET санының өсуі экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелерге алып келеді. Атап айтқанда, жұмыссыздық деңгейінің артуы, тиісінше жастар арасындағы қылмыс пен наразылық әлеуетінің артуы, осы топ өкілдерінің арасында девиантты мінез-құлықтың жиі көрініс табуы.

Қазақстандық қоғамда біз еңбек нарығындағы елеулі өзгерістерді байқаймыз. Жылдам технологиялық прогресс, автоматтандыру, жаһанданудың өсуі және цифрлық экономиканың дамуы жұмыс пен кәсіпке тікелей әсер етеді. Осыған байланысты, ҚР халқы арасында қандай кәсіптердің өзекті болып қала беретінін түсіну үшін танымал және беделді кәсіптерді зерттеу маңыздылығы туындайды.

Бұл зерттеу мемлекеттік органдарға, білім беру мекемелеріне және жеке тұлғаларға білім алуға, мамандық таңдауға және дағдыларды дамытуға қатысты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген деректер мен фактілердің барлығы «Еңбек адамы» идеологиясына қоғамдық қызығушылық пен кәсіптердің беделі» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Зерттеу аясында келесі сұрақтарға жауаптар алынды: халықтың «Еңбек адамы» идеологиясына деген қарым-қатынасы, ақпараттануы, Қазақстандағы кәсіптердің танымалдылығы мен беделі, кәсіпке деген сенім, «ең стресті жұмыс», «ең тиімді жұмыс», «ең беделді жұмыс» анықтамаларына қоғамдық баға. Зерттеуде халықтың фрилансерлерге және блогерлердің қызметіне, сондай-ақ балаларының болашақ кәсібін таңдауына деген қарым-қатынасы өлшенді.

Жобаның мақсаты – елдегі ең беделді мамандықтарды және Қазақстан Республикасы халқының «Еңбек адамы» идеологиясы туралы ақпараттану деңгейін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттердің** шешімі қажет:

- 1) «Еңбек адамы» идеологиясы туралы халықтың ақпараттану деңгейін анықтау;
- 2) «Еңбек адамы» идеологиясына халықтың қарым-қатынасын анықтау;
- 3) Қазақстандықтар арасында ең танымал кәсіптердің рейтингісін жасау;

⁶ https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=13&slug=-9&cat_id=7&lang=ru

⁷ NEET (ағыл. Not in Education, Employment or Training) – оқымайтын, жұмыс істемейтін, біліктілігін арттырмайтын жастар.

⁸ <https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/20612393>

- 4) Қазақстандықтар арасындағы ең беделді кәсіптердің рейтингісін жасау;
- 5) Халықтың фрилансерлерге және «блогерлердің» қызметіне деген қарым-қатынасын анықтау;
- 6) Кәсіп/мамандық бойынша халықтың сенім білдіру деңгейін анықтау;
- 7) Қазақстандағы кәсіподақтардың қызметін бағалау.

Зерттеу әдісі

Бұл әлеуметтанулық зерттеуде алғашқы әлеуметтанулық ақпаратты жинаудың сандық әдісі – сауалнама (анкета) қолданылды. Зерттеу аясында халықты барынша неғұрлым толық қамту, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша жиналған деректердің объективтілік деңгейін арттыру үшін жалпы республикалық іріктеме пайдаланылды (осы зерттеуде 2 000 адамның пікірі өлшенді). Осылайша, сауалнамаға Қазақстанның 20 өңірінен 2 000 респондент қатысты (оның ішінде 3 республикалық маңызы бар қала және 17 облыс) (1-кесте). Жаппай сауалнама негізгі 44 сұрақ және әлеуметтік-демографиялық блоктың 8 сұрағынан құралды (1-қосымша). Сауалнама тілі – респонденттің қалауына байланысты қазақ және орыс тілдері.

Сауалнаманың бірінші блогында алғашқы төрт (1. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең танымал үш кәсіп?; 2. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең жоғары ақы төленетін үш кәсіп?; Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең беделді үш кәсіп?; Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең стресті үш кәсіп?) және 8-ші сұрақ (8. Сіз алған мамандығыңызды көрсетіңіз (колледжде, техникумда, институтта, университетте?) ашық сұрақ болды. Сауалнамада алғашқы төрт сұрақ бойынша респонденттер кәсіптер мен мамандықтарды белгіледі. Кәсіптер мен мамандықтар тізімін жүйелеу мақсатында олар салалар бойынша бөлінді⁹ (2, 3-қосымша).

Сауалнаманың екінші блогында респонденттерге фрилансерлер мен блогерлер туралы сұрақтар қойылды. Халықтың «фрилансер» және «блогер» ұғымдарын қалай анықтайтыны, оларға деген қарым-қатынасы, олардың табысын қалай бағалайтыны және қоғамдық пікірге әсер ету деңгейі туралы сұрақтар қойылды. Осы сұрақтардың көмегімен ел тұрғындарының фрилансерлер мен блогерлерді қабылдауы анықталды. Фрилансер – бұл қысқа мерзімді тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі жұмыспен қамтыған және бір жұмыс берушіге байланбаған адам¹⁰. Блогер – кәсіпкерлік қызмет мақсатында белгісіз тұлғалар тобына арналған онлайн платформада ақпаратты жариялайтын онлайн платформаның пайдаланушысы¹¹.

Сондай-ақ, осы зерттеу барысында «дәстүрлі кәсіптер» және «онлайн кәсіптер» ұғымдары қолданылды. Дәстүрлі кәсіптер дегеніміз – ежелден келе жатқан және қалыптасқан стандарттар мен тәжірибелерге ие мұғалімдер, оқытушылар, дәрігерлер, музыканттар, актерлер, заңгерлер, инженерлер және т.б. Онлайн-кәсіптерге цифрлық кеңістікте пайда болатын және қолданылатын мамандықтар жатады. Оларға веб-әзірлеушілер, копирайтерлер мен контент-менеджерлерді және т.б. жатқызуға болады.

⁹ Респонденттердің жауаптары бойынша кәсіптер мен мамандықтар көрсетілді

¹⁰ Қазақстанның еңбек нарығы 2022: цифрлық шындық жолында. <https://iac.enbek.kz/ru/node/1451>


¹¹ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000018>

1-КЕСТЕ. Өңірлер бөлінісінде іріктемелі жиынтықтың есебі

Өңірлер	Респонденттер (адам)	Үлес (%)
Абай облысы	66	3,3
Ақмола облысы	87	4,3
Ақтөбе облысы	93	4,6
Алматы облысы	147	7,3
Атырау облысы	65	3,2
Батыс Қазақстан облысы	73	3,6
Жамбыл облысы	117	5,8
Жетісу облысы	71	3,5
Қарағанды облысы	127	6,4
Қостанай облысы	97	4,9
Қызылорда облысы	78	3,9
Маңғыстау облысы	67	3,4
Павлодар облысы	86	4,3
Солтүстік Қазақстан облысы	64	3,2
Түркістан облысы	184	9,2
Ұлытау облысы	23	1,2
Шығыс Қазақстан облысы	85	4,3
Астана қаласы	135	6,8
Алматы қаласы	227	11,4
Шымкент қаласы	108	5,4
Барлығы	2000	100,0

Респонденттердің профілі

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық бейнесі: 2000 респондентті қамтитын жаппай сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 1082-сі (54,1%) әйелдер, 918-і (45,9%) ерлер.




1-СУРЕТ. Респонденттердің гендер белгі бойынша бөлінісі, %

Бұл зерттеуде қалада тұратын респонденттердің үлесі (62,9%) ауылдық жерлердегі респонденттердің үлес салмағынан (37,1%) айтарлықтай асып түседі.


Жас топтары бойынша зерттеудегі респонденттердің профилі келесідей ұсынылған:

- ◆ 18-28 жас аралығындағылардың үлесі респонденттердің жалпы санының 21,3%-ын құрайды.
- ◆ 29-45 жас аралығындағы адамдардың үлесі сауалнамаға қатысушылардың арасында ең жоғары болды, олар респонденттердің жалпы санының 37,2%-ын құрады.
- ◆ 46-60 жас аралығындағы респонденттердің санаты зерттеуге қатысушылардың жалпы санының 24,1%-ын қамтиды.
- ◆ Респонденттердің ең аз саны 61 және одан жоғары жас тобына жатады, олардың үлесі сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 17,4%-ын құрайды.



2-СУРЕТ. Респонденттердің жасы бойынша бөлінісі, %

Этникалық бөліністе респонденттердің негізгі бөлігін қазақтар құрады (71,5%). Әрбір бесінші респондент (20,6%) орыс этносынан. Респонденттердің 7,9%-ы басқа этникалық топтардың өкілдері.



3-СУРЕТ. Респонденттердің этносы бойынша бөлінісі, %

Осы зерттеуге қатысушылардың басым бөлігі жоғары білімге ие, олар 41,4%-ды құрайды. Респонденттердің 32,3%-ның кәсіптік-техникалық білімі бар, ал 26,3%-ы орта білімді.



4-СУРЕТ. Респонденттердің білім деңгейі бойынша бөлінісі, %


Респонденттердің отбасылық жағдайы бойынша бөлінісі келесідей:

- ◆ Некеде тіркелген: 63,3%.
- ◆ Үйленбеген: 18,8%.
- ◆ Жесір: 6,8%.
- ◆ Ажырасқан: 6,2%.
- ◆ Бірге тұратын, бірақ некені ресми тіркемеген: 4,2%.
- ◆ Жауап бермеген респонденттер: 0,7%.



5-СУРЕТ. Респонденттердің отбасы жағдайы бойынша үлесі, %

Сандық деректерге сәйкес респонденттердің 42,8%-ы қазақ тілін үйдегі қарым-қатынаста қолдануды жөн көреді. Респонденттердің үштен бірі (32,2%) орыс тілінде сөйлесетінін айтады. Қатысушылардың едәуір бөлігі (23,9%) үйде қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынас жасайтынын атап өтті.



6-СУРЕТ. «Сіз әдетте үйде қай тілде сөйлесесіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Алынған нәтижелерге сәйкес, сауалнамаға қатысқандардың 45,6%-ы олардың кірістері азық-түлік пен киім сияқты негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік береді деп мәлімдейді, бірақ несие сияқты қаржы құралдарына жүгінбей, үлкен тұрмыстық техниканы сатып алу қиындық тудырады.



7-СУРЕТ. «Қазіргі уақытта Сіз өз отбасыңыздың қаржылық жағдайын қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


Сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі (33,3%) қаржылық жағынан қамтамасыз етілгенін, бірақ саяхат немесе көлік сияқты қымбат сатып алулар кезінде шектеулерге тап болатынын көрсетті. Бұл ниеттерін жүзеге асыру оларға несие ресурстарын пайдалануды немесе алдын-ала қажетті қаражат жинауды талап етеді.

Респонденттердің 12,9%-ы өз жағдайларын «біз өте үнемді өмір сүреміз, күнделікті шығындарға жеткілікті, бірақ киім-кешек сатып алу қиынға соғады» деп сипаттады.

Сауалнамаға қатысқандардың ең аз үлесі (5,7%) өздерінің жақсы қамтамасыз етілгенін және көлік сатып алуға немесе қымбат демалысты ұйымдастыруға салыстырмалы түрде жеңіл мүмкіндіктері бар екенін айтады.

Айына отбасының бір мүшесінің табысы туралы сұраққа жауаптардың бөлінісін талдау үшін келесі сипаттамаларды атап өткен жөн:

- ◆ 70 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін: бұл табыс диапазоны респонденттердің ең көп үлесімен таңдалып, 30,6%-ын құрады. Бұл сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі осы кіріс санатында екенін көрсетеді.
- ◆ 100 001 теңгеден 200 000 теңгеге дейін: осы диапазонда табыс алатын респонденттердің үлесі 28,3%-ды құрады.
- ◆ 70 000 теңгеге дейін: респонденттердің 21,8%-ы айына 70 000 теңгеден аз табыс алады, бұл табыстың неғұрлым төмен деңгейін білдіреді.
- ◆ 200 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін: осы диапазонда табыс алатын респонденттердің үлесі 12,1%-ды құрады.
- ◆ 300 001 теңгеден 400 000 теңгеге дейін: респонденттердің шамамен 3,5%-ы өздерінің табысы айына 300 001 теңгеден 400 000 теңгеге дейін құрайды деп мәлімдейді.
- ◆ 400 001 және одан жоғары: осы табыс санатын респонденттердің 2,7%-ы таңдады, бұл табысы жоғары отбасылардың шағын тобының болуын көрсетеді.



8-СУРЕТ. «Сіздің отбасыңызда айына бір отбасы мүшесіне шаққанда орташа табыс мөлшері қанша?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


Тұрғылықты жері, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәртебесі, білім деңгейі бойынша ерекшеленетін түрлі этностардың сауалнамаға қатысуы жаппай сауалнаманың репрезентативтілігін арттырып, елдегі ең беделді кәсіптер туралы әртүрлі көзқарастарды және ҚР халқының «Еңбек адамы» идеологиясы туралы ақпараттану деңгейін анықтауға ықпал етті.

ХАЛЫҚТЫҢ САЛАЛАР МЕН КӘСІПТЕРГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

1.1 Қазақстандықтар арасында ең танымал және беделді кәсіптердің рейтингі

Бүгінгі таңда еңбек нарығының жағдайы қарқынды өзгеруде. Дәстүрлі кәсіптерге өзгерістер енгізіп немесе толығымен олардың орнын басып жатқан цифрландыру – осы өзгеріс факторларының бірі. Бұл жағдайда әлеуметтанулық зерттеу қазақстандық еңбек нарығындағы жағдайды бағалауға; жұмыспен қамту саясатын жоспарлауға; білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізуге, осы саладағы өзгерістерді болжауға; жұмыс пен қызметкерлерді іздеу тиімділігін жақсартуға ғана мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар респонденттердің пікірі бойынша Қазақстандағы ең танымал, жоғары ақы төленетін, беделді, стресті және пайдалы кәсіптерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтанулық зерттеу аясында Қазақстандағы ең танымал кәсіптердің рейтингі жасалды. Бірінші орында – дәрігер кәсібі (32,7%). Екінші орында – мұғалім кәсібі (32,4%). Үштікті заңгер кәсібі жабады (14,3%). Әрі қарай, ТОП-5 қатарына IT маманы (13,5%) және блогер (10,4%) кіреді¹².



9-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең танымал үш кәсіп?»
сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Сондай-ақ, жаппай сауалнама қорытындысы бойынша берілген критерийлермен кәсіптің ТОП-5 саласы анықталды.

¹² Респонденттерге елдегі ең танымал кәсіптер туралы ашық сұрақ қойылды. Деректерді өңдеу нәтижелері бойынша блогерлер халықтың белгілі бір бөлігі арасында «кәсіп» ретінде ассоциацияланатыны байқалды.

Ең танымал ТОП-5 кәсіп салалары:

1. Медицина және денсаулық сақтау (41,2%) – Түркістан (66,8%) және Алматы (61,9%), Ұлытау (52,2%) және Абай (50%) облыстарының; Шымкент қаласының (50%) респонденттері арасында.
2. Білім беру саласы және педагогика (37,9%) – Түркістан (57,6%) және Солтүстік Қазақстан (54,7%) облыстарының; Шымкент қаласының (53,7%); Алматы (49,7%), Ақтөбе (44,1%) облыстарының респонденттері арасында.
3. IT және веб-әзірлемелер (22,3%) – Алматы қаласы (38,8%); Ұлытау (34,8%) және Жетісу (31%), Атырау (30,8%); Ақтөбе (25,8%) облыстары респонденттерінің арасында.
4. Өндіріс және техникалық мамандықтар (20,7%) – Қостанай (38,1%); Ақтөбе (37,6%); Жетісу (33,8%) және Батыс Қазақстан (31,5%) облыстары респонденттері арасында.
5. Құқықтану және құқық (16,8%) – Шымкент қаласы (27,8%); Түркістан (27,7%); Абай облысы (25,8%) және Алматы қаласы (22,5%) респонденттері арасында.

Респонденттердің осы кәсіптердің танымалдығы туралы пікірлері әлеуметтік қажеттіліктермен және экономиканың даму тенденцияларымен байланысты болуы мүмкін. Яғни, медицина мен денсаулық сақтау саласының үлесі медициналық көмекке және жалпы халықтың денсаулығына күтімге деген қажеттіліктің артуына байланысты. Сондай-ақ пациенттер санының артуы және медициналық қызметтерге қажеттілік болған COVID-19 пандемиясы салдары да рөл атқарады. Білім беру саласы барлық уақыттағы танымал салалардың бірі болды, өйткені ол жас ұрпаққа білім мен дағдыларды беруді қамтамасыз етеді.




10-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы кәсіптің ең танымал үш саласы?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері бойынша елдегі ең жоғары жалақы алатын кәсіптер анықталды. Ең танымал кәсіптер секілді, рейтингінің көшбасшылары дәрігер (23,5%) және мұғалім (21,9%) кәсіптері. Көшбасшылар үштігіне депутат¹³ кәсібі кірді (14,2%). ТОП-5-ті мұнайшы (13,5%) және заңгер (12,2%) кәсіптері қорытындылады.

¹³ Ақпарат үшін: респонденттерге елдегі ең жоғары ақы төленетін мамандықтар туралы ашық сұрақ қойылды. Деректерді талдау нәтижелері бойынша халықтың белгілі бір бөлігінің арасында депутаттар «кәсіп» ретінде ассоциацияланатыны байқалды.



11-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең жоғары ақы төленетін үш кәсіп?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Әрі қарай, осы параметрлер бойынша кәсіп салалары бойынша рейтинг жасалды. **Ең жоғары жалақы алатын ТОП-5 кәсіп салалары** келесідей бөлінді:

1. Медицина және денсаулық сақтау (34,6%) – Қостанай (59,8%); Солтүстік Қазақстан (50%), Абай (50%); Түркістан (47,8%) және Шығыс Қазақстан (45,9%) облыстарының респонденттерінде.
2. Мемлекеттік қызмет және саясат (31,1%) – Ақтөбе (68,8%); Алматы (48,3%), Жетісу облыстарының (46,5%); Шымкент қаласының (44,4%) және Қарағанды облысының (40,2%) респонденттерінде.
3. Білім беру және педагогика саласы (24,5%) – Қостанай облысында (50,5%); Шымкент қаласында (37%); Атырау (36,9%); Жамбыл (34,2%); Жетісу облыстарында (32,4%).
4. Құқықтану және құқық (18,9%) – Шығыс Қазақстан облысының (32,9%); Шымкент қаласының (33,3%) және Абай облысының (30,3%) респонденттерінде.
5. Табиғи ресурстарды өндіру (17,5%) – Ұлытау (73,9%); Атырау (63,1%); Маңғыстау (37,3%); Қарағанды (30,7%) және Абай облыстарының (30,3%) респонденттерінде.

Жалпы, әр түрлі секторлардағы жалақы көлемі аймақтардың ерекшеліктеріне және олардың экономикалық белсенділігіне байланысты. Жоғарыда келтірілген мәліметтер аймақтық факторлар мен кәсіби қызығушылықтарға байланысты білім мен мансапты жоспарлауға арналған нұсқаулық бола алады. Медицина мен денсаулық сақтау танымал кәсіптер арасында көшбасшы болды, алайда осы санаттағы жауаптардың басым болуы медициналық қызметтерге деген тұрақты сұраныспен байланысты. Бұл саланы мамандар үшін тартымды етеді.

Мемлекеттік қызмет пен саясат та, респонденттердің пікірінше, жоғары ақы төленетін салалар. Бұл мемлекет осы саланың қызметкерлеріне бере алатын тұрақтылық пен әлеуметтік жеңілдіктерге байланысты болуы мүмкін. Ал «табиғи ресурстарды өндіру» нұсқасы мұнай, газ немесе минералдар сияқты табиғи ресурстарға бай және осы салада жоғары ақы төленетін жұмыс орындары жиі ұсынылатын белгілі бір аймақтарда басым.



12-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы кәсіптердің ең жоғары ақы төленетін үш саласы?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосынды 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Зерттеу нәтижелері бойынша дәрігер кәсібі (28,8%) ең беделді болып танылды. Одан кейін заңгер (21,3%) және мұғалім (20,8%) кәсіптері. IT саласындағы мамандық төртінші орында (8,4%). Бесінші орынды мемлекеттік қорғаныс және кәсіпкерлікпен байланысты мамандықтар бөлісті (әрқайсысы 8,4%-дан).




13-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең беделді үш кәсіп?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосынды 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Ең беделді ТОП-5 кәсіп салалары:

1. Медицина және денсаулық сақтау (36,3%) – Шымкент (56,5%) және Астана (49,6%) қалалары; Ақтөбе (49,5%); Алматы (46,9%); Түркістан (44%) облыстары респонденттерінің пікірі бойынша ең беделді.
2. Құқықтану және құқық (29%) – Шымкент қаласы (53,7%); Қостанай (43,3%) және Түркістан (41,3%), Абай облыстары (37,9%); Алматы қаласында (37,9%).
3. Білім беру және педагогика саласы (24,1%) – Шымкент қаласы (43,5%); СҚО (34,4%) және Астана қаласында (32,6%).
4. Мемлекеттік қызмет және саясат (19,9%) – Алматы (36,7%); Қарағанды (35,4%); Қостанай (35,1%) және Ұлытау облыстарында (30,4%).


5. Өндіріс және техникалық (16,4%) – Ақтөбе (34,4%); Қостанай (32%); Шығыс Қазақстан (31,8%) және Павлодар (31,4%) облыстарында.



14-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы кәсіптердің ең беделді үш саласы?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосынды 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Кәсіптердің беделді болуы Қазақстанның түрлі өңірлерінің мәдени, білім беру және экономикалық ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Медицина және денсаулық сақтау барлық алдыңғы санаттар бойынша жетекші сала және бұл медициналық кәсіптердің маңыздылығы мен әлеуметтік танылуын ескеретін болсақ, заңдылық ретінде сипатталады. Құқықтану және құқық азаматтардың құқықтарын қорғаудағы және заңдылықты қамтамасыз етудегі рөліне байланысты жауаптардың осындай үлесіне ие болды. Ал білім беру саласы мен педагогикалық кәсіптер сұранысқа байланысты беделді болып саналуы мүмкін. Респонденттердің пікірінше, мемлекеттік қызмет және саясат саласындағы кәсіптер де беделді кәсіптердің қатарына кіреді, себебі олар шешім қабылдауға және қоғамдық саясатты қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.



15-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең стресті үш кәсіп?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосынды 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Ең стресті ТОП-5 кәсіп салалары:

1. Білім беру және педагогика (49,6%) – басқаларымен салыстырғанда осы саладағы кәсіптердің үлесі әр өңірде жоғары екенін атап өткен жөн. Олардың ішінде пайыздық көрсеткіштері басым Шығыс Қазақстан (71,8%); Атырау

(70,8%), Жетісу облыстарын (66,2%); Шымкент қаласын (63,9%); Абай облысын (62,1%) бөліп көрсетуге болады.

2. Медицина және денсаулық сақтау (44%) – осы сала кәсіптерінің стресті ретінде үлесі Астана қаласында (65,2%); Алматы қаласында (60,4%); ШҚО-да (60%); Ұлытау (56,5%), Түркістан (55,4%); Солтүстік Қазақстан облыстарында (53,1%) басым.
3. Қауіпсіздік және құтқару қызметі (35,9%) – Қостанай (79,4%); Жетісу (63,4%) және Абай (62,1%), Қарағанды (59,8%), Ұлытау облыстарында (56,5%) жауаптар үлесі басым.
4. Көлік және жеткізу (18,2%) – Шымкент (33,3%) және Алматы (28,2%) қалаларында; Түркістан (28,3%); Алматы (26,5%); Ақтөбе (22,6%) облыстарында.
5. Өндіріс және техникалық (11,2%) – осы жауап нұсқасының үлесі Қарағанды (17,3%); Солтүстік Қазақстан (17,2%); Павлодар; Түркістан (16,3%-дан); Абай облыстарында (15,2%) басым.

Кәсіптердегі стресс деңгейі әртүрлі факторларға, соның ішінде аймақтық ерекшеліктерге және жұмысқа қойылатын талаптарға байланысты өзгеруі мүмкін.



16-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы кәсіптердің ең стресті үш саласы?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосынды 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Осы бөлімді қорытындылай келе, елдегі ең танымал, жоғары ақы төленетін, беделді және стресті кәсіптер мен салалар анықталғанын атап өткен жөн. Ең танымал кәсіптерге **дәрігер, мұғалім, заңгер, IT маманы және блогер** сияқты кәсіптер кірді. Медицина және денсаулық сақтау, білім беру және педагогика, IT және веб-әзірлеу, өндіріс және техникалық кәсіптер, құқықтану және құқық – респонденттердің пікірінше, кәсіби қызметтің ең танымал салалары. Дәрігер мен мұғалім мамандығының танымалдылығының салыстырмалы түрде жоғары деңгейі, ең алдымен, олардың азаматтардың денсаулығы мен білімін қамтамасыз етудегі маңызды рөлімен байланысты. Негізгі функциясы адамдарға көмектесу болып табылатын осы кәсіп өкілдерінің әлеуметтік маңыздылығын айта кету керек. Заңгер кәсібінің танымалдығы қазақстандық қоғамның негізгі бөлігі арасында тұрақтылықпен, табыспен және мәртебемен байланысты қалыптасқан ұстанымдарға қатысты болуы мүмкін. Бір қызығы, ең танымал кәсіптердің бестігіне IT мамандары мен блогерлер кірді. Цифрлық қоғамның жаңа факторларының танымалдылығының жоғары деңгейі қазақстандық қоғамның еңбек нарығындағы трендтермен қатар

қозғалатындығын көрсетеді. Елде цифрландыру ауқымы неғұрлым тез ұлғаятын болса, ІТ және цифрлық платформалар саласындағы кәсіптер соғұрлым танымал болады деп болжауға болады. Әсемдік қызметі мен сауықтыру, туризм және қонақ-жайлылық, сондай-ақ әлеуметтік қорғау және сақтандыру қызметтері сияқты басқа салалардың танымалдығы респонденттер арасында төмен.

Ең жоғары жалақы алатын кәсіптердің ТОП-5 рейтингісіне **дәрігер, мұғалім, депутат, мұнайшы және заңгер** кәсіптері кірді. Қазақстандықтардың дәрігер және мұғалім кәсіптерін жоғары жалақы алатындарға жатқызуы бірінші кезекте, педагогтар мен медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеру жөніндегі мемлекеттік шаралармен байланысты болуы мүмкін¹⁴. Сонымен қатар халықтың білім алу және медициналық қызметке деген сұранысының артуы мұғалімдер мен дәрігерлер негізгі және қосымша жұмыстарды біріктіре алатын жеке сектордың дамуына алып келді. Демек, бұл табыс деңгейінің өсуіне тікелей әсер етеді. Әрі қарай рейтинг бойынша депутат кәсібі бар. Халық арасында мұндай пікір негізінен БАҚ-тағы табысы туралы мерзімді жарияланған деректерге байланысты қалыптасуы мүмкін. Әсіресе, мұндай жаңалықтар 2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Парламенті Мәжілісі депутатының кезектен тыс сайлауынан кейін жиілеп кетті. Рейтингіні халық арасында «жоғары ақы төленетін» деп интерпретацияланатын кәсіптер қорытындылады.

Дәрігер, заңгер, мұғалім, ІТ маманы, мемлекеттік қорғаныспен байланысты кәсіптер және кәсіпкерлік елдегі ең беделді ретінде айқындалды. Бұл еңбектің күрделілігі мен жауапкершілігінің дәрежесімен; қазақстандық нарықта жоғары сұранысқа ие болуымен, сондай-ақ жоғарыда аталған кәсіптердің болашағымен түсіндірілуі мүмкін. Егер дәрігер, заңгер, мұғалім, мемлекеттік қорғаныспен байланысты кәсіптер еңбектің күрделілігі мен жауапкершілігіне және жоғары сұранысқа байланысты беделді болса, ал ІТ мамандары мен кәсіпкерлер көбінесе перспективасына байланысты беделге ие болады.

Мұғалім, дәрігер, өрт сөндіруші, тәрбиеші және мемлекеттік қорғаныс сияқты кәсіптер ең стресті болып айқындалды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл тізімге өнімділікке қойылатын жоғары талаптар, белгісіздік пен тәуекел, тұрақты эмоционалды жүктемелер, мезгіл-мезгіл орын алатын тұлғааралық қақтығыстар, қоғамдық сынға ұшырайтын және назар аударатын кәсіптер кіреді.

1.2 Әртүрлі сала өкілдеріне халықтың сенім деңгейі

Халықтың кәсіптерге деген сенім деңгейін қоғамның немесе адамдар тобының белгілі бір кәсіптерге, мамандықтарға және осы кәсіптердің өкілдеріне деген сенім өлшемі ретінде анықтауға болады. Яғни, сенім деңгейі белгілі бір қызмет салаларында жұмыс істейтін адамдардың құзыреттілігіне, адалдығына және беріктігіне деген сенімділік пен сенім дәрежесін тікелей көрсетеді.

Ел тұрғындарының кәсіптерге деген сенім деңгейі кәсіптердің, мамандықтардың және қызмет саласының тиімділігі мен ұзақ мерзімді табысын бағалаудағы

¹⁴ Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, 2020 жылдың қаңтарынан бастап педагогтар мен дәрігерлердің жалақысы жыл сайын 25%-ға өседі, ал 2022 жылдың қаңтарында тағы 25%-ға өсім орындалды. Демек, осы екі өсімнің нәтижесінде мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті.

маңызды фактор болып табылады және әртүрлі факторлар мен жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Мысалы,

- ◆ кәсіби бедел;
- ◆ кәсіби нормалар мен этика;
- ◆ кәсіптік оқыту және сертификаттау;
- ◆ ашықтық және айқындық;
- ◆ тәжірибе және нәтижелер;
- ◆ медиа және қоғамдық пікір;
- ◆ экономикалық және саяси тұрақтылық.

Жоғарыда аталған факторлардан басқа, сенім деңгейі халықтың мәдени, тарихи, экономикалық, әлеуметтік және аймақтық ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Мамандыққа деген сенімнің жоғары деңгейі, әдетте, қоғамның бұл кәсіпті немесе мамандықты маңызды және қажет деп санауының көрсеткіші болып табылады. Екінші жағынан, кәсіптерге немесе мамандықтарға деген сенімнің төмен деңгейі беделі немесе кәсіби этикасымен қанағаттанбауын, сондай-ақ қоғамда осы кәсіпті теріс қабылдауды көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл басқа кәсіптердің қызметі туралы халықтың ақпараттанбауы да айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Мамандықтарға деген сенім деңгейін анықтау мақсатында әлемдік компаниялар түрлі әлеуметтанулық зерттеулер жүргізеді. Осындай компаниялардың бірі – 2021 жылы Аргентина, Австралия, Бельгия, Бразилия, Канада, Чили, Қытай, Колумбия, Франция, Германия, Ұлыбритания, Венгрия, Үндістан, Италия, Жапония, Малайзия, Мексика, Нидерланды, Перу, Польша, Ресей, Сауд Арабиясы, Оңтүстік Африка, Оңтүстік Корея, Испания, Швеция, Түркия және АҚШ сияқты 28 елдің арасында зерттеу жүргізген Ipsos' Global Trustworthiness Index компаниясы¹⁵. Бұл сауалнама 2018 және 2019 жылдары да жүргізілген, сондықтан соңғы әлеуметтанулық зерттеудің қорытындылары бойынша салыстырмалы талдау жасалған. Сонымен, компания ұсынған 2021 жылғы трендтер 22 елге бағытталған сауалнаманың алдыңғы толқындарының нәтижелерін көрсетеді.

28 елде жүргізілген мәліметтерге сәйкес, дәрігерлер кәсібі ең үлкен сенімге ие, сауалнамаға қатысқандардың 64%-ы оларға сенеді. Сенімнің ең жоғары деңгейін тудыратын кәсіптердің ішінде бүкіл әлем бойынша респонденттер ғалымдарды – 61% және мұғалімдерді – 55% бөліп көрсетеді. Ең аз сенім тудыратын кәсіптер: жарнама менеджерлері (15%), министрлер (14%) және саясаткерлер (10%).

Осы әлеуметтанулық зерттеу барысында халық арасында сенім деңгейі жоғары кәсіптер анықталды:

- білім беру және педагогика – 86,1% («сенемін» (52,1%) және «сенемін деуге болады» (34,0%) нұсқаларының қосындысы). Осы саланы таңдағандардың үлесі Ақтөбе (100% – 45,2% және 54,8%); Қостанай (98,9% – 84,5% және 14,4%); Алматы (93,2% – 51,0% және 42,2%); Жетісу (92,9% – 57,7% және 35,2%) және Атырау облыстарында (92,3% – 81,5% және 10,8%) басым. Осы салаға сенетін респонденттердің жауаптарының үлесі 29–45 жас аралығындағы (88,3%) және 61 жастан асқан (85,9%), 46–60 жас аралығындағы (84,9%) респонденттер арасында басым.

¹⁵ GLOBAL TRUSTWORTHINESS INDEX 2021. – Ipsos. 2021.

18 бен 28 жас аралығындағы респонденттердің көрсеткіштері қалғандарынан сәл артта қалды.

- ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар – 84,5% (47,5% және 37,0%). Ақтөбе облысындағы барлық респонденттер (100% – 43,0% және 57,0%); Ұлытау облысы (100%) осы салалардың өкілдеріне сенеді. Қарағанды облысында (98,5% – 90,6% және 7,9%); Жетісу облысында (97,2% – 63,4% және 33,8%); Павлодар облысында (94,2% – 29,1% және 65,1%) ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтардың өкілдеріне сенім деңгейі бойынша көрсеткіштер жоғары. Маңғыстау (58,2% – 25,4% және 32,8%) және Солтүстік Қазақстан (51,6%–21,9% және 29,7%) облыстарында сенім деңгейі төмен. Бұл салаға 29–45 жас аралығындағы (86%) және 46–60 жас аралығындағы (85,5%) респонденттер көбірек сенім білдіреді. 61 жастан асқан респонденттерде (82,8%) және 18–28 жас аралығындағы респонденттерде (81,6%) салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштер.

- қызмет көрсету саласы – 84,5% (47,1% және 37,4%). Ақтөбе облысында сұралғандардың барлығы қызмет көрсету саласының өкілдеріне жоғары сенім деңгейін білдірді. Респонденттердің жоғары үлесі Атырау (96,9% – 80,0% және 16,9%); Алматы (95,9%), Ұлытау (94,6% – 57,0% және 37,6%) және Жетісу (93% – 46,5% және 46,5%) облыстарында. Қызмет көрсету саласының өкілдеріне деген сенім деңгейі 29–45 жас аралығындағы (86,3%) және 61 жастан асқан (85,1%) респонденттерде басым. Басқа жас топтарында көрсеткіштер салыстырмалы түрде төмен: 18–28 жас аралығы – 83,1%; 46–60 жас аралығы – 82,6%.

- жұмысшы кәсіптері – 84,4% (48,5% және 35,9%). Ақтөбе (100% – 44,1% және 55,9%); Қарағанды (96,9% – 89,8% және 7,1%); Алматы (95,9% – 38,1% және 57,8%), Жетісу (95,8% – 53,5% және 42,3%) және Ұлытау (95,6% – 91,3% және 4,3%) облыстарының респонденттерінде механик, машинист, электрик, сантехник, слесарь, құрылысшы сияқты жұмысшы кәсіптерінің өкілдеріне сенім деңгейі жоғары. Солтүстік Қазақстан (64,1% – 31,3% және 32,8%); Ақмола (63,2% – 32,2% және 31,0%) және Маңғыстау (44,8% – 17,9% және 26,9%) облыстарында көрсеткіштер төмен. Осы сала өкілдеріне деген сенім деңгейі 29 жастан асқан респонденттерде жоғары. Атап айтқанда, 46–60 жас аралығындағы (86,1%); 29–45 жас аралығындағы (84,6%) респонденттердің негізгі бөлігі жұмысшы саласына сенеді. 18–28 жас аралығындағы респонденттер арасында көрсеткіштер қалғандарына қарағанда төмен (81,6%).

- авиация саласы – 84,1% (46,6% және 37,5%). Өңірлік бөліністе Ақтөбе (99% – 40,9% және 58,1%); Алматы (97,3% – 54,4% және 42,9%); Түркістан (93,4% – 51,6% және 41,8%) және Қостанай (90,7% – 52,6% және 38,1%) облыстарындағы жауаптардың үлесі басым. Маңғыстау (65,7% – 22,4% және 43,3%) және Солтүстік Қазақстан (51,6% – 12,5% және 39,1%) облыстарындағы осы саланың өкілдеріне сенімнің деңгейінің көрсеткіштері төмен. Жас бөлінісінде респонденттердің көрсеткіштері 29–45 жас аралығы (86,4%) мен 18–28 жас аралығында (85,2%) жоғары. Ал 46–60 жас аралығындағы (81,5%) және 61 жастан асқан (81%) респонденттердің үлесі жас ұрпаққа қарағанда салыстырмалы түрде төмен.

- IT және бағдарламалық қамтамасыз ету – 82,7% (48,1% және 34,6%). Ақтөбе (97,9% – 39,8% және 58,1%), Атырау (95,4% – 80% және 15,4%), Түркістан (91,3% – 58,7% және 32,6%) және Алматы (90,5% – 40,8% және 49,7%) облыстарының респонденттері арасында көрсеткіштер жоғары, ал Солтүстік Қазақстан

облысында ең төмен көрсеткіш (43,8% – 9,4% және 34,4%). Жас бөлінісі бұл салаға деген сенім деңгейі жас ұлғайған сайын азаятынын көрсетті. Осылайша, IT-сала-сына және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге 18–28 жас аралығындағы респонденттердің 87,5%-ы (53,9% және 33,6%) сенеді; 86,1% (53,2% және 32,9%) – 29–45 жас аралығы; 79,8% (45,2% және 34,6%) – 46–60 жас аралығы; 73% (33,9% м 39,1%) – 61 жастан жоғары. Жастар басқа жас топтарымен салыстырғанда IT маманы кәсіптерінің сипаттамаларын жоғары бағалауға бейім болуы мүмкін. Бұл жастардың жиі ақпараттық технологиялар саласын жақсы білетіндігімен және түсі-нетіндігімен байланысты болуы мүмкін.

- ғылым және зерттеу – 80,6% (41,5% және 39,1%). Ақтөбе облысының барлық респонденттері (100% – 44,1% және 55,9%) және Жетісу (93% – 45,1% және 47,9%); Ұлытау (91,3% – 65,2% және 26,1%); Қостанай (89,7% – 63,9% және 25,8%); Қарағанды (86,6% – 70,9% және 15,7%) облыстарында сұралғандардың негізгі бөлігі ғылым және зерттеу саласының өкілдеріне сенім білдіреді. Ақмола облысында көрсеткіштер тө-мен – 60,9% (28,7% және 32,2%). Респонденттердің жас ерекшеліктері бөлінісінде 18–45 жас аралығындағы респонденттер арасында осы салаға деген сенім деңгейінің үлесі жоғары: 29–45 жас аралығы – 82,1%; 18–28 жас аралығы – 80,7%. Аға буын жауаптарының үлесі сәл артта: 61 жастан асқан респонденттердің 79,3%-ы және 46–60 жас аралығындағы респонденттердің 78,8%-ы осы саланың өкілдеріне сенеді.


Зерттеу нәтижесінде респонденттердің сенім деңгейі салыстырмалы түрде төмен кәсіптер немесе мамандықтар анықталды. Яғни, респонденттер басқалармен са-лыстырғанда төменде аталған салаларға/кәсіптерге/мамандықтарға көп сенбейді.

- ◆ **құқық және құқықтану** – респонденттердің 69,6%-ы «сенеді» («сене-мін» (36,2%) және «сенемін деуге болады» (33,4%) жауап нұсқаларының қосындысы).
- ◆ **бұқаралық ақпарат және коммуникациялар құралдары (журналист, редактор, жүргізуші, репортер)** – 67,6% (тиісінше 31,7% және 35,9%).
- ◆ **мемлекеттік қызмет және басқару** – 63,2% (тиісінше 32,0% және 31,2%).
- ◆ **маркетинг және жарнама** (маркетолог, таргетолог, SMM-менеджер, PR-маман) – 58,5% (25,6% және 32,9%).
- ◆ **әлеуметтік желілердегі блогерлер** – 43,9% (17,4% және 26,5%).

Сұралғандардың жоғарыда аталған салалар бойынша түрлі кәсіптердің өкілдеріне деген сенім деңгейін анықтау мақсатында «Егер Сізде өсіп келе жатқан балаларыңыз, немерелеріңіз болса, олардың келесі кәсіптер бойынша жұмыс істегенін қалайсыз ба, жоқ па?» сұрағы қойылды. Респонденттердің жауаптары балаларын/немерелерін көргісі келетін салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Яғни, бұл – белгілі бір кәсіптер/мамандықтар өкілдеріне деген сенім деңгейінің көрсеткіштерінің бірі. Талдау үшін «қаламаймын» және «қаламаймын деуге болады» жауаптарының қосындысы респон-денттердің құлықсыздығы ретінде жинақталды; «қалаймын» және «қалаймын деуге болады» жауаптарының қосындысы өз балаларын/немерелерін осы салаларда көр-генді қалайды деп қарастырылды. Әр мамандық/кәсіп бойынша көрсеткіштер оларға деген сенім деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен, нәтижелер келесідей бөлінді:

1. **Кәсіпкерлік қызмет (76,2%)**
2. **Денсаулық сақтау және медицина (74,9%)**



17-СУРЕТ. «Төмендегі кәсіптердің қайсысының өкілдеріне сенесіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


3. **Жобалау және құрылыс (70,8%)**
4. **IT және бағдарламалық жасақтама (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер) (70,5%)**
5. **Білім беру және педагогика (70,2%) мен экономика және қаржы (бухгалтер, экономист, қаржыгер) (70,2%)**
6. **Құқық және құқықтану (70,1%)**

Респонденттер балалары мен немерелерінің болғанын «қаламайтын» мамандықтар/кәсіптер (50%-дан жоғары «қаламаймын» деңгей бойынша):

◆ **Әлеуметтік медиа блогерлері (52,3%)**

◆ **Әлеуметтік жұмыс және қолдау қызметі (50,5%)**

Бұл салаларға деген сенімнің төмен деңгейі тұрақсыз жалақыға және олардың қызметі туралы қоғамдық пікірге, сондай-ақ әлеуметтік саладағы жұмыстың күрделілігіне, жағдайларға және кәсіби ерекшеліктерге қатысты эмоционалды жүктемеге байланысты болуы мүмкін.



18-СУРЕТ. «Егер сізде өсіп келе жатқан балаларыңыз, немерелеріңіз болса, олардың келесі кәсіптер бойынша жұмыс істегенін қалайтын едіңіз бе, жоқ па?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Осылайша, халықтың ең көп сенім деңгейін тудыратын кәсіптер/мамандықтар арасында көшбасшыларды атап өткен жөн: *білім беру және педагогика; ауыл шаруашылығы және аграрлық кәсіптер; қызмет көрсету саласы; жұмысшы кәсіптері; авиация және аэроғарыш саласы; IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; ғылым және зерттеулер*. Ал респонденттердің сенім деңгейі төмен кәсіптер/мамандықтар ретінде **құқық және құқықтану, мемлекеттік қызмет және басқару; маркетинг және жарнама (маркетолог, таргетолог, SMM-менеджер, PR-маман); әлеуметтік желілердегі блогерлер** анықталды.

Белгілі бір кәсіптердің өкілдеріне деген сенімнің төмен деңгейі кәсіп өкілдерінің өздерінен де, қоғамнан да, оның идеялары мен үміттерінен де туындайтын факторларға байланысты. Яғни, респонденттердің осы кәсіптердің өкілдерімен өзара іс-қимылда теріс тәжірибесі болуы, осы салаларға байланысты сыбайлас жемқорлық немесе моральдық құқық бұзушылықтар жағдайларының куәсі болуы мүмкін. Соның нәтижесінде наразылық пен сенім деңгейінің төмендеуі туындайды.

Теріс көзқарас медиа, қоғамдық пікір және әлеуметтік желілерде талқылау арқылы қалыптасуы мүмкін екендігін айта кету керек. Мысалы, құқық қорғау органдарының өкілдері немесе мемлекеттік қызметкерлер, блогерлер және жоғарыда аталған салалардың басқа да өкілдері туралы жағымсыз жаңалықтар олар туралы жалпы пікірге әсер етуі мүмкін. Одан бөлек, белгілі бір кәсіптер немесе қызмет салалары өкілдерінің жеке қалауы мен құндылықтары. Осылайша, қалыптасқан пікірлері немесе олармен іс-әрекеті болмаса да, осы салалардың өкілдеріне деген сенімділіктің төмен болу ықтималдығы жоғары болады. Мысалы, белгілі бір саяси сенімі бар адам мемлекеттік қызметкерлерге наразылық білдіруі мүмкін.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚТАР ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

2.1 Қазақстандағы еңбек нарығын талдау

Еңбек нарығы – бұл жұмыс күшін пайдалану және жалдау жағдайларына қатысты сатып алушылар мен сатушылар арасындағы қоғамдық және еңбек қатынастарының жиынтығы¹⁶. Басқа сөзбен, бұл жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмыс күшінің мүдделерін үйлестірудегі қоғамдық өзара әрекеттесу жүйесі болып табылатын нарықтық экономика құрылымының құрамдас бөлігі.

Еңбек нарығындағы орталық қатынастар еңбекті жалақы сияқты өмірлік маңызды ресурстарға айырбастауға негізделген өзара әрекеттерді білдіреді. Бұл қатынастар еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс механизмдерімен реттеледі және ең төменгі жалақыны, жұмыс уақыты мен басқа да маңызды параметрлерді белгілейтін мемлекеттің ықпалына ұшырайды. Қоғамдық және еңбек қатынастарының бұл жүйесін мемлекеттік және нарық деп сипаттауға болады. Оның мақсаты – жұмысшылар, жұмыс берушілер және мемлекет мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу.

Еңбек нарығындағы жағдай – бұл жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс ұсынылатын нарықтың жағдайы. Ол кез келген экономиканың капиталмен, тауарлармен және қызмет көрсету нарықтарымен тығыз байланысты маңызды құрамдас бөлігі.

Қазақстандағы еңбек нарығы саяси, экономикалық және әлеуметтік факторлардың әсерінен үнемі дамып отырады. Мәселен, 2022 жылы 15 және одан жоғары жастағы халықты жұмыспен қамту деңгейі 65,3%-ды, жалпы жұмыс күшіне қатысты 95,1%-ды құрады. Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша 2022 жылға есептелген жұмыссыздық деңгейі – 4,9%. Елдегі жұмыссыздар саны – 458,3 мың¹⁷.

Соңғы онжылдықта еңбек нарығының барлық негізгі көрсеткіштері бойынша оң динамика сақталды¹⁸. Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу деректері бойынша 2022 жылы Қазақстан экономикасының түрлі салаларында 9 млн адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 6,9 млн адам (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 76,3%-ы) жалданып жұмыс істеді, 2,1 млн адам өз өздерін жұмыспен қамтыды (экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 23,7%)¹⁹.

Әлемнің басқа елдері арасында Қазақстанның жоғары бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге бағытталған стратегия мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық дамуының барлық деңгейіндегі бірқатар маңызды міндеттерді кешенді шешуді қамтиды. Негізгі аспектілердің бірі – халықтың жұмыспен қамтылу құрылымы, ол баяу қарқынмен өзгеруде. Бұл құрылым еңбекке қабілетті халықты әртүрлі экономикалық секторлар, салалар және экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлуді қамтиды.

¹⁶ <https://corporatefinanceinstitute.com/resources/economics/labor-market/>

¹⁷ <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/6132/>

¹⁸ Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы

¹⁹ <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-inno-/publications/6132/>

Пандемия кезінде жаңа жұмыс форматтарының таралуын ескере отырып, «қашықтағы» немесе қашықтан жұмыс істейтін адамдардың статистикасын жүргізу қажеттілігі туындады. Осылайша, 2021 жылы елде қашықтан жұмыспен қамтылғандар 54 мыңға жуық адамға жетті²⁰.

Жұмыссыздардың жұмыс іздеу ұзақтығының динамикасы да қызық. Түйіндемелердің бос орындарға қатынасы бойынша hh.индекс²¹ негізінде еңбек нарығындағы бәсекелестік деңгейін бағалауға болады. 2022 жылы hh.индекс айтарлықтай өсті (1,2 коэффициентке) және 4-ті құрады²². Бұл бір бос орынға төрт адам үміткер екенін білдіреді. Еңбек нарығындағы норма бір жұмыс ұсынысына бес-алты белсенді түйіндеме. Бұл көрсеткіш өсіп келе жатқанымен, әлі де үміткерлер жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл еңбек нарығындағы тағы бір проблемаға – жұмыс іздеушілер арасында кадрлар мен қажетті біліктіліктің жетіспеушілігіне әкеледі.

Қазіргі уақытта елдегі бос жұмыс орындарының 60%-дан астамы Алматы мен Астанада шоғырланған. Бұл урбанизацияның жоғары деңгейі мен осы қалаларда ірі және орта бизнестің бас кеңселерінің шоғырлануына байланысты. Бұл өз кезегінде елдегі ішкі көші-қонды ынталандырады. hh.kz сайтындағы барлық үміткерлердің 40%-дан астамы Алматыда, 20%-ы Астанада жұмыс іздейді. Өңірлерді дамыту бойынша шаралар кешені қабылданбаса, өңірлік теңгерімсіздік проблемасы одан әрі шиеленісе береді.

Демек, еңбек нарығы күрт өзгеруде. Алдағы жылдары ол 2000 жылдан кейін туған ұрпақ есебінен өседі. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңнан астам жастар қадам басады. Қазірдің өзінде жұмыс күшінің 60%-ын миллениалдар²³ мен «Z»²⁴ ұрпақтары құрайды, ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 80%-ға жетеді. Осының барлығы жұмыспен қамту саясатын түбегейлі қайта қарауды, ең алдымен жастарды жұмыспен қамтуды көздейді.

Еңбек министрлігі ірі және орта кәсіпорындарда онлайн бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізу бойынша пилоттық жобаны іске қосты, олар электронды еңбек биржасында, оның ішінде IT саласында және «Ауыл – Ел бесігі»²⁵ жобасы аясында 20 мың бос жұмыс орнын орналастыруға міндеттенді.

Жаппай сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жалпы орта білімі бар тұрғындардың үлесі 19,4%-ды, техникалық және инженерлік мамандықтары барлар 15,8%-ды, білім және педагогика мамандары 12,9%-ды құрайды.

Сауалнамаға қатысқан әйелдер арасында ең танымал мамандық – білім және педагогика (18,2%), ерлер арасында – техникалық және инженерлік мамандықтар (27,6%).

Әйелдер мен ерлер арасындағы мамандық таңдаудағы айырмашылықтар көбінесе қоғамда қалыптасқан әлеуметтік және мәдени факторлар мен стереотиптерге байланысты.

²⁰ Еңбек ресурстарын дамыту орталығы. 2021 жылы Қазақстанның еңбек нарығы. <https://iac.enbek.kz/ru/node/1328>

²¹ Ақпарат үшін, Hh платформасы ай сайын hh.индекс есептейді, ол жарияланған түйіндемелер саны мен қолжетімді бос орындар арасындағы қатынас болып табылады.

²² <https://bluescreen.kz/news/12477/rynok-truda-v-kazakhstanie-itoghi-2022-ghoda>

²³ 1981 жылдан 1996 жылға дейін туылған адамдардың атауы

²⁴ Z буыны – бұл әлемде шамамен 1997 жылдан 2012 жылға дейін туылған адамдар буыны үшін қолданылатын термин.

²⁵ <https://primeminister.kz/ru/news/platformennaya-zanyatost-v-kazahstane-dostigaet-500-tysyach-chelovek-t-duysenova-751315>

Әйел мұғалімдердің көп бөлігі оқытушылық рөлдегі әйелдерге деген дәстүрлі үмітпен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір әйелдер кестенің икемділігі мен отбасылық өмір мен жұмысты үйлестіру мүмкіндігіне байланысты білім беру саласында жұмыс істегенді жөн көруі мүмкін.

Ер инженерлердің үлкен үлесіне келетін болсақ, мұнда техникалық сауатты және амбициялы мамандар ретінде ерлердің рөліне қатысты стереотиптер маңызды рөл атқарады. Бұл ғылым, технология, инженерия және математика саласындағы ерлердің мансап таңдауы мен қалауына әсер етуі мүмкін.

Уақыт өте келе қоғамдық пікір мен үміт өзгеретінін және қоғам біртіндеп әртүрлі жыныстар үшін мамандықтарды таңдауға қатысты инклюзивті және әртүрлі болатынын атап өту маңызды.

Бүгінде республика экономикасы өте белсенді дамып келеді. Бұл өндіріске де, фармацевтика саласына да, мұнай-газ секторына да, тұтыну тауарларына да қатысты. Әлемдегі ең ірі аграрлық елдердің бірі бола отырып, Қазақстан ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, агробизнес саласындағы мамандарға аса мұқтаж. Соңғы жылдары республика экономиканы цифрландыруға барынша мүдделі екенін көрсетті, сондықтан IT саласында бұрыннан бар тапшылық та өрши түсті. Бизнесті дамыту сату, көлік және логистика, қаржы, әкімшілік персонал, құрылыс және жылжымайтын мүлік секілді кәсіби салалардағы мамандарды қажет етеді.



19-СУРЕТ. «Сіз алған мамандығыңызды көрсетіңіз (колледжде, техникумда, институтта, университетте)?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының 2022 жылғы деректеріне сәйкес, жұмыс орындарының жартысынан көбі орташа біліктілік деңгейіне сәйкес келеді (53%), үштен бір бөлігі (29%) – бұл жоғары білікті жұмысшыларды қажет ететін жұмыс орындары, ал жұмыс орындарының 17%-ы жұмысшылардың дағдылары мен біліміне ешқандай талап қоймайды²⁶.


Сондықтан еңбек нарығының қалыптасуы еңбек ресурстарының сапалық сипаттамаларын жақсарту жағдайында жүреді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2022 жылы ең сұранысқа ие мамандықтардың үштігіне жүргізушілер (4,6 мың бос жұмыс орны), құрылыс және монтаждау

²⁶ <https://stat.gov.kz/ru/>

жұмыстарының шеберлері (1,7 мың бос жұмыс орны)²⁷ және қаптаушы-бөлшектеп өлшеуші (1,3 мың бос жұмыс орны) кірді. Күзетшілерге, тасымалдаушыларға, медицина қызметкерлеріне, тәрбиешілерге және олардың көмекшілеріне жоғары сұраныс әлі де байқалады.

Қазақстандықтар оқитын мамандықтар мен еңбек нарығындағы қажеттіліктер арасында алшақтық байқалады. Сонымен, *респонденттердің 19,4%-ының жалпы орта білімі ғана болса, қалғандарының техникалық және инженерлік білім (15,8%), педагогика және білім (12,9%), экономика және қаржы (9,8%), қызмет көрсету және коммерция (7,9%), медицина саласы (6,2%) бойынша білімі бар.*

Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдарында әлемнің үздік батыс университеттерінде білім алған мамандардың саны айтарлықтай өсті, білім беру жүйесінің жоғары сатыларынан (магистратура, докторлық, докторантурадан кейінгі бағдарламалар) өткен адамдар үлесінің артуы байқалады.



20-СУРЕТ. «Сіз қазір мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


Респонденттердің 44,2%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істейді. Мәселен, өңірлер бойынша алатын болсақ, тұрғындардың басым бөлігі Қызылорда (59,6%), Ақмола (57,1%), Маңғыстау (55,6%), Солтүстік Қазақстан (54,8%) облыстарында өз мамандығы бойынша жұмыс істейді. Ерлердің үлесі 43%, әйелдердің үлесі 45,1% болды. Олардың 47,1%-ы тіркелген некеде болса, 34%-ы ажырасқан.

Алайда, сауалнамаға қатысқандардың 52,5%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтінін айтты. Облыстар бөлінісінде: Ұлытау (87%), Жетісу (72,9%), Шығыс Қазақстан облысы (63,5%), Атырау облысы (63,2%). Оның ішінде ерлер – 53,7%, әйелдер – 51,6%.

«Жалпы сізде қандай жұмыс тәжірибеңіз бар?» сұрағына жауаптар 22-суретте көрсетілген. Нәтижелер респонденттердің 48%-ының «10 жылдан астам тәжірибесі» бар екенін көрсетті. Бұл ретте респонденттердің айтарлықтай бөлігінің (14,4%) жұмыс өтілі жоқ, респонденттердің 11,9%-ының 5 жылдан 10 жылға дейінгі, респонденттердің 10,3%-ының 1 жылдан 3 жылға дейінгі, 4,9%-ының бір жылдан аз еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан ер азаматтардың 50,2%-ында 10 жылдан астам тәжірибесі бар, 13,9%-ында еңбек өтілі жоқ, 11,9%-ында 5 жылдан 10 жылға дейін жұмыс тәжірибесі бар.


²⁷ Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі



21-СУРЕТ. «Сіз қазір мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба?» сұрағына өңірлер бөлінісінде жауаптардың бөлінуі, %

*Ескерту: Қосындысы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттердің «иә», «жоқ» нұсқаларына жауаптары есепке алынды

Сауалнамаға қатысқан әйелдердің нәтижелері ұқсас үрдістерді көрсетеді. Мәселен, 46,1%-ында 10 жылдан астам тәжірибесі бар, 14,8%-ында еңбек өтілі жоқ, 11,8%-ында 5 жылдан 10 жылға дейін жұмыс тәжірибесі бар.



22-СУРЕТ. «Жалпы сізде қандай жұмыс тәжірибеңіз бар?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Жұмысты ауыстыру әрқашан стресс тудырады. Жаңа орын, жаңа адамдар, ережелер, міндеттер, дәстүрлер, тапсырманы орындамау, жаңа ұжымға бейімделмеу, сынақ мерзімінен өтпеу қаупі. Сондықтан, күткендей, респонденттердің көпшілігі (33,9%) әлі жұмыс орнын ауыстыруға мәжбүр болған жоқ. «Бұрынғы жұмысыңызды өзгертуге не себеп болды?» деген сұраққа қалған жауаптарды бөлу келесідей:

- ◆ 24,6%-ы себеп ретінде төмен жалақыны атады, оның ішінде респонденттердің 24,7%-ы тіркелген некеде;
- ◆ респонденттердің 15,3%-ы отбасы жағдайына және денсаулығына байланысты жұмысын ауыстырды;
- ◆ респонденттердің 11,3%-ы қызмет саласын өзгертуге ынталы болған.

Зерттеу жұмыс орындарын ауыстыратын халықтың аймақтық ерекшеліктерін анықтады. Атап айтқанда, сауалнама жүргізілген Абай ауданының тұрғындары жеке жағдайларға (отбасы, денсаулық) байланысты жұмыс орындарын жиі ауыстырған (32,3%).

Астана (35,5%), Алматы (32,7%) қалаларының, Ұлытау (31,6%), Атырау (30,8%), Жетісу (30%), Шығыс Қазақстан (29,9%), Солтүстік Қазақстан (26,7%), Ақмола және Маңғыстау (23%) облыстарының тұрғындары жалақының жеткіліксіз деңгейі себепін атады. Басқа өңірлердегі респонденттер көбінесе жұмыс орнын ауыстырмаған.



23-СУРЕТ. «Бұрынғы жұмысыңызды өзгертуге не себеп болды?», сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Жұмыс берушілердің теріс көзқарасымен қатар жұмыс орнын жиі ауыстыру үміткерлер үшін де қаржылық шығынға ұшыратады. Мұндай жағдайларда нарықтық құндылықты арттыру өте қиын. Біріншіден, қызметкердің компаниядан тез кетуінен қорқатын жұмыс беруші жалақыны төмендетуі мүмкін. Екіншіден, жұмыс орнын жиі ауыстыру мансаптық өсуді және еңбек өтілі үшін жалақыны көтеруді мүмкін етпейді.

Әдетте, экономиканың күрделілігі жұмыстардың күрделілігін көрсетеді. Экономика неғұрлым күрделі болса, елімізде бәсекеге қабілетті өнім жасауға қабілетті жоғары білікті кадрларды қажет ететін сапалы жұмыс орындары да соғұрлым көп.

«Сіз қазіргі уақытта жұмыс жасайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 60,7%-ы «Иә», 39,4%-ы «Жоқ» деп жауап берді. Респонденттер арасында жұмыс істейтін ерлер үлесі 59,6%-ды, жұмыс істемейтіндердің үлесі 33,4%-ды құрайды. Әйелдер арасында сәйкесінше 55,6% және 44,4% көрсеткіштері. Жұмыс істемейтін респонденттердің ең көп санын көрсеткендер – Жетісу (72,9%), Шығыс Қазақстан (63,5%), Атырау (63,2%) облыстарының өкілдері. Халықты жұмыспен қамту құрылымы экономикалық дамудың маңызды факторларының бірі. Халықты жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістер негізінен өндіріс динамикасы мен құрылымындағы тиісті өзгерістерге байланысты.

Респонденттердің жартысынан көбі (51,4%) соңғы бес жылда ешқашан жұмыс орнын өзгерткен емес. Олардың ішінде 50,9%-ы тіркелген некеде. «Бір рет» деп 22,9%-ы жауап берсе, «екі рет» деп 14,2 %-ы жауап берді. Ұлытау облысының (90,9%), Павлодар (66,2%) және Абай (65,9%) облыстарының өкілдері жұмыс орындарын ең аз, яғни бір рет ауыстырған. Алматы (11,8%) және Қостанай (8,2%) облыстарының өкілдері жұмыс орындарын бес және одан да көп рет ауыстырған. Үштікті Жетісу облысы (5,9%) тұйықтады.




24-СУРЕТ. «Соңғы бес жылда жұмысыңызды қаншалықты жиі ауыстырдыңыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Респонденттердің едәуір бөлігі соңғы жұмысында 5 жылдан астам жұмыс істеген (47,4%). 1 жылдан 3 жылға дейін респонденттердің 19,7%-ы жұмыс істеді. Респонденттердің 14,8%-ы 3 жылдан 5 жылға дейін жұмыс істеді. Респонденттердің аз бөлігі (6,3%) 6 айдан аз жұмыс істеді.

Жалпы алғанда, әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі білім деңгейіне қарамастан, бір жұмыс орнын 5 жылдан астам сақтауға бейім. Осылайша, орта білімі (46,8%), кәсіптік білімі (52,2%) және жоғары білімі (52,5%) бар респонденттер көрсетілген кезеңде ешқашан жұмысын ауыстырмаған. Респонденттердің ішінде тұрақтылықтың ең жоғары үлесін Ұлытау (90,9%), Қарағанды (72,6%), Павлодар (66,2%), Абай облыстарының (65,9%) тұрғындары құрады, олар көрсетілген кезеңде жұмыс орнын ешқашан ауыстырмаған. Қарама-қарсы динамика, яғни бес және одан да көп рет нәтижені Алматы облысының тұрғындары (11,8%) көрсетті.


Кейбір адамдар тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндіктен бір жұмыста қалуды таңдайтынын айта кету керек. Бір компанияда ұзақ уақыт жұмыс істеу тұрақты табыс, сақтандыру, зейнетақы жинақтарын және басқа да жеңілдіктерді қамтамасыз ете алады.



25-СУРЕТ. «Соңғы жұмысыңызда қанша уақыт жұмыс істедіңіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі өз жұмысын ұнатады – 89,2% («ұнайды» (59,7%) және «ұнайды деуге болады» (29,5%) жауап нұсқаларының қосындысы). Респонденттердің 8,5%-ы қазіргі жұмысына көңілі толмайды («ұнамайды» (5,5%) және «ұнамайды деуге болады» (3,0%) жауап нұсқаларының қосындысы).

Оның ішінде ерлердің үлесі – 58,4%, әйелдердің үлесі – 61%.



26-СУРЕТ. «Айтыңызшы, сіздің қазіргі жұмысыңыз сізге ұнайды ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

«Сіздің жұмысыңыз сізге несімен ұнайды?» деген сұраққа респонденттердің көпшілігі (28,7%) «жалақы» деп жауап берді. 24,4%-ы жұмыс кестесіне қанағаттанса, 19,5%-ы қызықты жұмысқа ынталы, әріптестермен жақсы қарым-қатынас респонденттердің 13,4%-ы үшін маңызды. Үйге жақын орналасуды 6,4%-ы, басшылармен жақсы қарым-қатынасты 13,4%-ы таңдаған.

61 жастан асқан респонденттер үшін жұмыстың қызықты болуы маңызды (26,7%), ал 60 жасқа дейінгі респонденттер жалақы деңгейін бірінші орынға қоя алады: 18-ден 28 жасқа дейін (27,5%), 29-дан 45 жасқа дейін (30,8%), 46 жастан 60 жасқа дейін (27,4%).



27-СУРЕТ. «Сіздің жұмысыңыз сізге несімен ұнайды?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, елдің өркендеуіне келесі салалардың өкілдері үлкен үлес қосады: бірдей көрсеткіште денсаулық сақтау және білім беру (әрқайсысы 29,4%-дан). Ұлт денсаулығы – ел дамуының негізгі аспектілерінің бірі. Медицина қызметкерлері сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге және халықтың денсаулығын жақсартуға күш салуда, сонымен бірге білім беру дамудың негізгі факторы. Оқытушылар мен ғалымдар оқушылардың білімі мен дағдыларын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар қоғам мен экономиканың дамуы үшін маңызды болуы мүмкін ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Екінші орында IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (25,4%), Әрі қарай ғылым және зерттеу (22,1%), ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (17,3%), мемлекеттік қызмет (19,9%) пен жұмысшы мамандықтар (14,9%).


Ең «пайдалы» мамандықтарды анықтау кезінде жыныс пен жас айырмашылықтары іс жүзінде байқалмады десе де болады. Барлық респондент бір ойда болды.

Әлеуметтанулық зерттеу қорытындысы бойынша өңірлер бөлінісінде елдің өркендеуіне барынша үлес қосатын ТОП-3 саланың рейтингісі жасалды.

- ◆ **Абай облысы:** Білім және педагогика (40,9%), ғылым және зерттеулер (25,8%), денсаулық сақтау және медицина (24,2%), мемлекеттік қызмет және басқару (24,2%).
- ◆ **Ақмола облысы:** Мемлекеттік қызмет және басқару (21,8%), кәсіпкерлік қызмет (17,2%), өнер және шығармашылық мамандықтар (14,9%), денсаулық сақтау және медицина (14,9%).
- ◆ **Ақтөбе облысы:** IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (54,8%), ғылым және зерттеулер (36,6%), денсаулық сақтау және медицина (33,3%).
- ◆ **Алматы облысы:** Денсаулық сақтау және медицина (38,1%), IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (29,9%), білім беру және педагогика (25,9%).
- ◆ **Атырау облысы:** Білім және педагогика (53,8%), IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (43,1%), денсаулық сақтау және медицина (36,9%).

- ◆ **Батыс Қазақстан облысы:** Білім және педагогика (31,5%), IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (24,7%), денсаулық сақтау және медицина (20,5%).
- ◆ **Жамбыл облысы:** Денсаулық сақтау және медицина (35,9%), IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (34,2%), білім беру және педагогика (30,8%).
- ◆ **Жетісу облысы:** Білім және педагогика (46,5%), денсаулық сақтау және медицина (36,6%), ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (26,8%).
- ◆ **Қарағанды облысы:** Жұмысшы мамандықтары (44,1%), жобалау және құрылыс (30,7%), ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (30,7%).
- ◆ **Қостанай облысы:** Спорт және фитнес жаттықтырушысы (42,3%), өнер және шығармашылық мамандықтар (36,1%), ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (27,8%).
- ◆ **Қызылорда облысы:** Білім және педагогика (29,5%), ғылым және зерттеулер (28,2%), мемлекеттік қызмет және басқару (23,1%).
- ◆ **Маңғыстау облысы:** Ғылым және зерттеулер (29,9%), өнер және шығармашылық мамандықтар (17,9%), әлеуметтік желілердегі блогерлер (17,9%).
- ◆ **Павлодар облысы:** Білім және педагогика (32,6%), ғылым және зерттеулер (25,6%), мемлекеттік қызмет және басқару (24,4%).
- ◆ **Солтүстік Қазақстан облысы:** Денсаулық сақтау және медицина (35,9%), білім және педагогика (21,9%), өнер және шығармашылық мамандықтар (20,3%).
- ◆ **Түркістан облысы:** Мемлекеттік қызмет және басқару (30,4%), IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (29,9%), білім беру және педагогика (25,5%).
- ◆ **Ұлытау облысы:** IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (34,8%), білім және педагогика (34,8%), жұмысшы кәсіптері (26,1%), ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (26,1%).
- ◆ **Шығыс Қазақстан облысы:** Денсаулық сақтау және медицина (41,2%), ғылым және зерттеулер (34,1%), білім және педагогика (29,4%).
- ◆ **Астана қ.:** Білім және педагогика (27,4%), денсаулық сақтау және медицина (27,4%), мемлекеттік қызмет және басқару (24,4%).
- ◆ **Алматы қ.:** Білім және педагогика (39,2%), денсаулық сақтау және медицина (34,4%), IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (32,6%).
- ◆ **Шымкент қ.:** IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (51,9%), денсаулық сақтау және медицина (37%), білім беру және педагогика (36,1%).

Әр мамандық елдің дамуына өзіндік ерекше үлес қосады және олардың барлығы бір-бірімен байланысты екенін айта кету керек. Ел дамуының жетістігі барлық қызмет салаларының кешенді, теңгерімді дамуына және әртүрлі салалардағы адамдардың кәсібилігіне байланысты.



28-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша қай саланың өкілдері елдің өркендеуіне көбірек үлес қосады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

«Біздің елімізде ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің қандай бағыты өзекті деп ойлайсыз?» деген сұраққа респонденттердің көпшілігі осы салалардағы келесі мамандықтарды атап өтті: фермерлер мен аграрлық мамандар (45,2%), ауыл шаруашылығы мен агробизнестегі кәсіпкерлер (35,6%), ветеринарлар мен мал өсірушілер (34,7%), агрономдар мен селекционерлер (25%). Бағбандар мен бақшашылар, техниктер мен инженерлер бірдей таңдалды (23,8%), тамақ өнеркәсібінің қызметкерлерін сауалнамаға қатысқандардың 23,4%-ы атап өтті.

Қазақстанда мал шаруашылығын дамытудың үлкен әлеуеті бар. Кәсіпкерлер мал, құс немесе балық өсірумен айналыса алады, сондай-ақ жоғары сапалы ет, сүт және балық өнімдерін өңдеуді және өндіруді жүзеге асыра алады. Бұл ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және экспорттауға мүмкіндіктер ашады.

Алайда, жұмыс берушілердің талаптары мен халық арасында мамандық таңдау арасында алшақтық бар. Мысалы, сауалнамаға қатысқандардың 19,4%-ында тек жалпы орта білім болса, қалғандары: техникалық және инженерлік білім (15,8%), педагогика және білім (12,9%), экономика және қаржы (9,8%), қызмет көрсету және коммерция (7,9%), медицина саласы (6,2%). Жалпы, деректер сауалнамаға қатысқандардың білімі мен дағдыларының кең ауқымын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі мамандық бойынша жұмыс істемейтінін көрсетті (52,5%). Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ішінде Ұлытау, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстары тұрғындарының көпшілігі өз білімінен басқа салада жұмыс істеуді жөн көрді. Бұл осы аймақтардағы жұмыс күшінің белсенділігі мен икемділігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл бірнеше себептерге байланысты болуы мүмкін. Біріншіден, мамандығы бойынша бос орындардың болмауы. Екіншіден, мамандық бойынша жұмысқа бәсекелестіктің жоғары деңгейі. Үшіншіден, мамандығы бойынша емес жұмысымен салыстырғанда табыс деңгейі салыстырмалы түрде төмен.

Қазақстанда респонденттердің едәуір бөлігі өз мамандығынан тыс жұмыс істейді және бұл құбылыс елдің әртүрлі аймақтарында жиі кездеседі деген қорытынды жасауға болады. Өз мамандығы бойынша жұмыс істейтіндер арасындағы ерлер мен әйелдердің арақатынасы шамамен бірдей, ал сауалнамаға қатысқандар арасында ресми неке мен ажырасу деңгейі де жоғары.

Сауалнамаға сәйкес, респонденттердің көпшілігі (28,7%) олардың жұмысының ең маңызды аспектісі жалақы деп санайды. Бұл адамдар үшін қаржылық сыйақы еңбек қызметінің негізгі мотиві екенін көрсетеді. Жұмыстың екінші маңызды аспектісі – сауалнамаға қатысқандардың 24,4%-ы қанағаттанған жұмыс кестесі. Бұл икемді кесте немесе белгілі бір бос күндер оларға уақытты ыңғайлы ұйымдастыруға және жұмысты басқа мүдделермен немесе міндеттермен үйлестіруге мүмкіндік беретінін білдіруі мүмкін.

Соңғы 5 жылда респонденттердің 51,4%-ы тұрақты жұмыс орнын өзгертпеді, бір рет 22,9%-ы, екі рет 14,2%-ы өзгертті.

Ең аз, яғни Ұлытау (90,9%), Павлодар (66,2%) және Абай (65,9%) облыстарының өкілдері жұмысты бір рет қана өзгертті.

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтар арасында жұмыс орнын ауыстырудың жиі кездесетін себептері жалақының жеткіліксіздігі (24,6%), жеке жағдайлары (15,3%), мансаптық мүмкіндіктерді жақсартуға (11,8%) және қызмет саласын өзгертуге ұмтылу (11,5%) болды.

Респонденттердің көпшілігі (47,4%-ы) соңғы жұмысында 5 жылдан астам жұмыс істеді, бұл олардың еңбек қатынастарының тұрақтылығы мен ұзақ мерзімділігін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі (19,7%-ы) алдыңғы жұмыс орнында 1 жылдан 3 жылға дейін жұмыс істеді. Бұл кейбір жұмысшылардың салыстырмалы түрде қысқа жұмыс кезеңінен кейін жұмыс орнын ауыстыруды және жаңа мүмкіндіктер іздеуді таңдайтынын көрсетуі мүмкін. Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 14,8%-ы соңғы орында 3–5 жыл жұмыс істеді. Бұл кейбір жұмысшылардың орташа мерзімде бір жұмыс орнында қалуды қалайтынын көрсетуі мүмкін еңбек жағдайының тұрақтылығына немесе мансаптық даму мүмкіндігіне байланысты деуге болады. Респонденттердің аз үлесі (6,3%-ы) соңғы жұмыс орнында 6 айдан аз жұмыс істеді. Сауалнамаға қатысқандар үшін бұл уақытша

жұмыс орны болды немесе жұмысшылар жұмыстан ерте кетуге әкелетін кейбір мәселелерге немесе наразылықтарға тап болды деп болжауға болады.

Осы мәліметтерге сүйене отырып, респонденттердің көпшілігі еңбек қатынастарында белгілі бір тұрақтылыққа ие, бірақ қысқа уақыт аралығында жұмысты ауыстыруды қалайтын жұмысшылардың айтарлықтай үлесі бар.

Жалпы, Қазақстанның еңбек нарығын талдау кейбір оң үрдістерді көрсетеді, сонымен қатар одан әрі жақсартуды талап ететін проблемалық салаларды да анықтайды.

Негізгі оң үрдістердің бірі – жұмыспен қамтуды ұлғайту және елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету²⁸. Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бағдарламаларды белсенді жүргізуде, бұл еңбек нарығындағы жағдайды жақсартуға ықпал етеді²⁹.

Алайда Қазақстанның еңбек нарығының толық дамуына кедергі келтіретін проблемалар да бар. Олардың бірі – жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі, әсіресе ақпараттық технологиялар мен инженерлік салаларда. Бұл шетелдік инвестицияларды тартуды және экономиканың жоғары технологиялық секторын дамытуды қиындатады.

Қазақстан 2018 жылғы 34,2%-дан 2021 жылы 21,7%-ға дейінгі алшақтықты қысқартып, еңбекақы төлеудегі гендерлік теңсіздікті жоюда ілгерілеушілік көрсетті. Алайда, 2022 жылы бұл алшақтық қайтадан 25,2%-ға дейін өсті, бұл мәселені шешу үшін қосымша шаралар қабылдау қажеттілігін көрсетеді³⁰. Ұлттық бюроның 2022 жылғы статистикасына сәйкес, сирек жағдайларды қоспағанда, барлық дерлік экономика салаларында және кәсіптерде ерлерге қарағанда әйелдер аз жалақы алады³¹.

Сондықтан жалақы мен жұмысқа қолжетімділік теңсіздігі мәселесі бар.

Әйелдер мен жастар, әсіресе табысы төмен отбасылар мен ауылдық жерлерден шыққан адамдар жұмыс іздеуде және лайықты жалақы алуда қиындықтарға тап болады. Үкімет еңбек нарығындағы әділеттілік пен инклюзивтілік мәселелеріне көбірек көңіл бөлуі керек.

Жалпы, Қазақстанның еңбек нарығы соңғы жылдары оң үрдістерді көрсетті, бірақ әлі де жақсартуды қажет ететін кейбір аспектілер бар. Жұмыс орындарын құру, мамандарды даярлау және білім беру бойынша одан әрі бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ еңбек нарығында қолжетімділік пен әділдікті арттыру оң үрдістерді нығайтуға және Қазақстан экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз етуге көмектеседі.

2.2 Қазақстандықтардың кәсіподақтар қызметін бағалауы

Кәсіподақ – бұл ерікті негізде, ел азаматтарының еңбек және кәсіби қызметі саласындағы мүдделер қауымдастығының негізінде құрылатын шектеулі сандық құрамы бар ұйым. Мұндай бірлестіктердің негізгі мақсаты – өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау³².

²⁸ <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/6129>

²⁹ <https://primeminister.kz/ru/news/v-ramkah-nacproekta-po-razvitiyu-predprinimatelstva-v-2022-godu-planiruetsya-sozdat-175-tys-novyh-rabochih-mest-278267>

³⁰ <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/blog/ustranenie-gendernogo-neravenstva-v-oplate-truda-bolee-podrobnyy-vzglyad-na-problemu>

³¹ https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=18&slug=-14&cat_id=7&lang=ru

³² <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/279591?lang=ru>


Қазіргі уақытта Қазақстанда үш республикалық кәсіподақ бірлестігі жұмыс істейді: Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы, Қазақстан Еңбек конфедерациясы және «Аманат» кәсіподақтар достастығы. Кәсіподақтар Федерациясына 21 салалық кәсіподақ, 16 аумақтық кәсіподақ бірлестігі және 18 мыңнан астам бастауыш ұйым кіреді. Қазақстандық Еңбек конфедерациясы 15 мүшелік ұйымнан, оның ішінде 11 салалық кәсіподақтан тұрады. 2017 жылғы 28 ақпанда құрылған «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар достастығы 5 салалық кәсіподақтан тұрады³³.

Бұл кәсіподақтардың әрқайсысының өзіндік құрылымы, көшбасшылығы бар және жұмысшылардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін қорғау үшін жұмыс істейді. Қазақстандағы кәсіподақтар еңбек жағдайларын жақсарту, әділ жалақы үшін күрес, әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыс күшін оқыту және кәсіби дамыту, сондай-ақ үкіметпен және жұмыс берушілермен әлеуметтік-экономикалық диалогқа қатысу сияқты түрлі аспектілермен айналысады.

Дегенмен, жұмыспен қамтудың жаңа түрлерінің пайда болуы еңбек нарығының жаңа жағдайларына бейімделу және жұмысшылардың мүдделерін қорғау үшін кәсіподақтардың қызметін жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты халықтың кәсіподақ қызметіне қатынасын зерттеудің маңызы зор.

Зерттеу барысында респонденттерге кәсіподақтардың болуы мен жұмыс істеуіне қатысты сұрақ қойылды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің көпшілігі (60,3%) өз ұйымдарында «кәсіподақтар жоқ» деп жауап берді, ал үштен бірінен азы (28,6%³⁴) өз ұйымдарында «кәсіподақтар жұмыс істейді және жұмысшылардың құқықтарын қорғайды» деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың 8,9%³⁵-ы «кәсіподақтар өз міндеттерін орындамайды» деп мәлімдейді. Респонденттердің аз бөлігіне (2,2%) бұл сұраққа жауап беру қиынға соқты.

Сонымен, респонденттердің едәуір бөлігінде кәсіподақтардың болмауы іріктелі жиынтықты кәсіподақтар өкілдіктің ең аз үлесі бар салаларда жұмыс істейтін адамдар құрайтындығына байланысты болуы мүмкін. Тағы бір себеп респонденттердің өз ұйымындағы кәсіподақтардың жұмыс істеуі туралы хабардар болмауы, өйткені көптеген ұйымдарда бұл орган декларативті сипатта болады. Бұл кәсіподақтар қызметіндегі ішкі жүйелік проблема.



29-СУРЕТ. «Сіздің ұйымыңызда (мекемеде, компанияда) кәсіподақ бар ма, жоқ па? Егер бар болса, онда кәсіподақ жұмысшылардың құқықтарын қорғайды ма, әлде жоқ па?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


³³ М.Хасенов. Профсоюзы в Казахстане: проблемы и возможности.

³⁴ «Иә, қорғайды» және «қорғайды деуге болады» жауаптарының қосындысы

³⁵ «Жоқ, қорғамайды» және «қорғамайды деуге болады» жауаптарының қосындысы


Кәсіподақтар – еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз етудің және жұмыс орнындағы жұмысшылардың мүдделерін қорғаудың маңызды құралы. Олар жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мүдделері арасындағы тепе-теңдікті орнатуда шешуші рөл атқарады және еңбек стандарттары мен жағдайларын жақсарты алады. Жұмыс орнында құқық бұзушылықтар туындаған кезде кәсіподақтардың рөлі ерекше маңызды болады.

Сандық деректерді талдау сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (57,1%-ы) жұмыс орнындағы құқықтарды бұзу жағдайларына тап болмағанын көрсетеді. 22,4%-ы осындай жағдайларға тап болды және кәсіподақтардың көмегіне жүгінді. Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам (19,9%) құқық бұзушылық жағдайларымен кездесті, бірақ кәсіподаққа жүгінбеді. Тек 0,6%-ы осы сұраққа жауап беруден бас тартты. Бұл сұраққа ұйымда кәсіподақтар жұмыс істейтін респонденттер жауап бергенін айта кету керек. Бұл ретте жұмыс орнында жағдайларға тап болған, бірақ кәсіподақтардың көмегіне жүгінбеген респонденттердің үлесі бөлінеді. Бұл жұмыс процесін реттеу және жұмысшылардың мүдделерін қорғау функциясын орындайтын органдар ретінде кәсіподақтарға деген сенімнің төмен деңгейін көрсетеді.



30-СУРЕТ. «Сіздің құқықтарыңыз бұзылған жағдайлар болды ма және Сіз кәсіподаққа жүгіндіңіз бе?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Зерттеу барысында сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (55,8%-ы) өз ұйымдарында бар кәсіподақтардың құрамына кірмейтіні анықталды. Сонымен бірге, респонденттердің 44,2%-ы өз ұйымының кәсіподақ мүшелері.




31-СУРЕТ. «Сіз өзіңіздің компанияңыздың/мекемеңіздің кәсіподақ мүшесісіз бе?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Зерттеу нәтижелері бойынша ұйымдарында кәсіподақтар жұмыс істейтін респонденттердің жартысынан көбі (55,2%³⁶) олардың қызметіне оң баға береді.


³⁶ «Оң» және «оң деуге болады» жауаптарының қосындысы

Сауалнамаға қатысқан әрбір төртінші адам (25,5%) кәсіподақ қызметін бейтарап бағалайды. Сауалнамаға қатысқандардың оннан бір бөлігінен сәл астамы (11,5%³⁷) қанағаттанарлықсыз баға береді. 7,8%-ына сұраққа жауап беру қиынға соқты.



32-СУРЕТ. «Сіздің компанияңыздың кәсіподақ қызметін қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Алынған нәтижелер бойынша Қазақстан кәсіподақтарының қызметіндегі өзекті мәселелердің тізімі жасалды. Сонымен, респонденттердің пікірінше, кәсіподақтар жұмысындағы ең өзекті мәселелер – «Түрлі бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыруға қаржылық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі» (25,2%), «Кәсіподақ мүшелерінің жұмысшыларды қорғаудағы белсенділігі мен қатысуының төмендігі» (24%), «Білікті кадрлардың жетіспеушілігі» (21,5%), «Қызметкерлер тарапынан сенімсіздік» (16,1%). Бір қызығы, респонденттердің 15,5%-ы Қазақстандағы кәсіподақтардың қызметіндегі проблемалар туралы ештеңе білмейді, респонденттердің 16%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналған. Респонденттердің жауаптарының толық тізімі 33-суретте келтірілген.



33-СУРЕТ. «Қазақстан кәсіподақтарының қызметтерінде қандай проблемаларды көріп отырсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

³⁷ «Теріс» және «теріс деуге болады» жауаптарының қосындысы

Осылайша, зерттеу нәтижелері бүгінгі күні кәсіподақтардың барлық қызмет салаларында өкілдік етпейтінін көрсетті, өйткені респонденттердің айтарлықтай бөлігі олардың ұйымында кәсіподақтар жоқ екенін атап өтті. Тағы бір себеп, кәсіподақтардың қызметі туралы қоғамда хабардарлықтың төмендігі болуы мүмкін. Осыған байланысты қазақстандықтарда өз ұйымдарында кәсіподақтардың жұмыс істеуі туралы ақпараттың болмауы әбден қисынды сияқты. Қазақстандықтардың үштен бірінен азы «кәсіподақтар өз ұйымында жұмыс істейді және жұмысшылардың құқықтарын қорғайды» деп санайды және әрбір оныншы респондент кәсіподақтардың қызметіне көңілі толмайтынын білдіреді, өйткені олардың пікірінше, кәсіподақтар өздерінің тікелей міндеттерін орындамайды.

Зерттеу нәтижелері жұмыс істейтін адамдардың көпшілігінің жұмыс орнында құқықтарының бұзылуына байланысты проблемаларға тап болмайтынын көрсетеді. Алайда мұндай жағдайларға тап болғандардың аз бөлігі кәсіподақтардың көмегіне жүгінеді. Респонденттердің шағын бөлігі құқық бұзушылық жағдайларына тап болған, бірақ кәсіподақтарға жүгінбеген. Бәлкім, қазақстандықтардың бұл тобының кәсіподақтарға деген сенімі төмен болуынан, әлде бұл олардың бұрын кәсіподақтармен байланысудың жағымсыз тәжірибесінен болуы да мүмкін.

Деректерді талдау ұйымдарында кәсіподақтар қызмет ететін қазақстандықтардың өкілдігі шамамен тең екенін көрсетті. Яғни, жартысынан көбі кірмейді, ал екінші бөлігі кіреді.

Жалпы, ұйымдарында кәсіподақтары бар қазақстандықтардың жартысынан көбі олардың қызметіне оң көзқараспен қарайды және оң бағасын береді. Бәлкім, олардың пікірінше, кәсіподақтар өздерінің негізгі функциясын, яғни жұмыс берушімен қарым-қатынаста өз мүдделерін білдіру, сондай-ақ еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды толықтай атқаратын шығар. Әрбір төртінші респондент кәсіподақтардың қызметін бейтарап бағалайды. Мұны бұл топ өкілдерінің кәсіподақтарға жүгінуге тура келмегенімен түсіндірсе керек. Респонденттердің оннан бір бөлігінен сәл астамы қанағаттанарлықсыз баға береді. Жоғарыда айтылғандай, бұл олардың кәсіподақтармен теріс тәжірибесіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен бірге бұл топ өкілдері өз ұйымындағы кәсіподақтардың қызметіне көңілі толмауы мүмкін.

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан кәсіподақтарының қызметіндегі өзекті мәселелердің рейтингісі жасалды. Бірінші орында түрлі бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыруға қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігіне байланысты мәселе тұр. Екінші орында – кәсіподақ мүшелерінің жұмысшыларды қорғаудағы белсенділігі мен қатысуының төмендігі мәселесі. ТОП-3 білікті кадрлардың жетіспеушілігімен жабылады. Келесі кезекте – қызметкерлер тарапынан осы ұйымға сенімсіздікпен байланысты мәселе. Бұл ретте рейтингідегі алшақтық шамалы. Бұл кәсіподақтардың қызметіндегі аталған проблемалардың бірдей өзекті екенін дәлелдейді. Осыған байланысты, егер кешенді тәсіл қолданылса, жоғарыда аталған проблемаларды жою мүмкін болатынын атап өткен жөн.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «ЕҢБЕК АДАМЫ» ИДЕОЛОГИЯСЫНА ЖӘНЕ ФРИЛАНСЕРЛЕР, БЛОГЕРЛЕРГЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

3.1 «Еңбек адамы» идеологиясы: тұрғындардың ақпараттануы мен қабылдауы

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығын жүзеге асыру аясында Үкімет Қаулысымен «Қоғамда еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілету бойынша 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітілді. Жоспар бойынша алда тұрған міндеттер: адамның мақсатты да маңызды әрекеті еңбекті бұқаралық ақпарат құралдарында, жалпы мәдениетте насихаттау; танымал форматтарда (YouTube, TikTok және т.б.) еңбек адамы мен еңбекті құндылық ретінде ілгерілетудің медиа-контентін құру; мектепалды балаларында, мектеп балаларында еңбек мәдениетін қалыптастыру; ЖОО мен ТжКБ студенттерінде еңбек құзыреттіліктерін дамыту; қоғамдық кеңістіктерде (саяжайлар, сауда-көңіл көтеру орталықтары, аялдамалар т.б) еңбек адамын танымал ету; «Байлық – еңбектің нәтижесі», «Еңбек – еркіндік» және тағы да басқа хабар-ақпараттарды ілгерілету; Life long learning (өмір бойы оқу) негізгі қағидаттарын ілгерілету; еңбеккер бейнесін, қарапайым адамдардың дене еңбегін танымал ету үшін шығармашылық ресурстарды тарту; жұмысшы мамандықтарды танымал ету, медиа ресурстар арқылы оларға жоғары құндылықтар беру³⁸.

Тәуелді болушылықпен, жұмыссыздықтың өсуімен және белсенді әрекетке (NEET) тартылмаған жастар санының өсуіне байланысты мәселелердің өзектілігі артуын ескерсек, бұл бағытта мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыру маңызды. Осыған байланысты тұрғындардың ақпараттану деңгейі мен олардың еңбек адамы идеологиясына қатынасын зерттеу мәселесі де өзекті бола түседі.


Сауал нәтижелері көрсеткендей, тұрғындардың «Еңбек адамы» идеологиясы туралы ақпараттану деңгейі айтарлықтай төмен. Респонденттердің басым бөлігі (67,2%-ы) бұл туралы ештеңе білмейді, ештеңе естімеген; әрбір бесінші респондент (20,2%) әйтеуір бірдеңе естігенін жеткізсе, сұралғандардың 6,9%-ы бұл идеологияны біледі. Сауалға қатысушылардың тек 4,6%-ы ғана «Еңбек адамы» идеологиясын жақсы білетіндіктерін сеніммен айтты. Сұралғандардың 1,1%-ы бұл сұраққа жауап беру қиын екенін білдірді. Жас топтары бойынша идеология жөнінде ақпараттанудың барынша төмен деңгейі 29 бен 45 жас арасындағыларда байқалды. Осы жас тобы сұралғандарының 35,7%-ы бұл туралы ештеңе білмейді, ештеңе естімеген.

Тұрғындардың еңбек адамы идеологиясы туралы ақпараттану деңгейінің төмен болуы бірнеше факторлармен негізделуі ықтимал. Бірінші кезекте, бұл ілгерілету идеологиясының салыстырмалы түрде жақында ғана басталуымен, яғни, қазақстандық қоғам үшін бұл идеологияның жаңашыл болуына қатысты.

³⁸ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200001004>

Сонымен бірге бұл мемлекеттік органдардың еңбек адамы бейнесін танымал етуге қатысты кешенді жоспарды іске асыру аясындағы шараларын түсіндірудегі әлеуметтік желілер мен БАҚ рөлінің жеткіліксіз болуымен де байланысты.

Аймақтық тұрғыдан сауалға қатысқан Ақтөбе (89,2%), Қарағанды (89%) облыстары мен Алматы қаласы (89%) тұрғындарының, Жетісу (88,7%), Ақмола (85,1%) облыстары және Астана қаласы (83,7%) тұрғындарының бұл идеология жөнінде ақпараттану деңгейі төмен. Тұрғындардың салыстырмалы түрде жоғары ақпараттану деңгейі Маңғыстау облысында (56,7%³⁹) байқалды. Бұл Маңғыстау облысы тұрғындарының күн тәртібін жіті қадағалап, қазақ қоғамындағы саяси жаңалықтарға басқаларға қарағанда көбірек қызығатындығымен түсіндірілсе керек.



34-СУРЕТ. «Айтыңызшы, сіз «Еңбек адамы» идеологиясы туралы естідіңіз бе?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Зерттеу барысында «Еңбек адамы» идеологиясы туралы хабардар респонденттерге олар бұл идеологияны қалай түсінетіндіктеріне қатысты сұрақ қойылды. Респонденттер жауабы 3 үлкен топқа бөлінді. Үштен бірі (32,1%) бұл қоғам игілігі үшін жұмыс істейтін адам, сонымен бірге материалдық жайлылық та ол үшін құнды болып табылады деп санайды. Үштен бірінен сәл аз (28,8%) респонденттер «Еңбек адамы» дегенді тек қоғам игілігі үшін жұмыс істейді, ал материалдық жайлылық ол үшін мүлдем маңызды емес деп түсінеді. Респонденттердің 27,1%-ы бұл адам үшін еңбек тек материалдық игілік алу амалы ғана емес, сонымен қатар өз-өзін жүзеге асыру, рухани құндылықтарды нығайту тәсілі деп санайды. 8,5%-ы үшін бұл өз еңбегінен табыс алатын адам, ал қалғандары ол үшін маңызды емес. Тек 0,2%-ы ғана оны халық көмекшісі ретінде көреді. Сұралғандардың аз бөлігі (3,4%-ы) сұраққа жауап беру қиын екенін білдірді.


Деректерге жасалған талдау бүгінгі күні қазақстандық қоғамда еңбек адамы ұғымының бір ортақ түсінігі қалыптаспағанын көрсетті. Бұны ол идеологияның жаңалығымен және осы терминнің елдің ақпараттық алаңында жуықта ғана пайда болғандығымен түсіндіруге болады.

³⁹ «Иә, бірдеңе естідім», «Жақсы білемін» және «Білемін» жауаптарының қосындысы



35-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, «Еңбек адамы» деген кім?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

«Еңбек адамы» идеологиясы туралы хабардар тұрғындардың басым көпшілігі (83,1%-ы⁴⁰), оның қазіргі кезде өзекті екенін атады. Ал әрбір оныншы респондент (12,5%⁴¹) қарама-қарсы пікірде. Сұралғандардың 4,4%-ы сұраққа жауап беру қиын екенін білдірді. Бұл алдымен, негізі назар еңбек құндылығы мәселелеріне бөлінетін жалпы еңбек идеологиясының көпшілікте позитивті құбылыс ретінде қабылдауына байланысты болар.



36-СУРЕТ. «Еңбек адамы» идеологиясы біздің заманымызда өзекті деп ойлайсыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


«Еңбек адамы» идеологиясына респонденттердің абсолютті көпшілігі (74,7%) «оң» немесе «оң деуге болады» (33,3%) деп жауап берді. Сауалға қатысушылардың әрбір бесіншісі (19,8%-ы) бейтарап көзқараста. Бұл идеологияны теріс қабылдаушылар жауабы тек 2,3%-ы⁴² болды. Басқа факторлар жауаптардың бөлінуіне айтарлықтай ықпал еткен жоқ. 3,2%-ы сұраққа жауап беру қиын екенін білдірді.

⁴⁰ «Иә» және «Иә деуге болады» жауаптарының қосындысы

⁴¹ «Жоқ деуге болады» және «Жоқ» жауаптарының қосындысы


⁴² «теріс деуге болады» және «теріс» жауаптарының қосындысы

Зерттеу нәтижелері қазақстандықтардың қоғамдық санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің тиімді құралы ретінде еңбек адамы идеологиясын ілгерілетуге сұраныс бар екендігін көрсетті. Сонымен бірге қазақстандықтар еңбек мәртебесі мен құндылығын көтерудің маңыздылығын түсініп отыр.



37-СУРЕТ. «Еңбек адамы» идеологиясына қалай қарайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Респонденттер одан әрі «Еңбек адамы» идеологиясының пайдасы туралы сауалға жауап берді. Респонденттердің едәуір бөлігі (85,5%-ы⁴³) оны пайдалы деп санайды. Аз ғана бөлігі (8,9%-ы⁴⁴) тура қарама-қарсы пікірде. 5,6%-ы сұраққа жауап беру қиын екенін білдірді. Бұл көрсеткіштер ақыл-ой және дене күш-қайратын қажет ететін түрлі мамандықтардың маңыздылығы, қажеттілігі өзгеруімен негізделуі мүмкін. Оның нәтижесінде белгілі бір мамандықтар қазақстандық қоғамда өз өзектілігі мен мәртебесін жоғалта бастады. Еңбек нарығындағы мұндай өзгерістер онлайн мамандықтар қажеттілігімен және блогерлер танымалдығының жоғары деңгейімен байланысты. Жиынтығында, бұның барлығы жауаптардың көпшілігі байланысты болып отырған қоғамдық санадағы өзгерістерге әкелуі ықтимал еді.



38-СУРЕТ. «Сіз «Еңбек адамы» идеологиясын қоғам үшін пайдалы деп санайсыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

«Еңбек адамы» идеологиясына барынша сәйкес келетін мамандықтар мен қызмет түрлеріне респонденттер алдымен дәрігерлер мен оқытушыларды (39,7% бен

⁴³ «әрине, иә» және «иә деуге болады» жауаптарының қосындысы

⁴⁴ «жоқ деуге болады» және «жоқ» жауаптарының қосындысы

28,5% тиісінше) жатқызады. Зерттеушілер (6,9%), инженерлер (6,9%) мен IT мамандар (6,7%) едәуір аз көрсетілді. Респонденттердің 0,6%-ы ғана бұл мамандықпен байланысты емес деп жауап берді. 8,9%-ы сұраққа жауап беру қиын екенін білдірді. Мамандықтардың толық тізімі 39-суретте берілген.

Жалпы алғанда, қазақстандықтардың таңдауы заңды болып көрінеді. Олардың медицина мен білім беру саласына басымдық беруі ол салалардың ел әлеуеті мен адами капиталды макродеңгейде дамытудағы маңыздылығын түсінуінен туындаған шығар. Сонымен қатар осы мамандық өкілдері қоғам үшін маңызды миссия атқаруда. Дәрігерлер денсаулық сақтау үшін жауапты, ал оқытушылар ел халқының тәлім-тәрбиесі мен оқу-ағарту ісі үшін жауап береді. Коронавирус пандемиясы да қоғамдағы дәрігерлер мәртебесі мен оларға деген сенімнің көтерілуіне ықпалын тигізді. Сол сияқты, соңғы кезде Мемлекет басшысының Жолдаулары мен сөздерінде және қоғамдық дискурста елде осы мамандықтар өкілдерінің мәртебесін арттыру белсенді талқылануда.


Респонденттердің IT мамандықтарды таңдауына назар аударған жөн. Бұл еңбек нарығында IT мамандықтардың ең үлкен сұранысқа ие болуымен байланысты және бұл болашақтың мамандығы болып табылады.



39-СУРЕТ. «Еңбек адамы» идеологиясына қандай мамандықтар мен қызмет түрлері сәйкес келеді деп ойлайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %
*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, респонденттердің едәуір бөлігі (78,2%) адамдарға көмек көрсетуге байланысты мамандықтарды «Еңбек адамы» идеологиясына барынша сәйкес деп есептейді. Бұл көзқараспен сауалға қатысушылардың 14,3%-ы келіспейтіндіктерін білдірсе, 7,5%-ы жауап бере алмады.


Жоғарыда атап өтілгендей дәрігерлер мен оқытушылар «Еңбек адамы» идеологиясына барынша сәйкес келетін мамандық өкілдері ретінде таңдалды, өйткені қоғамда медицина мен білім беру саласы мамандықтары өкілдерін адамдарға көмек көрсетумен бір ұғымда қабылдайды.



40-СУРЕТ. «Сіз адамдарға көмек көрсетуге байланысты мамандықтар (мысалы, медициналық жұмыс) «Еңбек адамы» идеологиясына көбірек сәйкес келеді деп ойлайсыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Осыдан соң респонденттерге «Еңбек адамы» идеологиясына барынша сәйкес келетін онлайн мамандықтарды таңдау ұсынылды. Бұл сауал жауаптары шамамен тең бөлінді: Әртүрлі мәселелер бойынша кеңес беретін адам (мысалы, бизнес, денсаулық, психология және басқалары) – 27,3%, блогерлер⁴⁵ – 26,4%, фрилансерлер⁴⁶ – 21,2%, киберқауіпсіздік бойынша мамандар – 21,2%, деректерді талдаушы (деректерді талдау және есептер жасау) – 20,3%, веб-әзірлеушілер (веб-сайттар мен қосымшаларды әзірлеу) – 18,2%, мобильді қосымшаларды әзірлеуші (мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды әзірлеу) – 15,6%, копирайтер (блогтарға, сайттарға, жарнамалық материалдарға және т.б. мәтіндер жазу) – 12,4%. Әрбір бесінші респонденттің (20,2%) бұл сұраққа жауап бере алмағанын атап кеткен жөн.

Зерттеу нәтижелері бүгінгі күні жоғарыда келтірілген онлайн-мамандықтардың барлығы да шамамен тең дәрежеде «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келетінін көрсетті. Бұны екі фактормен түсіндіруге болады: 1) бұл идеология туралы тұрғындар түсінік-ұғымдарының толық болмауы; 2) жоғарыда келтірілген онлайн-мамандықтардың қазақстандық қоғамда жақында қалыптасып қолданыла бастауы. Сонымен бірге, бұл сұраққа жауап бере алмағандардың салыстырмалы түрде жоғары пайызы қазақстандықтардағы таңдау қиындығы мен белгісіздіктің нақты көрсеткіші болып тұр.



41-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, онлайн мамандықтардың қайсысы «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келеді?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

⁴⁵ Ескерту: бұл сұрақта респонденттер «блогер» ұғымын «мамандық» деп түсіндіреді.

⁴⁶ Ескерту: бұл сұрақта респонденттер «фрилансер» ұғымын «мамандық» деп түсіндіреді.

Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің үлкен бөлігі (65,2%) білім беру мекемелері мен БАҚ ақпарат таратудың басты көздері және олар «Еңбек адамы» идеологиясын таратуда маңызды рөл атқарады деп санайды. Сауалға қатысушылардың 23,8%-ы білім беру мекемелері мен БАҚ «Еңбек адамы» идеологиясын таратуда ешқандай орын алмауы керек деп есептейді, ал 11%-ы бұл сұраққа қандай болса да жауап таба алмады.

Осылайша, респонденттер білім беру мекемелері мен БАҚ-тың ақпараттандырудың негізгі көзі бола отырып, халықтың «Еңбек адамы» идеологиясы туралы хабардар болу деңгейіне тікелей ықпал ететінін түсініп отыр. Білім беру мекемелері мен БАҚ «Еңбек адамы» идеологиясын таратуда ешқандай орын алмауы керек деп есептейтін сауалға қатысушылардың қалған аз ғана бөлігі БАҚ ретінде тек телевидение мен баспа құралдарын түсінетін болар. Олардың ойынша, әлеуметтік желілер ақпарат таратуда бұдан да гөрі тиімді бола алар еді. Сонымен бірге респонденттер білім беру мекемелерінде жас шектеулері бар, сондықтан ақпарат аға ұрпақ өкілдерін қамти алмайды деп ойлайтын да болар



42-СУРЕТ. «Еңбек адамы» идеологиясы туралы ақпаратты таратуда БАҚ пен білім беру мекемелері қандай рөл атқаруы тиіс?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Зерттеу барысында респонденттер ұсынған «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келетін мамандықтар рейтингісі жасалды. Рейтингіге сәйкес бірінші орынды едәуір алшақтықпен медицина мен денсаулық сақтау саласы мамандары (дәрігер, стоматолог, медбике/медаға) алды (42,2%). Екінші болып педагогика мен білім беру саласы мамандықтары (мұғалім, тәрбиеші, оқытушы) тұр (29,9%). Жетекші мамандықтар үштігін мемлекеттік қызмет пен басқару саласы мамандықтары (23,2%) аяқтап тұр. Одан әрі рейтинг бойынша IT мен бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеушілері (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер) (21,2%) және ғылым мен зерттеу саласы мамандықтары (17,4%) орналасты. Мамандықтардың толық рейтингісі 3-кестеде берілген.

Респонденттердің бұл таңдауы табиғи деуге болады, өйткені алдында да денсаулық сақтау мен білім беру саласы мамандықтарының маңыздылығы мен жоғары рөлі аталған еді. Сол сияқты алдында «Еңбек адамы» идеологиясына мейлінше сәйкес келетін деп те осы мамандықтар көрсетілген болатын. Дегенмен респонденттер өз жақындарына ұсынғысы келетін «Еңбек адамы» идеологиясына сай қызметтер түрі бойынша жетекші үштікке мемлекеттік қызмет пен басқару саласы кіргенін атап өтуге болады. Бұл қызметтің осы түрінің белгілі мәртебесі бар екендігін және қазақстандықтар арасында маңызды екенін көрсетеді. Бұл осы қызмет түрінің тікелей

міндеттеріне байланысты болар, міндеттерге сәйкес олар жайлылықты қамтамасыз ету функцияларын орындайды, азаматтар мүдделерін ескереді, заңдылықтың сақтауы мен мемлекеттің тиімді қызметі механизмдерін қарап отырады.

3-КЕСТЕ. «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келетін мамандықты таңдағысы келсе, жақындарыңызға қандай мамандықты ұсынар едіңіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Кәсіптер тізімі	%
Денсаулық сақтау және медицина (дәрігер, стоматолог, медбике/ медаға)	42,2
Білім және педагогика (мұғалім, тәрбиеші, оқытушы)	29,9
Мемлекеттік қызмет және басқару (мемлекеттік қызметкер, министр, Президент әкімшілігі)	23,2
IT мен бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеушілері (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер)	21,2
Ғылым және зерттеу (зерттеуші, ғалым)	17,4
Өнер және шығармашылық мамандықтар (әртіс, музыкант, жазушы, суретші, биші)	13,4
Әлеуметтік желілердегі блогерлер	12,2
Маркетинг және жарнама (маркетолог, таргетолог, SMM-менеджер, PR-маман)	11,7
Аэроғарыш саласы (ұшқыш, ғарышкер)	9,8
Құқық және құқықтану (заңгер, адвокат, прокурор, сот)	8,2
Жұмысшы кәсіптері (механик, машинист, электрик, сантехник, слесарь, құрылысшы)	8,2
Авиациялық сала (ұшқыш, авиадиспетчер, стюард (-есса))	8,1
Кәсіпкерлік қызмет (кәсіпкерлер)	8,1
Ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (фермер, ветеринар, агроном)	8,1
Жауап беруге қиналамын	6,4

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Жалпы алғанда деректер сараптамасы қазақстандықтарда «Еңбек адамы» идеологиясы туралы ақпараттану деңгейінің төмендігін көрсетті. Зерттеу нәтижелерін заңды деп қабылдауға болады, өйткені осы идеологияның қоғамдық дискурста талқылана бастағанына көп болған жоқ, сонымен қатар «Қоғамда еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілету бойынша 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары»⁴⁷ аясындағы іс-шаралар ағымдағы жылдан бастап қана өткізіле бастады. Сонымен бірге осы зерттеу нәтижелері көрсетімді болып табылады. Өйткені сандық деректер Кешенді жоспар аяқталғаннан кейін мемлекеттік органдар шараларының тиімділігін бағалауға көмектесе алады. Яғни, қайта жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер тұрғындардың бастапқы кезеңде және соңында идеология туралы ақпараттану деңгейі динамикасын көруге мүмкіндік береді. Дегенмен тұрғындардың ақпараттану деңгейінің төмендігі осы идеологияны жеткізу барысындағы БАҚ пен әлеуметтік желілердің жеткіліксіз рөлімен байланысты мәселені анықтауға мүмкіндік береді.

⁴⁷ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200001004>

«Еңбек адамы» идеологиясы туралы хабардар қазақстандықтардың осы идеологиямен ассоциациясы бойынша сұрақтарға жауаптары үлкен үш топқа бөлінді. Бірінші топқа бұл қоғам игілігі үшін жұмыс істейтін адам, сонымен бірге материалдық жайлылық та ол үшін құнды деп санайтын адамдар кірді. «Еңбек адамын» тек қоғам игілігі үшін жұмыс істейді, ал материалдық жайлылық ол үшін мүлдем маңызды емес деп түсінетін адамдар екінші топты құрады. Қазақстандықтардың үшінші тобы түсінігінде бұл адам үшін еңбек тек материалдық игілік алу амалы ғана емес, сонымен бірге өз-өзін көрсету, рухани құндылықтарды бекіту тәсілі. Қабылдау мен түсінудің әр түрлі болуы бүгінгі күні қазақстандықтарда еңбек адамы ұғымының дәл, нақты ұғымы қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл Кешенді жоспарды іске асыру барысында мемлекеттік органдар еңбек адамы бейнесін түсіндіруге ерекше көңіл бөлуі керектігіне тағы бір дәлелдеме болып тұр.

Бұл идеология туралы хабардар қазақстандықтардың барлығы дерлік оның маңыздылығын түсінеді және қазіргі кезде өзекті екенін атап отыр. Бұл қазіргі кезде еңбек нарығында болып жатқан үлкен өзгерістермен байланысты болуы ықтимал. Сонымен қатар, әлеуметтік-мәдени кеңістікте акцент байлыққа ұмтылуға, әлеуметтік мәртебеге, беделге қарай ауысты, бұл еңбек саласында ынталандыру мүмкіндіктерінің азаюына, материалдық марапатқа мән берудің артуына әкелді. Осымен байланысты қоғамда елдің әр азаматының құндылық иерархиясында бірінші орында еңбек тұратын еңбек адамы бейнесі ұғымын қайта қалыптастыруға сұраныс байқалады. Қорытындысында, қазақстандықтардың басым бөлігі бұл идеологияны қолдайды және оған оң көзқараста.

Одан әрі респонденттер «Еңбек адамы» идеологиясының пайдасы туралы сауалға жауап берді. Онлайн мамандықтар қажеттілігі және блогерлер танымалдығының жоғары деңгейі, сонымен бірге еңбек құндылығы түсінігіне қатысты қоғамдық сананың трансформациясы еңбек нарығындағы дисбалансқа (теңсіздікке) әкелген болар. Яғни, осы өзгерістер аясында ақыл-ой және дене күш-қайратын қажет ететін мамандықтар қазақстандық қоғамда өз өзектілігі мен мәртебесін жоғалта бастады. Жиынтығында, жалпы алғанда бұл респонденттердің басым бөлігінің осы идеологияны пайдалы деп тануын түсіндіруге негіз бола алады.

Қазақстандықтар адамдарға көмек көрсетумен байланысты мамандықтарды «Еңбек адамы» идеологиясына барынша сәйкес деп есептейді. Бұл пікірге осы мамандықтардың жаһандық масштабта қоғамға қызмет ету, өзге адамдардың жайлы болуы мен өмір сапасын жақсартуға қамқорлық жасау ұғымдарын білдіретіндігі ықпалын тигізген болар.

Қазақстандықтардың пікірі бойынша, кеңесші (түрлі мәселелер бойынша кеңес беру (мысалы, бизнес, денсаулық, психология және басқалары), блогерлер, фрилансерлер, киберқауіпсіздік бойынша мамандар, деректер талдаушы (деректерді талдау және есеп жасау), веб-әзірлеушілер (веб-сайттар мен қосымшаларды әзірлеу), мобильді қосымшаларды әзірлеуші (мобильді құрылғыларға қосымшаларды әзірлеу), копирайтер (блогтер, сайттарға, жарнамалық материалдарға және т.б. мәтін жазу) сияқты онлайн мамандықтардың барлығы да шамамен тең дәрежеде «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келеді.

Респонденттердің басым бөлігі үшін білім беру мекемелері мен БАҚ ақпарат таратудың басты көздері және олар қазақстандық қоғамда «Еңбек адамы» идеологиясын ілгерілетуде маңызды рөл атқарады деп санайды. Сауалға қатысушылардың

23,8%-ы «Еңбек адамы» идеологиясын насихаттауда, таратуда олардың ешқандай рөлі болмауы керек деп есептейді.

Зерттеу барысында респонденттер ұсынған «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келетін мамандықтар рейтингісі жасалды. Рейтингке сәйкес бірінші орынды едәуір алшақтықпен медицина мен денсаулық сақтау саласы мамандары (дәрігер, стоматолог, медбике/медаға) алды. Екінші болып педагогика мен білім беру саласы мамандықтары (мұғалім, тәрбиеші, оқытушы) тұр. Жетекші мамандықтар үштігін мемлекеттік қызмет пен басқару саласы мамандықтары аяқтап тұр. Одан әрі рейтинг бойынша IT мен бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеушілері (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер) және ғылым мен зерттеу саласы мамандықтары орналасты.

3.2 Қазақстандықтардың фрилансер мен блогерлерге қарым-қатынасы және оларды бағалауы

Еңбек нарығының макродеңгейдегі өзгерістері жұмыспен қамтылудың жаңа формаларының пайда болуына әкелді. Бұл негізінен қоғамды цифрландыру үрдісінің жедел қарқын алуымен және COVID-19 пандемиясының ықпалымен байланысты. Дәстүрлі жалдау жұмыс моделі біртіндеп, заманауи еңбек нарығының маңызды бөлігіне айналған еркін жұмыспен қамту (фриланс) экономикасына жол бере бастады. Фриланстың жалдамалы жұмыстан басты айырмашылығы мен артықшылығы – автономдылығы, дербестігі және осы жұмыспен қамту формасының икемділігі.

Ағымдағы кезеңде фриланс – қызмет көрсету нарығының нақты масштабтарын бағалау әлемдік масштабта ғана емес, Қазақстанның өзінде күрделі міндет болып тұр. Көптеген фрилансерлер шетел компанияларының тапсырыстарын орындап, шетелдерде жұмыс істейді, бұл олардың қызметінің көлемін анықтауда қиындық келтіреді. Алайда фрилансерлерге де, жұмыс берушілерге да тиімді болғандықтан, бұл нарық ауқымы кеңейе беретіні анық.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының (ЕРДО) сарапшылары жүргізген талдау 2021 жылы елде миллионнан астам адам цифрлық платформаларда фрилансер болып жұмыс істегенін көрсетті. Бір қызығы, олардың 78%-ы фрилансингті ресми жұмыспен біріктірді. Қазақстанда фрилансерлердің саны орта есеппен айлар бойынша 255,8 мың адамға жетті. Оның 48%-ы тек бір тапсырыс берушіге, 18%-ы екеуіне, 10%-ы үшеуіне жұмыс істеді. Фрилансерлердің негізгі үлесін білім беру және сауда салаларының өкілдері (әрқайсысы 15%-дан), сондай-ақ мемлекеттік басқару және әлеуметтік қамсыздандыру секторы (13%) құрады⁴⁸.

Цифрлық медианың, интернеттің, әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы блогерлердің пайда болуына әкелді. Бүгінгі күні блогерлер заманауи еңбек нарығының маңызды бөлігі болып табылады, олар көптеген салаларда жұмыс орындарының қалыптасуына тікелей ықпал етуде. Олардың танымалдығының артуы мен әлеуметтік медиадағы контент платформаларының кеңеюі техникалық инфроқұрылымның жақсаруына, оны қолдауға ықпалын тигізуде, ол өз кезегінде IT және іргелес салаларда жұмыс мүмкіндіктерін туғызады. Сонымен бірге қазіргі әлемде блогерлер негізгі ақпарат тасушылар деп саналады. Олар пікір білдіру, қоғамдық белсенділер жетекшілері рөлінде көрінеді, жеке брендтер құрады және осымен аудиторияға өзіндік нормалар, стандарттар мен құндылықтарын жеткізеді. Сонымен,

⁴⁸ «Қазақстанның еңбек нарығы: цифрлық шындық жолында» ұлттық баяндамасы, 2022 ж.. <https://iac.enbek.kz/ru/node/1451>

trendHERO қызметі деректері бойынша өткен жылы Қазақстанда блогерлердің 556791 аккаунты тіркелген. Наноблогерлер⁴⁹ айтарлықтай ерекшеленіп тұр, олардың саны блогерлердің басқа санаттарынан нақты жеті есе артық⁵⁰.

Қазақстанда жұмыспен қамтудың жаңа формасы дамуын және қазақстандық еңбек нарығының зерттелмегендігін ескерсек, тұрғындардың еркін жұмыспен қамтылу акторына (фрилансерлер мен блогерлер) қатынасын зерттеу мәселесі өзекті бола түседі.

Осы зерттеу шеңберінде респонденттер «фрилансер» ұғымын анықтау керек болды. Сауалға қатысқан қазақстандықтардың үштен біріне жуығы (28,1%-ы) фрилансер мамандығын жобалар таңдау еркіндігі мен икемді жұмыс кестесі бар «қызметкер» деп түсінеді. 23,3%-ы оларды «нақты ұйымдарға қарамастан жұмыс істейтін мамандар» деп, 19,7%-ы «уақытша немесе келісім негізінде тапсырыстар мен жобалар бойынша қызмет көрсететін кәсіби мамандар» деп анықтайды, ал сұралғандардың 12,9%-ы оларды «түрлі салаларда дағдылары бар қашықтан жұмыс істейтін адамдар» деп ұғады. Фрилансер сөзі түсінігіне қатысты барлық мүмкін жауаптардың ішінен «басқасын» таңдаған респонденттердің тек аздаған бөлігі (1,8%-ы) ғана бұл сөзге өзіндік анықтама берер еді. Сол сияқты сұралғандардың 5%-ына «фрилансер» сөзі түсінігіне қатысты жауап беру «қиын» болуын да түсінуге болады, өйткені айналымға жақында ғана енген бұл сөзді көбі естімеген немесе оның қызметіне қатысты егжей-тегжейлі білмейтін де болар.

Респонденттер берген жауаптар тізбесі 43-суретте берілген.



43-СУРЕТ. «Фрилансер» түсінігінің анықтамасы, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Аймақтар тұрғысынан Қостанай (35,1%), Қызылорда (34,6%) облысы мен Алматы қ. (32,6%) тұрғындары, сонымен қатар Ақтөбе (31,2%), Түркістан (26,6%)

⁴⁹ Наноблогерлер – 1 мыңнан 10 мыңға дейін жазылушысы бар Instagram-ды қоса алғандағы, әлеуметтік желілердің пайдаланушылары.

⁵⁰ <https://trendhero.io/ru/>

мен Алматы (24,5%) облысы тұрғындары фрилансерлерді негізінен нақты ұйымдар мен жұмыс берушілерге қарамастан жұмыс істейтін мамандар деп анықтайды. Ал Ұлытау (47,8%), Жамбыл (43,6%), Маңғыстау (40,3%), Қарағанды (36,2%), Солтүстік Қазақстан (32,8%), Павлодар (31,4%), Батыс Қазақстан (28,8%), Жетісу (28,2%) облыстарының, сол сияқты Шығыс Қазақстан (28,2%) облыстарының, Шымкент қ. (27,8%) мен Абай (25,8%) облысы тұрғындары фрилансерлерді жобалар таңдау еркіндігі мен икемді жұмыс кестесі бар қызметкерлер деп түсінеді. Сауалға қатысқан Ақмола облысы тұрғындары (35,6%) оларды уақытша немесе келісім негізінде тапсырыстар мен жобалар бойынша қызмет көрсететін кәсібилер деп санайды. Атырау облысы (38,5%) респонденттеріне бұл сұраққа жауап беру негізінен қиын болғанын да атап кеткен жөн. Жергілікті орын типі және басқа да әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер бойынша айырмашылықтар байқалған жоқ.

Әлеуметтанулық зерттеулер барысында фрилансерлерге қатысты тұрғындар арасында таралған ой-пікірлер анықталды. Сауалға қатысушылардың арасында фрилансерлер қызметін тек материалдық игіліктер үшін ғана жүргізеді деген жауап барынша танымал болды (34,8%), сол сияқты үштен бірі (31,2%-ы) олар қоғамдық пікірге ықпал етеді деп есептейді. Әрбір бесінші респондент (20,8%) халық оларға сенеді деп ойлайды. 19,6%-ы олар адамдардың еңбекақы туралы ұғым-түсініктеріне, қабылдауларына ықпал ететінін ескерсе, 16,9%-ы олар идеалды өмір туралы иллюзия тудырады деп санайды, тағы 16,3%-ы олар салық төлемейді деп ойлайды. Қазақстандық қоғамда осындай түсініктердің таралуына фрилансерлерді материалдық жағынан табысты адамдармен байланыстырунан болар. Сол сияқты олардың әлеуметтік медиа кеңістігіндегі белсенді қызметі, яғни олардың ақпараттың негізгі көздерінің біріне айналуы да өз әсерін тигізуі әбден ықтимал. Жиынтығында бұл осы әлеуметтік топтың тұрғындар арасында қоғамдық пікір көшбасшысы ретінде қалыптасуына әкелді.



44-СУРЕТ. «Сіздің ойыңызша, фрилансерлер - бұл адамдар?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Аймақтар тұрғысынан Қарағанды (55,1%), Жетісу (46,5%) мен Абай (34,8%), сол сияқты Батыс Қазақстан (28,8%) облыстары респонденттерінде фрилансерлер қоғамдық пікірге ықпал етеді деп санаушылар көбірек. Ал Қостанай (66%), Қызылорда (34,6%), Маңғыстау (26,9%) мен Ақмола (18,4%) облысы тұрғындары пікірінше, тұрғындар оларға сенеді. Алматы (49%), Ұлытау (47,8%) облыстары, Алматы қ. (47,6%), Жамбыл (43,6%), Павлодар (43%) облыстары, Шымкент қ. (41,7%), Түркістан (38%) облысы мен Астана (34,8%) қаласы респонденттерінде фрилансерлер қызметін тек материалдық игіліктер үшін ғана жүргізеді деген пікір басым. Ақтөбе облысы тұрғындарында (28%) фрилансерлер идеалды өмір туралы иллюзия тудырушы адамдар деген ой басым, ал Атырау облысы тұрғындары (32,3%) олар салық төлемейді деген пікірде. Олар қоғамдық пікірге ықпал етеді және қоғам игілігі үшін қызмет етуде деген пікір Солтүстік Қазақстан облысы (32,8%-дан) тұрғындарында көбірек. Шығыс Қазақстан (28,2%-дан) облысы тұрғындары ойлауынша олар тұрақты жалақысы бар адамдар және адамдардың еңбекақы туралы ұғым-түсініктеріне, қабылдауларына ықпал етеді. Басқа факторлар жауаптардың бөлінуіне айтарлықтай ықпал еткен жоқ.

Келесі сауал «блогер» сөзін респонденттердің қалай түсінетіндігіне қатысты болды. Сауал нәтижесі бойынша қазақстандықтар түсінуіндегі блогерлер: «әлеуметтік медиа платформаларында өз контенттерін жасайтын және жариялайтын адамдар» (44,7%), «аудиториямен қатынас пен ақпарат жеткізу үшін блогтар мен влогтарды пайдаланатын коммуникаторлар» (31,6%), «өз идеясы мен ой-пікірін, сезімін білдіру үшін платформа мен дауыстарын пайдаланатын шығармашыл тұлғалар» (27,4%), «хабарлар мен көңіл көтеру контенттерін, сонымен қатар бағалы ақпараттар беретін мамандар» (21,4%). Сонымен қатар, адамдардың бір бөлігі оларды «өз аудиториясының пікірі мен шешіміне әсер ету қабілеті бар ықпалды тұлғалар» (13,5%) және «өз блогтарын өнімдерді, қызметтерді немесе өз брендин жылжыту үшін пайдаланушы маркетингтер» (11,7%). Бұған қосымша, сұралғандардың азғантай ғана бөлігі (0,1% – 0,4%) теріс бағыттағы өз пікірлерін жеткізді: «бұл мамандық емес, бос сөз», «Арамтамақтар мен жалқаулар», «ештеңе істегісі келмейтіндер, олар ештеңенің байыбына барғысы келмейді», «тақыр жерден мәселе, сұрақ сөз туындататын адамдар», «өтірікшілер», «еріншектер», «мылжындар», «өз өмірін алып, желіге салған адам».

4-КЕСТЕ. «Блогер» ұғымын қалай түсінесіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Жауап нұсқалары	%
Әлеуметтік медиа платформаларында өз контенттерін жасайтын және жариялайтын адамдар	44,7
Аудиториямен қатынас пен ақпарат жеткізу үшін блогтар мен влогтарды пайдаланатын коммуникаторлар	31,6
Өз идеясы мен ой-пікірін, сезімін білдіру үшін платформа мен дауыстарын пайдаланатын шығармашыл тұлғалар	27,4
Хабарлар мен көңіл көтеру контенттерін, сонымен қатар бағалы ақпараттар беретін мамандар	21,4

Жауап нұсқалары	%
Өз аудиториясының пікірі мен шешіміне әсер ету қабілеті бар ықпалды тұлғалар	13,5
Өз блогтарын өнімдерді, қызметтерді немесе өз брендин жылжыту үшін пайдаланушы маркетингтер	11,7
Арамтамақтар мен жалқаулар	0,4
Мылжыңдар	0,2
Бұл мамандық емес, бос сөз	0,1
Өз өмірін алып, желіге салған адам	0,1
Ештеңе істегісі келмейтіндер, олар ештеңенің байыбына барғысы келмейді	0,1
Өз өмірі мен уақытын оқырмандарына баяндауға жұмсайтын адамдар	0,1
Тақыр жерден мәселе, сұрақ сөз туындататын адамдар	0,1
Өтірікшілер	0,1
Еріншектер	0,1
Бұл туралы бірінші рет естіп тұрмын	0,1
Басқа	0,4
Жауап беруге қиналамын	1,4

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Аймақтар тұрғысынан жауаптардың бөлінуі төмендегідей болды:

- ◆ Блогерлер – әлеуметтік медиа платформаларында өз контенттерін жасайтын және жариялайтын адамдар жауабын Ұлытау (73,9%), Қарағанды (69,3%), Атырау (64,6%), Ақтөбе (64,5%) облыстары, Шымкент қ. (62%), Алматы қ. (59,5%), Шығыс Қазақстан (55,3%), Жетісу (53,5%), Павлодар (50%), Түркістан(45,1%) облыстары, Астана қ. (40,7%) мен Алматы облысы (36,7%) тұрғындары көбірек көрсетті.
- ◆ Блогерлер – аудиториямен қатынас пен ақпарат жеткізу үшін блогтар мен видеоблогтарды пайдаланатын коммуникаторлар. Бұл жауап Маңғыстау (40,3%), Ақмола (39,1%) мен Батыс Қазақстан (32,9%) облысы тұрғындарында жиі болды.
- ◆ Блогерлер – өз идеясы мен ой-пікірін, сезімін білдіру үшін платформа мен дауыстарын пайдаланатын шығармашыл тұлғалар. Бұл жауапты Солтүстік Қазақстан (53,1%), Қостанай (52,6%), Жамбыл (51,3%), Қызылорда (33,3%), Абай (33,3%) облыстары респонденттері көбірек көрсетті.

Респонденттердің жалпы блогерлерге қатысты көзқарастарын анықтау мақсатында бірнеше сұрақтар болды. Келесі ой-пікірлермен сауалға қатысушылар келісті: «Олар өз уақыттарын өздері бөледі және ешкімге міндетті емес» (78,4%), «Олар қоғамдық пікірге ықпал етеді», «Олар қызметін тек материалдық игіліктер үшін ғана жүргізеді» (77,1%), «Олар өз мүдделері үшін, өз парақшаларын дамыту үшін өз аудиториясына мерзімді түрде ұтыстар мен гивтер⁵¹ ұйымдастырып отырады»

⁵¹ Гивтер – бұл Instagram әлеуметтік желісіндегі оқырмандарды жылдам тарту үшін ұтыс ойынының форматы

(68,9%), «Олар мінсіз өмірдің елесін жасайды» (68,4%), «Олар адамдардың табыс туралы түсінігі мен қабылдауына әсер етеді» (68%), «Халық оларға сенеді» (66,2%), «Оларға қиын жағдайларда жүгінеді» (66,2%), «Олардың мысалында адамдарда жоғары білім алу қажеттілігі жоғалады» (60,3%), «Бұл уақыт өте келе сұранысқа ие болмайтын сәнді іс» (57,3%), «Олар қайырымдылықпен айналысады» (56,7%), «Бұл болашақта өзекті болмайтын уақытша қызмет» (53,4%), «Олар өз қызметімен қоғамның игілігі үшін айналысады» (48,1%), «Олар салық төлемейді» (44,8%)⁵². Бұл жерде респонденттер «Олар діни көзқарастарды белсенді түрде насихаттайды» (47,8%) және «Олардың жалақысы тұрақты» (47,4%)⁵³ деген пікірлермен келіскен жоқ.

Зерттеу қорытындысы Қазақстандық қоғамда блогерлерге қатысты пікір алшақтығы, қарама-қарсылығы барлығын көрсетті. Бұл мүмкін осы топ өкілдерінің белсенді жұмыстарын түрлі бағытта жүргізуімен байланысты шығар. Блогерлердің бір тобы өздерін қоғамдық пікірге ықпалын тигізетін азаматтық белсенділер қатарына жатқызып, елдегі резонанстық оқиғалар кезінде өз көзқарастарымен бөлісіп жатса, басқа бір тобы, қайырымдылық шараларымен айналысып жатады. Блогерлердің осы соңғы тобына қазақстандықтар оң көзқараста, тиісінше оларды барынша қолдап, құптап жатады. Ал кәсіпкерлік мақсатта өз блогын жүргізетін, мерзімді түрде ұтыстар өткізіп тұратын блогерлерге қоғам көзқарасы оң емес, олардың іс-әрекеттері тек өздерінің жеке қаржылық мүдделерін қанағаттандыру үшін жүргізіледі деп санағандықтан қазақстандықтардың бұл тобы бұл блогерлерге қатысты теріс көзқараста. Оның үстіне, тұрғындардың басым бөлігінде блогерлер салық төлеуден жалтаруда деген күдік бар. Бұл зерттеулер нәтижесі қазақстандық қоғамда осы мәселелердің өзекті екендігін дәлелдеп тұр. Құлаққағыс үшін, биыл Қазақстан парламенті әлеуметтік желілердің танымал пайдаланушылары өз әлеуметтік желілеріндегі, блог пен ресурстарындағы жарнамаларынан алынған табыстарынан салық төлеуі, қарастырылған заң жобасын мақұлдады. Оларды осындай жарнаманы тиісті үлгіде белгілеуге міндеттейтін болады⁵⁴.

Сауалнамаға қатысушылардың тағы бір үлкен тобы блогерлер еңбек ету мен білім алу ұғымдарына қатысты қазақстандықтардың құндылық бағыт-бағдарына теріс әсер ете отырып, еңбек нарығындағы жағдайды ушықтырып жіберуі мүмкін деп есептейді. Тұрғындардың жұмыспен қамтылудың осы түріне назар аударуының басты себебі блогерлердің тез танымал болуы, демонстративті өмір сүруі, қысқа уақыт ішінде блогерлердің жалақының жоғары деңгейіне қол жеткізуі болуы мүмкін.

Өз кезегінде, қазақстандықтар блогерлер еңбек нарығында уақытша акторлар пікірімен де келіседі. Бұл оларда тұрақты жалақының болмауымен және олардың әрекеттерінің табысты болуы аудитория санына (жазылушылар) байланысты болуынан болар.


«Блогерлер діни көзқарастарды белсенді түрде насихаттайды» сауалына жауаптардың бөлінуі назар аудартады. Оларды үш топқа бөлуге болады. **Бірінші топқа** осы пікірмен келіспейтіндігін білдірген жауаптарды жатқызуға болады. Олардың ойынша, блогерлер азаматтық ұстанымдарын діни тақырыпқа қатысты ғана емес,

⁵² «Келісемін» және «келісемін деуге болады» жауаптарының қосындысы

⁵³ «Келіспеймін» және «Келіспеймін деуге болады» жауаптарының қосындысы

⁵⁴ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000018>

барлық салалар бойынша да білдіреді. Оған қоса, респонденттер жауаптарының осылай болуына блог саласының негізінен көңіл көтеру бағытында болуы да ықпал еткен болар. **Екінші топқа** «блогерлер діни көзқарастарды белсенді түрде насихаттап отыр» пікірімен келіскен респонденттердің үштен бірі (34%-ы⁵⁵), кірді. Бұл соңғы кезде дін мәселесінің әлеуметтік желілер мен Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде барынша талқыланып, пікір-талас тудырып отырған тақырыпқа айналғанымен байланысты болар. Сонымен қатар бұл жастар арасында діни қайраткерлер ықпалы мен танымалдық деңгейінің артып келе жатқандығымен негізделуі де мүмкін. «Jastar» ғылыми-зерттеу орталығының 2022 жылғы «Қазақстан жастары



45-СУРЕТ. «Жалпы блогерлерге қарым-қатынасыңыз қандай?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

⁵⁵ «Келісемін» и «келісемін деуге болады» жауаптарының қосындысы

аналитикалық баяндамасы» деректері бойынша 2021 жылмен салыстырғанда жастар арасында діни қайраткерлерге сенім деңгейінің өсу динамикасы байқалады (2021 жыл – 4,9%, 2022 жыл – 7,3%⁵⁶). **Үшінші топқа** өз таңдауларын әлі анықтамаған респонденттер кірді. Әрбір бесінші респондент (18,2%) бұл сұраққа жауап бере алмады. Бұл да дінге қатысты мәселенің қазақстандық қоғамда көкейкестілігін білдіреді.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес респонденттердің басым бөлігі (73,8%-ы⁵⁷) жалпы алғанда блогерлердің табысы дәстүрлі жұмыспен қамтылған адамдардан жоғары деп есептейді. Әрбір бесінші респондент (21%) олардың табыстары тең деп санайды. Тек 3,5%-ы⁵⁸ ғана қарама-қарсы мәндегі жауап берді, яғни, олардың ойынша блогерлердің табысы дәстүрлі жұмыспен қамтылған адамдардан төмен. Сұралғандардың 1,9%-ы бұл сұраққа жауап беру қиын екендігін білдірді. Фрилансерлер мен дәстүрлі жұмыспен қамтылған адамдар табыстарын салыстыруда да осыған ұқсас жағдай бар. Барынша жан-жақты ақпарат 46-суретте берілген. Қазақстандықтар блогерлер мен фрилансерлер табысын жоғары деп санауының келесідей себептері болуы ықтимал: **біріншіден**, блогерлер мен фрилансерлер әлеуметтік желілердегі өз парақшаларында материалдық табысы жоғары адамдар бейнесін жасап, еркін өмір салтын көрсетіп отырады. **Екіншіден**, соңғы кезде осы топ өкілдері өздерінің материалдық жетістіктерін көрсетіп жатқан телехабарлар немесе әлеуметтік желілердегі шолу бағдарламалар көбейіп кетті. **Үшіншіден**, ақпараттық кеңістікте блогерлер мен фрилансерлер өздері өз табыстары жөнінде хабарламалар (мысалы, өз блогындағы жарнама үшін) беретін сұхбаттар пайда болуда. **Төртіншіден**, БАҚ-тарда зерттеу деректері бойынша осы топтың барынша танымал өкілдерінің табыстары көрсетілген жаңалықтар жарияланып, беріліп жатады. Осылай, 2020 жылдың қыркүйегінде HypeAuditor мәліметі бойынша Instagram платформасында миллионнан артық жазылушылары бар бір блогер посты 500\$-ден 5000\$-ге дейін сома сыйақымен марапатталған, бұл жерде жалақы мөлшері бірнеше факторларға байланысты: құрушының мақсатты аудиториясы, қамтылу деңгейі, контент өндірісі құны және т.б.⁵⁹



46-СУРЕТ. «Фрилансерлер мен блогерлердің кірістерін дәстүрлі жұмыспен қамтылған адамдардың табыстарымен салыстырғанда қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

⁵⁶ «Қазақстан жастары», талдамалық баяндама, 2022 жыл. <https://eljastary.kz/research/18909/>

⁵⁷ «Өте жоғары» және «жоғары» жауаптарының қосындысы


⁵⁸ «Төмен» және «өте төмен» жауаптарының қосындысы

⁵⁹ <https://hypeauditor.com/blog/state-of-instagram-influencer-marketing-in-kazakhstan/>

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, сауалға қатысушылардың жартысынан астамы (57,4%-ы) жұмыс кестесі икемділігін блогерлер мен фрилансерлердің негізгі артықшылықтарының бірі деп есептейді. Өйткені қызметтің осы түрі қызметкерлерге әлемнің кез келген нүктесінен, кез келген қолайлы уақытта өз жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл оларға өз өмірі мен жұмысын ұйымдастыруда көмегін тигізеді. 39,5%-ы жұмыс берушінің шығындарының азаюын артықшылық деп санайды, өйткені онлайн қызметкерлердің кеңседе болуы қарастырылмайтындықтан, кеңсені жалға алу, кеңсені ұстауға қатысты басқа да шығындарды азайтуға мүмкіндік бар. 39,2%-ы жұмыспен қамтылудың осы түрін жеке өмір мен жұмыстың теңгерімі ретінде қабылдайды. Сұралғандардың үштен бірінен сәл астам бөлігі (36,4%-ы) пікірінше блогерлер мен фрилансерлер жұмысының артықшылығы өнімділіктің артуында. Әрбір төртінші респондент (25,6%) онлайн жұмыс компанияларға әлемнің түпкір-түпкірінен үздік қызметкерлерді жалға алуға, талантты адамдарды табуға үлкен мүмкіндіктер береді деп санайды. 6,9%-ы ғана бұл сұраққа жауап бере алмады.

Осыған байланысты блогерлер мен фрилансерлер саны артуымен қазақстандық қоғамдағы еңбек нарығында өзгерістер жалғасатыны әбден анық факторға айналды. Ең алдымен жұмыспен қамтудың шарттары мен түрлері дәстүрлі жұмыспен қамтудан өз ерекшеліктері бар түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Бұл жұмыс істеушілер мен жұмыс берушілердің өзара тиімді әрекеттері механизмдерін әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу барысында қазақстандықтар блогерлер мен фрилансерлердің қоғамдық пікір мен тұтынушылық мінез-құлыққа әсеріне оң баға беретіні анықталды (40,9%⁶⁰). Респонденттердің 36,7%-ы бұл мәселеде бейтарап ұстанымда, теріс ықпал туралы жауаптар үлесі тек 13,8%-ды⁶¹ құрады. 8,6%-ы бұл сұраққа жауап бере алмады. Басқа факторлар жауаптар бөлінуіне айтарлықтай ықпал еткен жоқ.



47-СУРЕТ. «Фрилансер, блогер ретінде жұмыс істеудің дәстүрлі жұмыс түрлерімен салыстырғанда қандай артықшылықтары бар деп ойлайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Жалпы алғанда, белсенді азаматтық позиция, тұрғындарға ақпаратты түсінікті, қолжетімді тілде жеткізу, айтарлықтай ауқымдағы қайырымдылық қызмет, қандай болса да сұрақтар бойынша тұрғындардың сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған жұмыс қазақстандықтардың бір тобында блогерлер мен фрилансерлердің оң имиджін қалыптастыруда. Блогерлер мен фрилансерлер мамандықтарының қазақстандық қоғамда салыстырмалы түрде жуықта ғана пайда болғанына

⁶⁰ «Оң» және «оң деуге болады» жауаптарының қосындысы

⁶¹ «Теріс деуге болады» және «теріс» жауаптарының қосындысы

байланысты қазақстандықтардың екінші тобы бұл мәселеде бейтарап ұстанымда. Бұл, бірінші кезекте, осы мамандықтар өкілдеріне қоғам сенімі мәселесімен байланысты болар. Алдында айтылғандай, тұрғындардың аз ғана бөлігінің блогерлерді теріс қабылдауы осы блогерлердің күмәнді, қаржылық заң бұзушылық әрекеттеріне, жалған жаңалықтардың таралуына және олардың көлеңкелі экономикаға қатысы барлығына қатысты күмәнданумен байланысты болуы ықтимал. Соңғы күмән осы топ өкілдерінің салық төлемдерін ерікті түрде төлеп отырғандығына көпшіліктің сенбеушілігімен байланысты.



48-СУРЕТ. «Фрилансерлер мен блогерлердің қоғамдық пікір мен тұтынушылық ғадетке әсерін қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Жастар цифрландыру үрдісімен байланысты жаңа өзгерістерге тез бейімделетін топқа жатады. Осыған орай, жастар арасында онлайн-мамандықтар мен жұмыспен қамтылудың жаңа формаларының танымалдылық деңгейінің артуы анық және түсінікті. Бұл тұста олардың онлайн мамандықтарға басымдық беруі себептерін қарау, зерттеу маңызды.

Осы зерттеу аясында респонденттерге жастардың (18–35 жас) дәстүрлі мамандықтармен салыстырғанда онлайн мамандықтарға басымдық беруі себептері туралы сұрақ қойылды. Сұраққа жауап бергендердің жартысынан астамы (53,4%) себеп жұмыс орны мен жұмыс кестесінің икемділігінде деп жауап берді. Респонденттердің 43,4%-ы жастар таңдауы оқудың ыңғайлы болуында деп түсіндірді, онда көптеген онлайн мамандықтарды Интернетте қол жетімді онлайн курстар мен ресурстар арқылы меңгеруге болады. Сұралғандардың үштен бірінен астамы (34,5%) онлайн мамандықтардың жаңа мүмкіндіктері себеп болуы ықтималдығын атады. Олардың пайда болуы әдетте жаңа технологиялармен, инновациялармен байланысты, ал олар жаңа мүмкіндіктер мен жаңа сынақтар іздеп жүргендер үшін тартымды болатыны анық. Сонымен бірге респонденттердің 31,6%-ы жастардың онлайн мамандықтарды таңдауы олардың кеңейтілген мүмкіндіктерімен байланысты деп санайды. Әдетте, әр түрлі географиялық аймақтардағы компаниялармен, адамдармен жұмыс істеу мүмкіндіктері болғандықтан, онлайн мамандықтарда табысты арттыру мен клиенттік базаны кеңейту перспективалары көбірек. Сұралғандардың тағы үштен бірі (30,2%) себеп ретінде экономикалық негіздерді атады. Олардың ойынша, дәстүрлі кеңселік мамандықтармен салыстырғанда, жабдық пен материалдар шығынын онлайн мамандықтар аз қажет етеді. Сонымен бірге көлік және коммуналдық шығындарын үнемдеу болуы мүмкін. Респонденттердің 28,7%-ы жастар таңдауын онлайн-мамандық бойынша жұмысқа орналасуда үміткерде жоғары

білім болуы міндетті еместігімен түсіндірді. 2,8%-ы ғана сұраққа жауап беру қиын екенін жеткізді.

Әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі онлайн мамандықтардың дәстүрлі мамандықтардан басты артықшылықтарын көрсетіп тұр. Сол сияқты, олар жастар арасында еңбек пен жұмыспен қамтылу ұғымдарына қатысты әлеуметтік-мәдени құндылықтардың өзгергендігіне дәлел болады. Жиынтығында, бұндай өзгерістер Қазақстанның мамандықтар мен құзыреттер атласының⁶² жаңа, болашақтың мамандықтарымен толығына әкелуі ықтимал.

5-КЕСТЕ. «Сіздің ойыңызша, қазіргі жастар неге дәстүрліден гөрі онлайн мамандықты артық көреді?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Жауап нұсқалары	%
Жұмыс орны мен жұмыс кестесінің икемділігі	53,4
Оқу ыңғайлылығы	43,4
Жаңа мүмкіндіктер	34,5
Мүмкіндіктерді кеңейту	31,6
Шығындардың аз болуы	30,2
Интернетте жұмыс істеу үшін әдетте жоғары білім мен диплом қажет емес	28,7
Жауап беруге қиналамын	2,8

*Қосындысы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын белгілей алды

Қашықтан жұмыс істеудің оң жақтарына қарамастан, бүгінгі күні тікелей қашықтан істеуге қатысты бірнеше мәселе бар. Осы зерттеу нәтижелері бойынша алсақ, онлайн жұмыс таңдауда адамдар келесі мәселелермен кездесуі мүмкін: алаяқтардың бос жұмыс орындары туралы хабарландыруларына түсіп қалу (44,2%), белгіленген сыйақы деңгейін ала алмай қалу (21,1%), жұмыс беруші тарапынан міндеттерді сипаттау мен айқындықтың жетіспеушілігі (15,7%). Сонымен бірге қауіпсіздік мәселелері де бар: қашықтан жұмыс істеу форматы конфиденциалды ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізу (12,8%) сияқты қауіпсіздік мәселелерін (сенімсіз орындарда сақтау) де туындатуы мүмкін. Респонденттердің 5,8%-ы сұраққа жауап беру қиын екенін жеткізді. Басқа мәселелер салыстырмалы тұрғыдан аз ғана дауыстарға ие болды.

Онлайн жұмыс таңдау кезіндегі ықтимал мәселелер рейтингісін алаяқтардың бос жұмыс орындары туралы хабарландыруларына түсіп қалу тәуекелі бастады. Зерттеу нәтижелері қоғамның цифрлануына қатысты еңбек нарығында болатын өзгерістердің басқа жағын да көрсетті, әлеуетті қызметкер мен жұмыс беруші цифрлық платформалардағы алаяқтық фактілерімен ұшырасуы мүмкін. Зерттеулер деректері бойынша, интернет жұмыспен қамтылудың кеңінен таралған мәселесі – киберқылмыс. Бұл деректер басқа да әлемдік ұйымдар зерттеулерімен дәлелденіп отыр. Mckinsey зерттеулері деректері бойынша, 2022 жылы сауалға қатысқан ұйымдардың 41%-ы артып отырған киберқауіпсіздік қаупі цифрлық трансформациясы үрдісіне айтарлықтай қиындықтар туғызып отырғанын атап көрсетті⁶³.

Келесі болып белгіленген сыйақы деңгейін ала алмай қалу мәселесі тұр. Сыйақы төлеу барысында интернет қызметкерлер үшін бос орындар туралы

⁶² <https://www.enbek.kz/atlas/>

⁶³ <https://www.mckinsey.com/capabilities/mckinsey-digital/our-insights/prioritizing-technology-transformations-to-win>

хабарландыруларда болған ережені бұзушылық жиі кездеседі. Бұл осылай жұмысқа орналасу әрекетін қайталау ынтасын төмендетеді. Сондықтан да қызметкерлер іріктеу кезінде алдауға түсіп қалмау үшін фрилансерлер мұқият болуы, сақ болуы керек. Жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы осындай жүйеленген мәселелер жұмысты уақытша, белгісіз ретінде қиындатып, жұмыс барысына теріс әсер етеді.

Ықтимал мәселелердің үшінші орнында жұмыс беруші тарапынан міндеттерді сипаттау мен айқындықтың жетіспеушілігі тұр. Бұл қашықтан жұмыс істеу барысында жұмыс беруші мен қызметкер онлайн платформа арқылы қатынаста болады, бұл жерде жұмыс берушінің дәл нұсқауларын анық түсінуге түрлі факторлар кедергі жасауы мүмкін. Яғни, онлайн мамандар жұмысқа қабылданған кезбен салыстырғанда таныстырылған міндеттерден әлдеқайда көп жұмыс міндеттерімен кездесуі ықтимал.

Ықтимал мәселелер рейтингі соңында – қауіпсіздік мәселесі. Цифрлық дәуір қатері мен негізгі қаупін тұрғындардың жеке және конфиденциалды деректерінің шығып кету қатерімен байланыстырады, өйткені кибершабуылдар кәсіпорындарға да, сонымен қатар қарапайым пайдаланушыларға да қарсы болуы мүмкін. Қашықтан жұмысқа көшкен кезде пайдаланушылардың 40%-ында корпоративтік деректер алмасуда қолдану үшін жеке қондырғылар саны артады, бірақ оларда киберқорғаныс тиісті деңгейде емес⁶⁴.



49-СУРЕТ. «Онлайн жұмысты таңдауда адамдар қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Осыдан кейін респонденттерге жұмыс беруші үшін интернет-қызметкерлерді жалдаудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы сұраққа жауап беру ұсынылды. Сауал нәтижесіне сәйкес, жұмыс беруші үшін интернет-қызметкерлерді жалдаудың басты кемшілігі, тиімсіз жақтары ретінде келесілер аталды: жұмыс барысын жедел бақылау мүмкіндігінің болмауы (35,8%), білімі мен тәжірибесі қашықтан ұсынылған білім туралы құжат пен түйіндемеге сәйкес келмейтін адамның жұмысқа алыну мүмкіндігі (29,2%), кәсіби жарамдылықты барабар бағалаудың күрделілігі (26,8%). Сауалға қатысушылардың аз бөлігі (0,7%-ы) жұмыс беруші үшін ешқандай кемшілік жоқтығын білдірсе, 7,1%-ы бұл сұраққа жауап беру қиын екенін жеткізді.

⁶⁴ «Қазақстанның еңбек нарығы: цифрлық шындық жолында» ұлттық баяндамасы, 2022 ж. <https://iac.enbek.kz/ru/node/1451>



50-СУРЕТ. «Интернет-жұмысшыларды жалдау кезінде жұмыс беруші үшін қандай кемшіліктер болуы мүмкін?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Деректер сараптамасы жұмыс беруші интернет-қызметкерлерді жалдау кезінде тапсырманы орындаудың шығармашылық үрдісін бақылау мен орындау барысында түзетулер енгізу мүмкіндіктерінен айырылатынын көрсетті. Сонымен қатар, зерттеулер нәтижесі қашықтан жұмысқа қызметкерлер қабылдауда жұмыс берушілерде қиындықтар болатынын да көрсетті, өйткені кейде қызметкерлерде түйіндемеде көрсетілген тиісті тәжірибе мен дағдылар болмай қалатын жағдайлар да кездеседі. Жиынтығында, бұл факторлар қызметкердің біліктілігін бағалау үрдісін қиындатуға әкеледі.

Зерттеулер қорытындылары жұмыс беруші қызметкерлерді онлайн жұмысқа қабылдау кезінде плюстар, яғни тиімді тұстары ретінде төмендегі жағдайларды анықтады: жұмыс орнын жабдықтау мәселесінің болмауы (46,3%), еңбек қатынастарын рәсімдеуді тез дайындау (21,7%), еңбек жүйесін қаржыландырудың оңтайлығы (15,2%) және қызметкерлер арасында жанжал туындау мүмкіндігінің жоқ болуы (10,8%). Сауалға қатысушылардың 5,9%-ы бұл сұраққа жауап беру қиын екенін жеткізді. Респонденттер жауабының толық тізімі 6-кестеде берілген.

Жұмыс беруші үшін интернет-қызметкерлерді жалдаудың ең басты жетістігі – қаржылық ресурстарды үнемдеу. Сонымен қатар жұмыс беруші қызметкерлерді қашықтан жұмысқа қабылдау кезінде ұйымдастыруға әлдеқайда аз уақыт жұмсайды. Тағы бір артықшылығы – қызметкерлердің онлайн платформалар арқылы коммуникациялану үрдісі, бұл ұйым қызметкерлері арасындағы дау-жанжалдарды болдырмауға негіз болады.

6-КЕСТЕ. «Қызметкерлерді онлайн жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс берушінің қандай артықшылықтары бар?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Жауап нұсқалары	%
Жұмыс орнын жабдықтау мәселесінің болмауы	46,2
Еңбек қатынастарын рәсімдеуді тез дайындау	21,7
Еңбек жүйесін қаржыландырудың оңтайлығы	15,2
Қызметкерлер арасында жанжал туындау мүмкіндігінің жоқ болуы	10,8
Оңай табыс	0,1
Сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу арқылы мәлімдеме жасаудың жалғыз мүмкіндігі	0,1
Артықшылықтары жоқ	0,1
Жауап беруге қиналамын	5,8

Бұл бөлімді түйіндей келе келесі **қорытындылар** жасауға болады:

Қазақстандықтар үшін фрилансерлер – бұл бірінші кезекте жобалар таңдау еркіндігі мен икемді жұмыс кестесі бар қызметкерлер. Одан әрі олар нақты ұйымдарға қарамастан жұмыс істейтін мамандар деп сипатталады. Сонымен бірге қазақстандықтар фрилансерлерді уақытша немесе келісім негізінде тапсырыстар мен жобалар бойынша қызмет көрсететін кәсіби мамандар деп те анықтайды. Соңында фрилансерлер түрлі салаларда дағдылары бар қашықтан жұмыс істейтін адамдар.

Ақтөбе, Алматы Қостанай, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Алматы қаласы тұрғындары үшін фрилансерлер – негізінен нақты ұйымдар мен жұмыс берушілерге қарамастан жұмыс істейтін мамандар. Ал Ұлытау, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Абай облыстарының, Шымкент қаласы тұрғындары фрилансерлерді жобалар таңдау еркіндігі мен икемді жұмыс кестесі бар қызметкерлер деп түсінеді. Сауалға қатысқан Ақмола облысы тұрғындары мен 61 және одан жоғары жастағы қазақстандықтар оларды уақытша немесе келісім негізінде тапсырыстар мен жобалар бойынша қызмет көрсететін кәсібилер деп санайды. Атырау облысы респонденттеріне бұл сұраққа жауап беру негізінен қиын болғанын да атап кеткен жөн.

Зерттеулер қорытындысы бойынша фрилансерлерге қатысты тұрғындар арасында таралған ТОП-4 ой-пікірлер құралды. Ең көп таралған пікір фрилансерлер қызметін тек материалдық игіліктер үшін ғана жүргізеді деген ой. Таралуы бойынша одан кейін олар қоғамдық пікірге ықпал етеді деген пікір тұр. Тұрғындар оларға сенеді деген пікір үшінші орында. Жетекші пікірлер төрттігін олар адамдардың табыс туралы түсінігі мен қабылдауына әсер етеді деген пікір аяқтап тұр.

Қарағанды, Жетісу, Абай, Батыс Қазақстан облыстарында тұрғындар фрилансерлер қоғамдық пікірге ықпал етеді деп есептейді, ал Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау мен Ақмола облысы тұрғындары арасында тұрғындар оларға сенеді деген пікір тараған. Фрилансерлер қызметін тек материалдық игіліктер үшін ғана жүргізеді деген пікір Алматы, Түркістан, Ұлытау, Жамбыл, Павлодар облыстары, Шымкент, Алматы, Астана қаласы тұрғындарында басым. Ақтөбе облысы тұрғындары фрилансерлерді мінсіз өмірдің елесін жасаушы адамдар қатарына қосса, ал Атырау облысы тұрғындары оларды салық төлемейтіндер қатарына жатқызады. Олар қоғамдық пікірге ықпал етеді және қоғам игілігі үшін қызмет етуде деген пікір Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарында көбірек. Шығыс Қазақстан облысы

тұрғындары үшін олар тұрақты жалақысы бар адамдар және адамдардың табыс туралы түсінігі мен қабылдауына әсер етеді.

Қазақстандықтар «блогер» сөзін әр түрлі түсінеді. Ең алдымен, олар – әлеуметтік медиа платформаларында өз контенттерін жасайтын және жариялайтын адамдар. Сонымен қатар олар аудиториямен қатынас пен ақпарат жеткізу үшін блогтар мен видеоблогтарды пайдаланатын коммуникаторлар. Сол сияқты қазақстандықтар арасында блогерлерді өз идеясы мен ой-пікірін, сезімін білдіру үшін платформа мен дауыстарын пайдаланатын шығармашыл тұлғалар деп қабылдау бар. Сонымен қатар олар хабарлар мен көңіл көтеру контенттерін, бағалы ақпараттар беретін мамандар.

Ұлытау, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Павлодар, Түркістан, Алматы облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының тұрғындары блогерлерді әлеуметтік медиа тұғырларында өз контенттерін жасайтын және жариялайтын адамдар тобына жатқызады, ал Маңғыстау, Ақмола мен Батыс Қазақстан облысы тұрғындары үшін «блогерлер – аудиториямен қатынас және негізінен респонденттерге ақпарат жеткізу үшін блогтар мен видеоблогтарды пайдаланатын коммуникаторлар». Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Жамбыл, Қызылорда, Абай облыстары тұрғындары үшін «блогерлер – өз идеясы мен ой-пікірін, сезімін білдіру үшін платформа мен дауыстарын пайдаланатын шығармашыл тұлғалар».

Зерттеулер қорытындысы қазақстандықтардың блогерлерге қатынасы, көзқарасы біржақты еместігін көрсетті. Респонденттердің жалпы блогерлерге қатысты көзқарастарын анықтау мақсатында бірнеше сұрақтар болды. «Блогерлер өз уақыттарын өздері бөледі және ешкімге міндетті емес, олар қоғамдық пікірге ықпал етеді, олар қызметін тек материалдық игіліктер үшін ғана жүргізеді, қызметін өз мүдделері үшін атқарады, мінсіз өмір иллюзиясын жасаушылар, адамдардың табыс туралы түсінігі мен қабылдауына әсер етеді, тұрғындар сеніміне ие, адамдар қиын жағдайларда оларға жүгінеді» деген ой-пікірлермен сауалға қатысушылардың біреулері келіседі. Сол сияқты олар жоғары білімсіз де мақсатқа жетудің үлгісі, кейін жоғары білімнің қажеттілігі де болмайды. Олар қайырымдылықпен айналысуда, бірақ уақыт өте келе ол өзекті болмайды. Сонымен қатар олар «қоғам игілігі үшін өз істермен айналысып отыр», салық төлемейді. Бұл жерде респонденттер олар діни көзқарастарды белсенді түрде насихаттайды және олардың жалақысы тұрақты деген пікірлермен келіспейді.

Қазақстандықтардың басым бөлігінің бағалауынша жалпы алғанда фрилансерлер мен блогерлердің табысы дәстүрлі жұмыспен қамтылған адамдардан жоғары. Әрбір бесінші респондент олардың табыстары тең деп санайды. Тек аз ғана бөлігі ғана блогерлердің табысы дәстүрлі жұмыспен қамтылған адамдардан төмен деп ойлайды.

Еңбек икемділігі, жұмыс берушінің шығындарының азаюы, жеке өмір мен жұмыстың теңгерімі, өнімділіктің артуы, талантты адамдарды табудың үлкен мүмкіндіктері фрилансерлер мен блогерлер қызметінің негізгі артықшылықтары болып табылады.

Фрилансерлер мен блогерлердің қоғамдық пікір мен тұтынушылық мінез-құлқына тұрғындар жалпы алғанда оң бағалап отыр. Үштен бірінен астамы бейтарап болса, аз ғана бөлігі теріс бағалауда.

Сауалнамаға қатысушылар жастар (18–35 жас) дәстүрлі мамандықтарға қарағанда онлайн мамандықтарға басымдық беріп отыр деп есептейді, өйткені оның бірнеше артықшылықтары бар:

- ◆ икемді кесте құрап, ыңғайлы жұмыс орнын таңдауға мүмкіндік береді;
- ◆ оқуға ыңғайлы болуы;
- ◆ мүмкіндіктер мен жаңа сынақтың көп болуы;
- ◆ жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің кеңеюі;
- ◆ қаржылық шығындардың азаюы
- ◆ жоғары білім болуы қажет емес.

Қашықтан жұмыс істеудің артықшылықтарына қарамастан, бүгінгі күні тікелей қашықтан істеуге қатысты бірнеше мәселе бар. Онлайн жұмыстағы адамдар алаяқтардың бос жұмыс орындары туралы хабарландыруларға түсіп қалуы, белгіленген сыйақы деңгейін алуда мәселелермен кездесуі, жұмыс беруші тарапынан міндеттерді сипаттау мен айқындықтың жетіспеушілігімен, сонымен бірге жеке деректер қауіпсіздік мәселелерімен кездесуі мүмкін. Осыдан кейін қазақстандықтар жұмыс беруші үшін интернет-қызметкерлерді жалдаудың тиімді (артықшылықтары), тиімсіз (кемшіліктері) жақтарын бөліп көрсетті. Жұмыс барысын жедел бақылау мүмкіндігінің болмауы, білімі мен тәжірибесі қашықтан ұсынылған білім туралы құжат пен түйіндемеге сәйкес келмейтін адамның жұмысқа алыну мүмкіндігі, кәсіби жарамдылықты барабар бағалау күрделілігі – жұмыс беруші үшін интернет-қызметкерлерді жалдаудың басты кемшіліктері. Ал жұмыс орнын жабдықтау мәселесінің болмауы, еңбек қатынастарын тез дайындау, еңбек жүйесін қаржыландырудың оңтайлы болуы және қызметкерлер арасында жанжал туындау мүмкіндігінің жоқ болуы жұмыс беруші қызметкерлерді онлайн жұмысқа қабылдау кезіндегі басты артықшылықтары, яғни басты тиімділігі.

ТҮЙІН

Жаппай сауалнама нәтижелерін қорытындылай келе, келесілерді бөліп көрсетуге болады:

1) Халықтың «Еңбек адамы» идеологиясы туралы ақпараттану деңгейі өте төмен: 67,2%-ы бұл туралы ештеңе білмейді және естімеген, әрбір бесінші респондент (20,2%) бірдеңе естіген. Бұл идеологияны респонденттердің 6,9%-ы ғана біледі. Респонденттердің 4,6%-ы «Еңбек адамы» идеологиясын жақсы біледі.

2) «Еңбек адамы» идеологиясына қоғамның қызығушылығы және Қазақстандағы кәсіптердің беделі» зерттеуі ең танымал кәсіптер мен салалардың рейтингісін анықтауға мүмкіндік берді. Танымал мамандықтардың рейтингі халықтың субъективті бағалауы бойынша жасалды. Қолданыстағы кәсіптер иерархиясы дәстүрлі кәсіптердің танымалдылығын көрсетеді, мұнда дәрігерлер, мұғалімдер және заңгерлер рейтингте жоғары орындарда, ал төменгі орындарда IT қызметкерлері мен блогерлер.

Респонденттердің пікірінше, медицина және денсаулық сақтау, білім және педагогика, IT және веб-әзірлеу, өндірістік және техникалық кәсіптер, құқықтану және құқық – кәсіби қызметтің ең танымал бағыттары.

Халықтың пікірі бойынша беделді кәсіптерді ең алдымен дәрігер, заңгер, мұғалім, IT маманы, мемлекеттік қорғанысқа байланысты кәсіптер және кәсіпкерлер көрсетеді. Осылайша, еңбек нарығында болып жатқан құрылымдық өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі кәсіптердің танымалдылығы мен беделі әлі де болса қоғамдық санада сақталуда.

3) Қоғамдық пікірді зерттеу Қазақстандағы ең жоғары жалақы алатын мамандықтарды анықтады. Респонденттерге жоғары ақы төленетін мамандықтардың рейтингісін анықтау өздеріне ұсынылды. Респонденттердің айтуынша, ең жоғары жалақы алатын мамандықтар дәрігерлер (23,5%), мұғалімдер (21,9%), депутаттар (14,2%), мұнайшылар (13,5%) және заңгерлер (12,2%).

4) Ең стресті мамандықтар мұғалім, дәрігер, өрт сөндіруші, тәрбиеші және ел қорғанысына байланысты мамандықтар болып анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл тізімге өнімділікке жоғары талаптары бар, белгісіздік пен тәуекелділік, тұрақты эмоционалдық күйзеліс, мерзімді түрде тұлғааралық қақтығыстар орын алатын және қоғамның сыны мен назарына ілінетін мамандықтар кіреді.

5) Қоғамдық пікір сауалнамасы халық арасында жоғары сенім деңгейімен сипатталатын мамандықтар тобын анықтады. Қазақстандықтар білім беру және педагогика саласының қызметкерлеріне көбірек сенеді, бұл – мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары.

Ауыл шаруашылығы саласының өкілдері мен аграрлық сектор мамандары халықтың сенім рейтингінде екінші орында. Үшінші орында қызмет көрсету саласының қызметкерлері. Төртінші орында механик, машинист, электрик, сантехник, слесарь, құрылысшы сияқты мамандықтардың өкілдері. Авиация қызметкерлері, респонденттердің пікірінше, сенім рейтингінде бесінші орында. Алтыншы орында IT қызметкерлері. Жетінші орында – ғылыми қызметкерлер, ғалымдар, зерттеушілер.

Қоғамдық пікірді, кәсіптер мен өлшеу нәтижесінде респонденттердің сенім деңгейі келесі мамандықтарға салыстырмалы түрде төмен екендігі анықталды: құқық және құқықтану, БАҚ және коммуникация (журналист, редактор, жүргізуші,

репортер), мемлекеттік қызмет және менеджмент, маркетинг және жарнама (маркетер, таргетолог, SMM менеджер, PR маманы), әлеуметтік желілердегі блогерлер.

6) Жаппай сауалнама Қазақстанның өркендеуіне ең көп үлес қосатын мамандықтарды анықтады: респонденттер денсаулық сақтау және білім беру қызметкерлерін бірдей қолдады (әрқайсысы 29,4%-дан). Екінші орында IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (25,4%). Одан кейінгі орында ғылым және ғылыми зерттеулер (22,1%), ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (17,3%), мемлекеттік қызмет (19,9%), жұмысшы мамандықтар (14,9%).

Әлеуметтік желілердің өркендеуі және пайдаланушылардың артуы аясында блогерлердің қызметіне қызығушылық пен танымалдылық артты. Зерттеу тұрғындар арасында фрилансерлер мен блогерлер туралы ортақ пікірлерді анықтауға бағытталған. Фрилансерлер туралы сұраққа ең танымал жауап – мақсаты материалдық байлық (34,8%) болып табылатын қызмет. Респонденттердің үштен бір бөлігі (31,2%) фрилансерлер қоғамдық пікірге әсер етеді деп санайды. Әрбір бесінші респондент (20,8%) халық фрилансерлерге сенеді деп есептейді. 19,6%-ы олар табыс туралы адамдардың қабылдауына және түсінуіне әсер етеді деп санайды. Сондай-ақ респонденттердің 16,9%-ы идеалды өмір көрінісін жасайды деп есептесе, тағы 16,3%-ы салық төлемейді деп есептейді.

Қазақстандықтардың түсінігі бойынша блогерлер – «әлеуметтік медиа платформаларында өз контентін жасайтын және жариялайтын адамдар» (44,7%), «блогтарды немесе бейнеблогтарды аудиториямен байланыс орнату және ақпаратты жеткізу үшін пайдаланатын коммуникаторлар» (31,6%), «пікірлерін, идеяларын және құмарлықтарын білдіру үшін өз дауысы мен платформасын пайдаланатын шығармашылықпен айналысатын тұлғалар» (27,4%), «ақпараттық және ойын-сауық контентін ұсынатын, сондай-ақ құнды ақпарат беретін мамандар» (21,4%). «Аудиториясының пікірі мен шешімдеріне әсер ету қабілеті бар ықпалды тұлғалар» деп 13,5%-ы есептейді. Блогерлер «өз блогын өнімдерді, қызметтерді немесе өздерінің брендтерін дамыту үшін пайдаланатын маркетинг мамандары» деген анықтамамен респонденттердің 11,7%-ы келіседі.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, блогерлердің табысына халықтың көзқарасы былайша сипатталады: респонденттердің көпшілігі (73,8%) жалпы блогерлердің табысы дәстүрлі жұмыс түрі бар адамдарға қарағанда жоғары деп есептейді. Әрбір бесінші респондент (21%) блог жүргізу мен дәстүрлі жұмыспен қамтудан түсетін табыс деңгейін бір дәрежеге қоюға болады деп санайды. Респонденттердің 3,5%-ы қарсы пікірде. Мәселе блогерлердің табысы ресми жұмысы бар адамдарға қарағанда төмендігінде.

7) Зерттеу барысында респонденттерге кәсіподақтардың өндірістегі қызметі туралы сұрақтар қойылды. Респонденттердің көпшілігі (60,3%) ұйымында кәсіподақтар жоқ деп жауап берсе, үштен бірінен азы (28,6%) кәсіподақтар ұйымда жұмыс істейді және жұмысшылардың құқықтарын қорғайды деп есептейді. Респонденттердің 8,9%-ы кәсіподақтар өз міндеттерін орындамайды деп отыр.

Респонденттердің 22,4%-ы еңбек құқықтарының бұзылуына тап болғанын айтып, кәсіподақтардың көмегіне жүгінген. Әрбір бесінші респондент дерлік (19,9%) бұзушылық фактілерімен кездескен, бірақ кәсіподақпен байланыспаған.

Респонденттердің пікірінше, кәсіподақтар жұмысындағы ең өзекті мәселелер – «Түрлі бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыруға қаржылық қамтамасыз

етудің жеткіліксіздігі» (25,2%), «Кәсіподақ мүшелерінің жұмысшыларды қорғаудағы белсенділігі мен қатысуының төмендігі» (24%), «Білікті кадрлардың жетіспеушілігі» (21,5%), «Қызметкерлер тарапынан сенімсіздік» (16,1%). Бір қызығы, респонденттердің 15,5%-ы Қазақстандағы кәсіподақтардың қызметіндегі проблемалар туралы ештеңе білмейді.

ҰСЫНЫМДАР

«Еңбек адамы» идеологиясы туралы халықтың хабардарлық деңгейін арттыру.

- ◆ «Еңбек адамының бейнесі» тақырыбында әлеуметтік бейнероликтер топтамасын әзірлеп, одан әрі республикалық телеарналарда көрсету.
- ◆ Қазақстандағы Еңбек күні мерекесінің БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы белсенді ақпараттық науқанын күшейту.
- ◆ «Еңбек адамы» идеологиясын насихаттау және түсінуді нығайту мақсатында қоғамдық-саяси ток-шоу алаңдарында жұмыспен қамту саласындағы сарапшыларды тарта отырып, ашық пікірталастар ұйымдастырып, өткізу ұсынылады.
- ◆ Жастар арасындағы патерналистік көңіл-күйді төмендету бойынша ақпараттық жұмысты күшейту.
- ◆ Облыстық және аудандық БАҚ-тағы «Еңбек адамы» арнайы айдары аясында облыстың немесе елдің белгілі тұлғаларының өмірінен еңбекке қатысты қызықты деректер жарияланған жөн.
- ◆ «Еңбек күнінде» еңбек құндылығын насихаттауға бағытталған телебағдарламалар, сюжеттер мен айдарлар шығару мүмкіндігін қарастыру. Еліміздің танымал тұлғалары туралы өмірбаяндық бағдарламаларды шығару, олардың еңбектеріне тоқталу.
- ◆ XX ғасырдың танымал қазақстандық еңбек әулеттері туралы көркем сипаттағы фильмдер жасау мүмкіндігін қарастыру. Сонымен қатар, олардың еңбекқорлығына және отбасылық кәсібіне/қолөнеріне назар аудару.
- ◆ «Еңбек құндылығы идеологиясын насихаттаудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» аяқталғаннан кейін халықтың еңбек адамының идеологиясы туралы хабардар болу деңгейін өлшеу үшін қайталама әлеуметтанулық зерттеу жүргізу мүмкіндігін қарастыру. Бұл нақтыланған кешенді жоспар аясында жүзеге асырылған шаралардың тиімділігін бағалауға және динамикаға талдау жасауға мүмкіндік береді.
- ◆ Медиаконтент мамандықтарының (дәстүрлі және заманауи медиа) танымалдылығы мен беделіне әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу.

Кәсіптік бағдар жұмысын күшейту.

- ◆ ТЖКБ жоғары курс студенттерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында «Коуч-тәлімгерлік» жобасы аясында студенттермен жұмыс істеу үшін тәлімгер ретінде өз мамандықтары бойынша танымал және табысқа жеткен тұлғаларды қатыстыру ұсынылады.
- ◆ Өңірлердегі ең танымал отандық кәсіпорындар мен өндіріс орындарында студенттерге арналған іс-шараларды ұйымдастыру.
- ◆ Жалпы білім беретін мектептердегі кәсіптік бағдар беру бойынша кеңесшілер үшін елдің еңбек нарығындағы ахуал туралы және «Қазақстан Республикасының жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы» бойынша біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.

- ◆ Жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық оқу орындарында және жоғары оқу орындарында адал еңбектің құндылығын дәріптеуге, қолдауға тәуелділік жағдайды жоюға бағытталған ашық сабақтарды жиі өткізу ұсынылады.
- ◆ Жалпы білім беретін мектептердегі кәсіптік бағдар беру бойынша кеңесшілер аймақтық жоғары оқу орындарының жергілікті өкілдерімен мектеп бітіруші түлектерге кездесулер ұйымдастырған жөн. Бұл ретте жоғары оқу орындарының өкілдері мектеп оқушыларын қазірдің өзінде сұранысқа ие және жақын арада сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы ақпараттандыруы керек.

Жұмыспен қамту саясатын реттеу.

- ◆ Әр тоқсан сайын жаңартылып отыратын Қазақстанның еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс картасын әзірлеу. Бұл еңбек нарығындағы жекелеген бос жұмыс орындарының шамадан тыс көбейіп кету жағдайына мониторинг жүргізуге, сондай-ақ өңірлердегі кәсіптердің (жұмыстардың) тапшылығын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл жұмыспен қамту саясатын тиімді реттеуге және халық арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Мұғалімдер, дәрігерлер, өрт сөндірушілер және ұлттық қорғаныс өкілдері арасындағы шиеленіс деңгейін азайтуға бағытталған алдын алу шаралары.

- ◆ Мұғалімдердің тікелей міндеттеріне кірмейтін қосымша жұмыстарды жүктеуге байланысты еңбек тәртібін бұзу фактілері бойынша орта білім беру ұйымдарында тексеру жүргізген жөн.
- ◆ Медициналық мекемелердің дәрігерлеріне тұлғааралық жанжалдардың алдын алу бойынша оқу семинарларын өткізу. Бұл ретте спикерлер шетелдік және қазақстандық шиеленіс сарапшылары болуы керек. Семинар-тренингтер шеңберінде дәрігерлер мен пациенттердің өзара әрекеттесуінің нақты кейстері көрсетілуі тиіс.
- ◆ Сауалнама деректері көрсеткендей, ең стресті кәсіптер – өрт сөндірушілер, ұлттық қорғанысқа байланысты мамандықтар. Олардың жоғары стресс деңгейін ескере отырып, жетекші психологтар спикер болатын оқыту семинарларын ұйымдастыру арқылы қызметкерлердің психологиялық дайындығына ерекше назар аудару ұсынылады. Бұл семинарлар әр қызметкердің психологиялық жағдайын өлшеуге бағытталатын болады.



Қазақстандық қоғамдық даму институты
Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай
батыр даңғылы, 11/5
Телефон: + 7 7172/ 79 64 34

Жоба
«Еңбек адамы» идеологиясына қоғамдық
қызығушылық және Қазақстандағы кәсіптердің
беделі» 2023

Анкета № _____	Аудан _____
Облыс _____	Елді мекеннің түрі
Қала _____	1. Қалалық
Ауыл _____	2. Ауылдық

Құрметті респондент! Менің атым _____ Сізді Қазақстан қоғамдық даму институты (Астана қ.) өткізетін «Еңбек адамы» идеологиясына қоғамдық қызығушылық және Қазақстандағы беделі кәсіптерге деген қоғамның қызығушылығын зерттеуге арналған әлеуметтанулық сауалнамаға қатысуыңызды сұраймыз. Назарларыңызға бірқатар сұрақтар мен оларға жауаптар ұсынылады. Ұсынылған жауаптардың ішінен өзіңізге сөйкес келетін нұсқасын таңдаңыз. Ұсынылған жауаптардың ешқайсысы сізді қанағаттандырмаса, «басқа» бағанында өз жауабыңызды көрсетіңіз.

Алынған ақпарат тек жалпылама түрде пайдаланылады.
Сіздің пікіріңіздің анонимділігі мен құпиялылығына кепілдік беріледі.

I. ХАЛЫҚТЫҢ КӘСІПТЕРГЕ КӨЗҚАРАСЫ

1. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең танымал ҮШ кәсіп? (ЖАЗЫҢЫЗ)

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

2. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең жоғары төленетін ҮШ кәсіп? (ЖАЗЫҢЫЗ)

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

3. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең беделді ҮШ кәсіп? (ЖАЗЫҢЫЗ)

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

4. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең стрессті ҮШ кәсіпті атаңыз? (ЖАЗЫҢЫЗ)

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

5. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы ең пайдасы аз ҮШ кәсіп? (ЖАЗЫҢЫЗ)

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

6. Төменде көрсетілген кәсіптердің қайсысына сенесіз? (ӘР ЖОЛҒА БІР ЖАУАП)

	Сенемін	Сенемін деуге болады	Сенбеймін деуге болады	Сенбеймін	Жауап беруге қиналамын
1) IT және бағдарламалық жасақтама (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер)	1	2	3	4	99

2) Авиациялық сала (ұшқыш, авиадиспетчер, стюард(- есса))	1	2	3	4	99
3) Аэроғарыш саласы (ұшқыш, ғарышкер)	1	2	3	4	99
4) Әлеуметтік желілердегі блогерлер	1	2	3	4	99
5) Мемлекеттік қызмет және басқару (мемлекеттік қызметкер, министр, Президент әкімшілігі)	1	2	3	4	99
6) Денсаулық сақтау және медицина (дәрігер, стоматолог, медбике/ медаға)	1	2	3	4	99
7) Өнер және шығармашылық мамандықтар (өртіс, музыкант, жазушы, суретші, биші)	1	2	3	4	99
8) Лингвистика (лингвист, аудармашы, филолог)	1	2	3	4	99
9) Маркетинг және жарнама (маркетолог, таргетолог, SMM- менеджер, PR-маман)	1	2	3	4	99
10) Ғылым және зерттеу (зерттеуші, ғалым)	1	2	3	4	99
11) Білім және педагогика (мұғалім, тәрбиеші, оқытушы)	1	2	3	4	99
12) Құқық және құқықтану (заңгер, адвокат, прокурор, сот)	1	2	3	4	99
13) Кәсіпкерлік қызмет (кәсіпкерлер)	1	2	3	4	99
14) Жобалау және құрылыс (сәулетші, жоба менеджері)	1	2	3	4	99
15) Жұмысшы кәсіптері (механик, машинист, электрик, сантехник, слесарь, құрылысшы)	1	2	3	4	99
16) Ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (фермер, ветеринар, агроном)	1	2	3	4	99
17) Қауіпсіздік және қоғамды қорғау қызметі (полиция қызметкері, өрт сөндіруші)	1	2	3	4	99
18) Әлеуметтік жұмыс және қолдау қызметі (Әлеуметтік қызметкер, call-орталықтың маманы)	1	2	3	4	99
19) Спорт және фитнес (жаттықтырушы, спортшы, фитнес нұсқаушысы)	1	2	3	4	99
20) Бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникациялар (журналист, редактор, жүргізуші, репортер)	1	2	3	4	99
21) Қызмет көрсету саласы (шаштараз, жүргізуші, аспаз, сатушы, даяшы)	1	2	3	4	99
22) Экономика және қаржы (бухгалтер, экономист, қаржыгер)	1	2	3	4	99
(98) Басқа (жазыңыз)	1	2	3	4	

7. Өсіп келе жатқан балаларыңыз, немерелеріңіз болса, олардың келесі кәсіптер бойынша жұмыс істегенін қалайсыз ба, жоқ па? (ӘР БІР ЖОЛҒА БІР ЖАУАП)

	Қаламаймын	Қаламаймын деуге болады	Қалаймын деуге болады	Қалаймын	Жауап беруге қиналамын
1) IT және бағдарламалық жасақтама (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер)	1	2	3	4	99

2) Авиациялық сала (ұшқыш, авиадиспетчер, стюард(-есса))	1	2	3	4	99
3) Аэроғарыш саласы (ұшқыш, ғарышкер)	1	2	3	4	99
4) Әлеуметтік желілердегі блогерлер	1	2	3	4	99
5) Мемлекеттік қызмет және басқару (мемлекеттік қызметкер, министр, Президент әкімшілігі)	1	2	3	4	99
6) Денсаулық сақтау және медицина (дәрігер, стоматолог, медбике/медаға)	1	2	3	4	99
7) Өнер және шығармашылық мамандықтар (әртіс, музыкант, жазушы, суретші)	1	2	3	4	99
8) Лингвистика (лингвист, аудармашы, филолог)	1	2	3	4	99
9) Маркетинг және жарнама (маркетолог, таргетолог, SMM-менеджер, PR-маман)	1	2	3	4	99
10) Ғылым және зерттеу (зерттеуші, ғалым)	1	2	3	4	99
11) Білім және педагогика (мұғалім, тәрбиеші, оқытушы)	1	2	3	4	99
12) Құқық және құқықтану (заңгер, адвокат, прокурор, сот)	1	2	3	4	99
13) Кәсіпкерлік қызмет (кәсіпкерлер)	1	2	3	4	99
14) Жобалау және құрылыс (сәулетші, жоба менеджері)	1	2	3	4	99
15) Жұмысшы кәсіптері (механик, машинист, электрик, сантехник, слесарь, құрылысшы)	1	2	3	4	99
16) Ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (фермер, ветеринар, агроном)	1	2	3	4	99
17) Қауіпсіздік және қоғамды қорғау қызметі (полиция қызметкері, өрт сөндіруші)	1	2	3	4	99
18) Әлеуметтік жұмыс және қолдау қызметі (Әлеуметтік қызметкер, call-орталықтың маманы)	1	2	3	4	99
19) Спорт және фитнес (жаттықтырушы, спортшы, фитнес нұсқаушысы)	1	2	3	4	99
20) Бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникациялар	1	2	3	4	99
21) Қызмет көрсету саласы (шаштараз, жүргізуші, аспаз, сатушы, даяшы)	1	2	3	4	99
22) Экономика және қаржы (бухгалтер, экономист, қаржыгер)	1	2	3	4	99
(98) Басқа (жазыңыз)_____	1	2	3	4	

8. Сіз алған мамандығыңызды көрсетіңіз (колледжде, техникумда, институтта, университетте)?

(БІР ЖАУАП)

Жазыңыз _____ (респонденттің сөздерінен жазу)

(95) Менің жалпы орта білілімім бар ----- >>> №10 СҰРАҒЫНА ӨТУ

9. Сіз қазір мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә

2. Жоқ

(98) Басқа (жазыңыз) _____

10. Жалпы сізде қандай жұмыс тәжірибеңіз бар (БІР ЖАУАП)

1. Бір жылдан аз жұмыс тәжірибесі

2. 1 жылдан 3 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі

3. 3 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі

4. 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі

5. 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі

6. Жұмыс тәжірибесі жоқ ----- >> №12 СҰРАҒЫНА ӨТУ

11. Бұрынғы жұмысыңызды өзгертуге не себеп болды? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Мансаптық өсудің жақсы мүмкіндіктерін алуға деген ұмтылыс

2. Жалақының жеткіліксіздігі немесе төмен деңгейі

3. Жұмыстан күтулер мен шындығының сәйкес келмеуі

4. Қанағаттанарлықсыз еңбек жағдайлары немесе жұмыс орнындағы атмосфера

5. Қызмет саласын өзгертуге немесе жаңа нәрсені көруге деген ұмтылыс

6. Басқа қалаға немесе елге көшу

7. Жеке жағдайлар (отбасылық, денсаулық және т.б.)

8. Жұмыс пен жеке өмірдің жақсы тепе-теңдігінің қажеттілігі

9. Дамудың және өз дағдыларын дамыту мүмкіндігінің болмауы

10. Әріптестермен немесе басшылықпен қақтығыстар

11. Жұмысты әлі ауыстыруға тура келген жоқ

(98) Басқа (жазыңыз) _____

12. Сіз қазіргі уақытта жұмыс жасайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә

2. Жоқ----- >> №17 СҰРАҒЫНА ӨТУ

13. Соңғы бес жылда жұмысыңызды қаншалықты жиі ауыстырдыңыз? (БІР ЖАУАП)

1. Ешқашан жұмысты өзгерткен жоқпын

2. Бір рет

3. Екі рет

4. Үш рет

5. Төрт рет

6. Бес немесе одан да көп рет

14. Соңғы жұмысыңызда қанша уақыт жұмыс істедіңіз? (БІР ЖАУАП)

1. 6 айдан аз

2. 6 айдан 1 жылға дейін

3. 1 жастан 3 жасқа дейін

4. 3 жастан 5 жасқа дейін

5. 5 жылдан астам

15. Айтыңызшы, сіздің қазіргі жұмысыңыз сізге ұнайды ма? (БІР ЖАУАП)

1. Ұнайды

2. Ұнайды деуге болады

3. Ұнамайды деуге болады

4. Ұнамайды

(99) Жауап беруге қиналамын

16. Сіздің жұмысыңыз сізге несімен ұнайды? (БІР ЖАУАП)

1. Жалақы

2. Жұмыс кестесі

3. Әріптестермен жақсы қарым-қатынас

4. Қызықты жұмыс

5. Басшылармен жақсы қарым-қатынас

6. Үйге жақын болуы

17. Сіздің ойыңызша қай саланың өкілдері елдің өркендеуіне көбірек үлес қосады? (ҮШ**ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)**

1. IT және бағдарламалық жасақтама (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер)
2. Авиациялық сала (ұшқыш, авиадиспетчер, стюард(-есса))
3. Аэроғарыш саласы (ұшқыш, ғарышкер)
4. Әлеуметтік желілердегі блогерлер
5. Мемлекеттік қызмет және басқару (мемлекеттік қызметкер, министр, Президент әкімшілігі)
6. Денсаулық сақтау және медицина (дәрігер, стоматолог, медбике/медаға)
7. Өнер және шығармашылық мамандықтар (әртіс, музыкант, жазушы, суретші, биші)
8. Лингвистика (лингвист, аудармашы, филолог)
9. Маркетинг және жарнама (маркетолог, таргетолог, SMM-менеджер, PR-маман)
10. Ғылым және зерттеу (зерттеуші, ғалым)
11. Білім және педагогика (мұғалім, тәрбиеші, оқытушы)
12. Құқық және құқықтану (заңгер, адвокат, прокурор, сот)
13. Кәсіпкерлік қызмет (кәсіпкерлер)
14. Жобалау және құрылыс (сәулетші, жоба менеджері)
15. Жұмысшы кәсіптері (механик, машинист, электрик, сантехник, слесарь, құрылысшы)
16. Ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (фермер, ветеринар, агроном)
17. Қауіпсіздік және қоғамды қорғау қызметі (полиция қызметкері, өрт сөндіруші)
18. Әлеуметтік жұмыс және қолдау қызметі (Әлеуметтік қызметкер, call-орталықтың маманы)
19. Спорт және фитнес (жаттықтырушы, спортшы, фитнес нұсқаушысы)
20. Бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникациялар (журналист, редактор, жүргізуші, репортер)
21. Қызмет көрсету саласы (шаштараз, жүргізуші, аспаз, сатушы, даяшы)
22. Экономика және қаржы (бухгалтер, экономист, қаржыгер)

(98) Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

18. Біздің елімізде ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің қандай бағыты өзекті деп ойлайсыз?**(ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)**

1. Фермерлер мен аграрлық мамандар
2. Ауыл шаруашылығы мен агробизнесітегі кәсіпкерлер
3. Ветеринарлар мен мал өсірушілер
4. Бағбандар
5. Агрономдар мен селекционерлер
6. Тамақ өнеркәсібінің қызметкерлері
7. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын әзірлеумен айналысатын техниктер мен инженерлер
8. Балық шаруашылығы және аквамәдениет мамандары
9. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушылар
10. Ауыл шаруашылығы және аграрлық ғылымдар саласындағы ғалымдар мен зерттеушілер

II. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ФРИЛАНСЕРЛЕР МЕН БЛОГЕРЛЕРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ МЕН БАҒАСЫ**19. «Фрилансер» ұғымын қалай түсінесіз? (БІР ЖАУАП)**

1. Нақты ұйымның немесе жұмыс берушінің қарамағында жасамайтын мамандар
2. Уақытша немесе келісімшарттық негізде жобалар немесе тапсырмалар бойынша қызмет көрсететін мамандар
3. Жобаларды таңдау еркіндігі және икемді жұмыс кестесі бар қызметкерлер
4. Қашықтан жұмыс істейтін және әртүрлі салаларда дағдылары бар адамдар
5. Өз клиенттік базасын қамтамасыз ететін және өз қызметтеріне бағаны дербес белгілейтін мамандар

(98) Басқа (жазыңыз) _____

20. «Блогер» ұғымын қалай түсінесіз? (ЕКІ ЖАУАП НҰСҚАСЫ)

1. Әлеуметтік медиа платформаларында өз мазмұнын жасайтын және жариялайтын адамдар
2. Аудиториямен байланысу және ақпарат беру үшін блогтарды немесе влогтарды пайдаланатын коммуникаторлар
3. Өз дауысы мен платформасын пікірлер, идеялар мен құмарлықтарды білдіру үшін пайдаланатын шығармашылық тұлғалар
4. Өз оқырмандарына құнды ақпарат немесе ойын-сауық мазмұнын ұсынатын ақпараттық және ойын-сауық мамандары
5. Өз аудиториясының пікірлері мен шешімдеріне әсер ету қабілеті бар ықпалды тұлғалар
6. Өз блогтарын өнімдерді, қызметтерді немесе өз брендін жылжыту үшін пайдаланатын маркетологтар

21. Жалпы блогерлерге қарым-қатынасыңыз қандай? (ӘР ЖОЛ БОЙЫНША ЖАУАП)

	Келісемін	Келісемін деуге болады	Келіспеймін деуге болады	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
1) Олар қоғамдық пікірге әсер етеді	1	2	3	4	99
2) Халық оларға сенеді	1	2	3	4	99
3) Оларға қиын жағдайларда жүгінеді	1	2	3	4	99
4) Олар өз қызметімен қоғамның игілігі үшін айналысады	1	2	3	4	99
5) Олар өз қызметімен тек материалдық игіліктер үшін айналысады	1	2	3	4	99
6) Бұл уақыт өте келе сұранысқа ие болмайтын сәнді қызмет	1	2	3	4	99
7) Бұл болашақта өзекті болмайтын уақытша қызмет	1	2	3	4	99
8) Олар қайырымдылықпен айналысады	1	2	3	4	99
9) Олар өз уақыттарын өздері бөледі және біреуге тәуелді емес	1	2	3	4	99
10) Олардың жалақысы тұрақты	1	2	3	4	99
11) Олар салық төлемейді	1	2	3	4	99
12) Олар адамдардың табыс туралы түсінігі мен қабылдауына әсер етеді	1	2	3	4	99
13) Олардың мысалында адамдарда жоғары білім алу қажеттілігі жойылады	1	2	3	4	99
14) Олар мінсіз өмірдің елесін жасайды	1	2	3	4	99
15) Олар өз мүдделері, өз парақшаларын дамыту үшін өз аудиториясына гивтер, ұтыс ойындарын өткізеді	1	2	3	4	99
16) Олар діни көзқарастарды белсенді түрде насихаттайды	1	2	3	4	99
(98) Басқа (жазыңыз) _____	1	2	3	4	

22. Сіздің ойыңызша, фрилансерлер - бұл адамдар? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Қоғамдық пікірге әсер ететін
2. Халық сенетін
3. Қоғам игілігі үшін қызметпен айналысатын
4. Тек материалдық игіліктер үшін қызметпен айналысатын
5. Қайырымдылықпен айналысатын
6. Тұрақты жалақысы бар
7. Салық төлемейтін
8. Адамдардың табыс туралы түсінігі мен қабылдауына әсер ететін
9. Мінсіз өмірдің елесін жасайтын
10. Діни көзқарастарды белсенді насихаттайтын

23. Фрилансерлер мен блогерлердің кірістерін дәстүрлі жұмыспен қамтылған адамдардың кірістерімен салыстырғанда қалай бағалайсыз? (БІР ЖАУАП)

	(А) Блогерлер	(В) Фрилансерлер
Өте жоғары	1	1
Жоғары	2	2
Орта	3	3

Төмен	4	4
Өте төмен	5	5

24. Фрилансер, блогер ретінде жұмыс істеудің дәстүрлі жұмыс түрлерімен салыстырғанда

қандай артықшылықтары бар деп ойлайсыз? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Икемділік: қашықтан жұмыс істеу жұмысшыларға әлемнің кез келген нүктесінен және кез келген уақытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл оларға өз өмірі мен жұмысын қалай ұйымдастыруға үлкен икемділік береді
2. Өнімділікті арттыру: онлайн жұмысшылар үлкен өнімділікке ие болуы мүмкін, өйткені олар коммутацияға уақыт жұмсмайды, бұл оларға тиімдірек жұмыс істеуге мүмкіндік береді
3. Шығындарды азайту: онлайн жұмысшылар үшін кеңседе физикалық қолжетімділік талап етілмейді, бұл үй-жайды жалға алу шығындарын және кеңсені ұстауға байланысты басқа шығындарды азайтуға мүмкіндік береді
4. Ең жақсы жұмыс – өмірдегі тепе-теңдік: қашықтан жұмыс істеу жұмысшыларға жалпы әл-ауқатын жақсартатын және стрессті төмендететін жұмыс пен жеке өмірді теңестіруге көмектеседі
5. Таланттарға қолжетімділікті арттыру: онлайн жұмыс компанияларға әлемнің кез келген жерінен ең жақсы жұмысшыларды жалдауға мүмкіндік береді, бұл оларға талантты адамдарды табуға көбірек мүмкіндік береді

(99) Жауап беруге қиналамын

25. Фрилансерлер мен блогерлердің қоғамдық пікір мен тұтынушылық мінез құлыққа әсерін қалай бағалайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Оң
2. Оң деуге болады
3. Бейтарап
4. Теріс деуге болады
5. Теріс

(99) Жауап беруге қиналамын

III. ХАЛЫҚТЫҢ «ЕҢБЕК АДАМЫ» ИДЕОЛОГИЯСЫНА ҚАТЫНАСЫ

26. Айтыңызшы, сіз «Еңбек адамы» идеологиясы туралы естідіңіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, бірдеңе естідім
2. Жақсы білемін
3. Білемін
4. Ештеңе білмеймін, естімедім ----- >> №36 СҰРАҚҚА ӨТУ

(99) Жауап беруге қиналамын

27. Сіздің ойыңызша, «Еңбек адамы» деген кім? (БІР ЖАУАП)

1. Еңбек адамы – бұл тек қоғамның игілігі үшін жұмыс істейтін және материалдық игіліктер мүлдем маңызды емес адам
2. Еңбек адамы – бұл қоғамның игілігі үшін жұмыс істейтін, бірақ ол үшін материалдық игіліктердің құндылығы бар
3. Еңбек адамы – бұл материалдық игіліктерді алу тәсілі ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі жүзеге асыру және рухани құндылықтарды нығайту тәсілі болып табылатын адам
4. Еңбек адамы – бұл өз табысын еңбектен алатын адам, ол үшін басқа құрамдас бөліктер маңызды емес

(98) Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

28. «Еңбек адамы» идеологиясы біздің заманымызда өзекті деп ойлайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә
2. Иә деуге болады
3. Жоқ деуге болады
4. Жоқ

(99) Жауап беруге қиналамын

29. «Еңбек адамы» идеологиясына қалай қарайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Оң
2. Оң деуге болады
3. Бейтарап
4. Теріс деуге болады

5. Теріс
(99) Жауап беруге қиналамын

30. Сіз «Еңбек адамы» идеологиясын қоғам үшін пайдалы деп санайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, әрине
2. Иә деуге болады
3. Жоқ деуге болады
4. Жоқ

(99) Жауап беруге қиналамын

31. «Еңбек адамы» идеологиясына қандай мамандықтар мен қызмет түрлері сәйкес келеді деп ойлайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Дәрігерлер
2. Оқытушылар
3. Инженерлер
4. Зерттеушілері
5. IT мамандар

(98) Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

32. Сіз адамдарға көмек көрсетуге байланысты мамандықтар (мысалы, медициналық жұмыс) «Еңбек адамы» идеологиясына көбірек сәйкес келеді деп ойлайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә
2. Жоқ

(99) Жауап беруге қиналамын

33. Сіздің ойыңызша, онлайн мамандықтардың қайсысы «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келеді? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Блогерлер
2. Фрилансерлер
3. Киберқауіпсіздік мамандары
4. Веб-әзірлеуші (веб-сайттар мен қосымшаларды әзірлеу)
5. Копирайтер (сайттарға, блогтарға, жарнамалық материалдарға және т. б. мәтіндер жазу)
6. Деректерді талдаушы (деректерді талдау және есептер жасау)
7. Кеңесші (әртүрлі мәселелер бойынша кеңес беру (мысалы, бизнес, денсаулық, психология және т. б.))
8. Мобильді қосымшаларды әзірлеуші (мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды құру)

(99) Жауап беруге қиналамын

34. «Еңбек адамы» идеологиясы туралы ақпаратты таратуда БАҚ пен білім беру мекемелері қандай рөл атқаруы тиіс? (БІР ЖАУАП)

1. БАҚ пен білім беру мекемелері ақпаратты таратудың негізгі көзі болып табылады және олар осы идеологияны таратуда маңызды рөл атқарады
2. Ешқандай рөл атқармайды

(99) Жауап беруге қиналамын

35. «Еңбек адамы» идеологиясына сәйкес келетін мамандықты таңдағысы келсе, жақындарыңызға қандай мамандықты ұсынар едіңіз? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. IT және бағдарламалық жасақтама (бағдарламашы, әзірлеуші, веб-дизайнер)
2. Авиациялық сала (ұшқыш, авиадиспетчер, стюард(-есса))
3. Аэроғарыш саласы (ұшқыш, ғарышкер)
4. Әлеуметтік желілердегі блогерлер
5. Мемлекеттік қызмет және басқару (мемлекеттік қызметкер, министр, Президент әкімшілігі)
6. Денсаулық сақтау және медицина (дәрігер, стоматолог, медбике/медаға)
7. Өнер және шығармашылық мамандықтар (әртіс, музыкант, жазушы, суретші, биші)
8. Лингвистика (лингвист, аудармашы, филолог)
9. Маркетинг және жарнама (маркетолог, таргетолог, SMM-менеджер, PR-маман)
10. Ғылым және зерттеу (зерттеуші, ғалым)
11. Білім және педагогика (мұғалім, тәрбиеші, оқытушы)
12. Құқық және құқықтану (заңгер, адвокат, прокурор, сот)
13. Кәсіпкерлік қызмет (кәсіпкерлер)
14. Жобалау және құрылыс (сәулетші, жоба менеджері)
15. Жұмысшы кәсіптері (механик, машинист, электрик, сантехник, слесарь, құрылысшы)
16. Ауыл шаруашылығы және аграрлық мамандықтар (фермер, ветеринар, агроном)
17. Қауіпсіздік және қоғамды қорғау қызметі (полиция қызметкері, өрт сөндіруші)
18. Әлеуметтік жұмыс және қолдау қызметі (Әлеуметтік қызметкер, call-орталықтың маманы)
19. Спорт және фитнес (жаттықтырушы, спортшы, фитнес нұсқаушысы)
20. Бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникациялар (журналист, редактор, жүргізуші, репортер)

21. Қызмет көрсету саласы (шаштараз, жүргізуші, аспаз, сатушы, даяшы)
 22. Экономика және қаржы (бухгалтер, экономист, қаржыгер)
 (98) Басқа (жазыңыз) _____
 (99) Жауап беруге қиналамын

36. Сіздің ойыңызша, қазіргі жастар неге дәстүрліден гөрі онлайн мамандықты артық көреді?

(ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Жұмыс кестесі мен орнының икемді болуы
 2. Интернетте жұмыс істеу үшін әдетте жоғары білім мен диплом қажет емес
 3. Мүмкіндіктерді кеңейту: интернеттегі кәсіптерде кірісті ұлғайту және клиенттік базаны кеңейту үшін көбірек мүмкіндіктер бар, өйткені сіз әртүрлі географиялық аймақтардағы адамдармен және компаниялармен жұмыс жасай аласыз
 4. Оқу ыңғайлылығы: көптеген онлайн мамандықтарды онлайн курстар мен ресурстар арқылы игеруге болады
 5. Жаңа мүмкіндіктер: интернеттегі кәсіптер көбінесе жаңа технологиялар мен инновациялармен байланысты, бұл жаңа қиындықтар мен мүмкіндіктерді іздейтіндерді қызықтыруы ықтимал
 6. Шығындардың аз болуы: интернеттегі кәсіптер дәстүрлі кеңсе кәсіптеріне қарағанда жабдықтар мен материалдарға аз шығын әкелуі мүмкін. Коммуналдық қызметтер мен көлік шығындарына үнемдеу де болуы мүмкін
- (99) Жауап беруге қиналамын

37. Интернет-жұмысшыларды жалдау кезінде жұмыс беруші үшін қандай кемшіліктер болуы мүмкін (БІР ЖАУАП)

1. Жұмыс барысын жедел бақылаудың мүмкін болмауы
 2. Кәсіби жарамдылықты барабар бағалаудың күрделілігі
 3. Білімі мен жұмыс тәжірибесі қашықтықтан алынған түйіндеме мен білім беру құжаттарына сәйкес келмейтін адамды жұмысқа қабылдау мүмкіндігі
- (98) Басқа (жазыңыз) _____
 (99) Жауап беруге қиналамын

38. Қызметкерлерді онлайн жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс берушінің қандай артықшылықтары бар? (БІР ЖАУАП)

1. Жұмыс орнын жабдықтаудың қажеті жоқ
 2. Еңбек қатынастарын ресімдеуде
 3. Еңбек жүйесін қаржыландыруда
 4. Қызметкерлер арасында жанжал туындау мүмкіндігін болдырмауда
- (98) Басқа (жазыңыз)
 (99) Жауап беруге қиналамын

39. Онлайн жұмысты таңдауда адамдар қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін? (БІР ЖАУАП)

1. Алаяқтардың жұмыс жарнамаларына түсіп қалуы
 2. Белгіленген сыйақы деңгейін төлемей
 3. Жұмыс берушінің лауазымдық нұсқаулықтарында анық болмауы
 4. Қауіпсіздік мәселесі: қашықтан жұмыс істеу құпия ақпаратқа рұқсатсыз кіру сияқты қауіпсіздік мәселелеріне (сенімсіз орындарда сақтау) әкелуі
- (98) Басқа (жазыңыз)
 (99) Жауап беруге қиналамын

40. Сіздің ұйымыңызда (мекемеде, компанияда) кәсіподақ бар ма, жоқ па? Егер бар болса, онда кәсіподақ жұмысшылардың құқықтарын қорғайды ма, әлде жоқ па? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, қорғайды
 2. Иә деуге болады
 3. Жоқ деуге болады
 4. Жоқ, қорғамайды
 5. Кәсіподақ жоқ----- >> ДІ СҰРАҒЫНА ӨТУ
- (99) Жауап беруге қиналамын

41. Сіздің құқықтарыңыз бұзылған жағдайлар болды ма және Сіз кәсіподаққа жүгіндіңіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, кәсіподаққа жүгіндім
2. Иә, бірақ кәсіподаққа жүгінбедім
3. Жоқ, болмады

42. Сіз өзіңіздің компанияңыздың/мекемеңіздің кәсіподақ мүшесісіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Иә
2. Жоқ

43. Сіздің компанияңыздың кәсіподақ қызметін қалай бағалайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Оң
2. Оң деуге болады
3. Бейтарап
4. Теріс деуге болады
5. Теріс

(99) Жауап беруге қиналамын

44. Қазақстан кәсіподақтарының қызметтерінде қандай проблемаларды көріп отырсыз? (КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАУАП НҰСҚАСЫ)

1. Білікті кадрлардың жетіспеушілігі
2. Түрлі бағдарламаларды іске асыруға және іс-шараларды өткізуге қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігі
3. Кәсіподақ мүшелерінің жұмыскерлерді қорғауға белсенділігі төмен және қатысуы
4. Қызметкерлер тарапынан сенімнің болмауы
5. Мен Қазақстандағы кәсіподақтардың қызметіндегі мәселелер туралы ештеңе білмеймін

(98) Басқа (жазыңыз)

(99) Жауап беруге қиналамын

IV. ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БЛОК

D1. Жынысыңыз:

1. Ер
2. Әйел

D2. Жасыңыз (ЖАСЫҢЫЗДЫ САНМЕН ЖАЗЫҢЫЗ) _____

D3. Сіздің этносыңыз

1. Қазақ
2. Орыс

(98) Басқа (жазыңыз) _____

D4. Біліміңіз (БІР ЖАУАП)

1. Орта білім
2. Кәсіби-техникалық білім
3. Жоғары білім (маман, бакалавр, магистр, кандидат, доктор, PhD)

D5. Сіздің отбасылық жағдайыңыз? (БІР ЖАУАП)

1. Тіркелген некеде тұрамын
2. Некеге тіркелмей, бірге тұрамыз
3. Ажырасқан
4. Жесір/тұл
5. Бойдақ

D6. Сіз әдетте үйде қай тілде сөйлесесіз? (БІР ЖАУАП)

1. Қазақша
2. Орысша
3. Қазақша және орысша

(98) Басқа (жазыңыз) _____

D7. Қазіргі уақытта сіз өз отбасыңыздың қаржылық жағдайын қалай бағалайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Біз өте үнемді өмір сүреміз, күнделікті шығындарға жеткілікті, ал киім сатып алу қазірдің өзінде қиын
 2. Азық-түлік пен киім-кешекке жеткілікті, бірақ несиеге жүгінбей-ақ үлкен тұрмыстық техниканы сатып алу қиын
 3. Жалпы алғанда жеткілікті, бірақ несиеге жүгінбей немесе қажетті соманы алдын ала жинамай, қымбат сатып алуларға (саяхат, автомобиль және т. б.) қол жеткізе алмаймыз
 4. Жағдайымыз жақсы, біз көлік сатып алуға немесе қымбат демалысқа оңай қол жеткізе аламыз
- (99) Жауап беруге қиналамын

D8. Сіздің отбасыңызда айына БІР ОТБАСЫ МҮШІНЕ шаққанда орташа табыс мөлшері қанша? (БІР ЖАУАП)

1. 70 000-ға дейін (1 ЕТЖ)
2. 70 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін
3. 100 001 теңгеден 200 000 теңгеге дейін
4. 200 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін
5. 300 001 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
6. 400 001 және одан жоғары

САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСҚАНЫҒЫЗ ҮШІН РАҚМЕТ!

Сауалнама күні _____ 2023 ж.

2-қосымша

№	Салалар	Кәсіптер
1	Сату және сауда саласы	сатушы, сату өкілі, кеңесші, кассир, риелтор, байер
2	Сұлулық салоны және сауықтыру саласы	шаштараз, бет әрлеуші, маникюр шебері, косметолог, массажист, барбершоп
3	Медицина және денсаулық сақтау	дәрігер, стоматолог, фельдшер, медицина қызметкері, ветеринар, диетолог, нутрициолог, психиатр, ортодонт, хирург, онколог, кардиохирург, патолог, реанимотолог, логопед
4	IT және веб-әзірлеу саласы	программист, IT маманы, веб-дизайнер, сайттар әзірлеуші, ойыншы
5	Көлік және жеткізу	таксист, жүргізуші, теміржолшы, кондуктор, жол қызметінің қызметкері, логист, тракторшы, курьер, пошташы, бақылаушы
6	Білім беру және педагогика	мұғалім, тәрбиеші, логопед, педагог, профессор, жаттықтырушы, оқытушы, кітапханашы, репетитор
7	Басқару және әкімшілік қызметкерлер	директор, әкімші, менеджер, қызметкерлер менеджері, хатшы, кеңсе менеджері, іс жүргізуші, мұрағатшы, менеджердің, директордың көмекшісі
8	БАҚ және медиа	блогер, журналист, жүргізуші, редактор
9	SMM және маркетинг	таргетолог, маркетинг, SMM маман, мобилограф, PR менеджер
10	Юриспруденция және құқық	адвокат, юрист, прокурор, сот, нотариус
11	Қаржы және банк қызметі	бухгалтер, экономист, банкир, банк қызметкері, қаржыгер, инкассатор, коллектор, аудитор, инвестор, бағалаушы
12	Кәсіпкерлік және бизнес	кәсіпкер, бизнесмен, кафе иесі, фаст-фуд иесі, ресторатор, монша, сауна иесі, гүл дүкені
13	Ауыл және орман шаруашылығы	фермер, ауыл шаруашылығы, күріш, мақта, орманшы, агроном, шопан, шапқыш, бағбан, бақшы, сауыншы, егін жинаушы, ағаш кесуші
14	Өнер және ойын-сауық	дизайнер, стилист, тамада, әртіс, биші, әнші, жазушы, фотограф, продюсер, музыкант, суретші, кинолог, хореограф, модель, шоу-бизнес, клуб, аниматор, режиссер, реставратор
15	Ғылым және зерттеулер	саясаттанушы, аудармашы, зерттеуші, геолог, эколог, археолог, филолог, ғалым, лингвист, аналитик, зертханашы, географ, геодезист, тарихшы, химия маманы, вулканолог, әдебиеттанушы, генетик, микробиолог
16	Авиация және космонавтика	ұшқыш, стюардесса, стюард, ғарышкер
17	Спорт және фитнес	жаттықтырушы, фитнес-жаттықтырушы, спортсмен, футболдист, хоккеист
18	Туризм және қонақ үй ісі	туристік агент, қонақ үй ісі, қонақ үй қызметкері, хостел

№	Салалар	Кәсіптер
19	Өндіріс және техникалық мамандықтар	дәнекерлеуші, құрылысшы, машинист, автомеханик, сантехник, аспаз, инженер, механик, электрик, сәулетші, слесарь, металлург, шиномонтажшы, өңдеу өнеркәсібі қызметкері, тамақ өнеркәсібі технологы, технолог, тас қалаушы, кран жасаушы, сылақшы, болат қорытушы, экскаваторшы, жиһаз жасаушы, токар, наубайшы, өнеркәсіптік өндіріс, зауыт қызметкері, газшы, сырлаушы, техник, кондитер, киповец, тамақ өнімдерін өндіру, техникалық қызметкер, машина жасау, робототехник, ұшақ жасау, ЖЭО, жылу желісінің қызметкері
20	Тазалау және қызмет көрсету	жүк тиеуші, даяшы, тазалаушы, аула сыпырушы, гардеробшы, автокөлік жуушы, қызмет көрсету саласы, қызмет көрсету, үй қызметшісі, АЖҚС-да жанармай құюшы
21	Табиғи ресурстарды өндіру	кенші, тау кенші, мұнайшы, бұрғылаушы, алтын өндіру, шебер-жарушы
22	Мемлекеттік қызмет және саясат	мемлекеттік қызметші, әкімдік қызметкері, министр, әкім, депутат, президент, саясаткер, елші, дипломат
23	Қауіпсіздік қызметі және құтқару қызметтері	өрт сөндіруші, күш құрылымдары, полиция қызметкері, ҰҚК, қауіпсіздік жөніндегі маман, күзетші, әскери мамандық, кеденші, ТЖМ құтқарушысы, сақтандырушы, сақтандыру
24	Әлеуметтік қорғау және сақтандыру қызметтері	әлеуметтік қызметкер
25	Фармацевтика және дәріхана қызметі	фармацевт, провизор
26	Байланыс және телекоммуникация	байланыс операторы, оператор, телеграф операторы, диспетчер
27	Қолөнершілер	етікші, флорист, тігінші, кесте тігуші, зергер
28	Басқалары	жұмысшы, қолөнерші, фрилансер, альпинист, үй шаруасындағы әйел, имам, астролог, таролог, чакролог, нумеролог

№	Салалар	Мамандықтар
1	Техникалық және инженерлік мамандықтар	инженер, дәнекерлеу ісі, радиотехник, техник, сантехник, жылу технигі, техникалық, технолог, металлург, автоэлектрик, электр энергетикасы, гидротехник, орман шаруашылығы, автоматтандыру және бақылау, тау-кен ісі, құбыр монтері, автомеханик, механик, автокраншы, краншы, токарь, слесарь, монтажшы, сылақшы, ағаш ұстасы, тас қалаушы, химиялық өнеркәсіп, сәулетші, бұрғылаушы, ТББ таразбаны, мұнай-газ, шахтер, инженер-құрылысшы, қазандық операторы
2	Ғылым және зерттеу	биолог, биолог-химик, география, геолог, геофизик, математика, филология, философия, тарих, химия, әлеуметтану, эколог, археолог, психология, метеоролог, ауа райын бақылаушы
3	Медициналық сала	тіс дәрігері, дефектолог, логопед, медициналық, акушер, логопед, ветеринар, генетик
4	Білім және педагогика	мұғалім, педагогика, кітапханашы, кітапхана ісі, тәрбиеші
5	Ақпараттық технологиялар және компьютерлік сала	бағдарламашы, IT маманы, ЭЕМ операторы
6	Экономика және қаржы	экономист, бухгалтер, қаржы, маркетинг, банк ісі, аудит және есеп, статистика
7	Өнер және шығармашылық кәсіптер саласы	дизайнер, бет әрлеуші, зергер, режиссер, музыкалық, хореография
8	Ауыл шаруашылығы және жаратылыстану ғылымдары	жерге орналастырушы, агроном, геодезист
9	Көлік және логистика	жүргізуші, теміржолшы, логистика, тракторшы, экскаваторшы, диспетчер, авиация, машинист
10	Құқықтану және құқық	заңгер, қорғаушы (адвокат)
11	Қызмет көрсету саласы және сауда	шаштараз, сатушы, кассир, хатшы, мерчандайзинг маманы, туризм және спорт, қонақ үй бизнесі, аударма ісі, байланысшы, тігінші, стюардесса, стандарттау және сертификаттау, аспаздық маман, аспаз
12	Қауіпсіздік саласы	өрт сөндіру ісі, ТЖМ, құтқарушы, әскери, құқық қорғау органдары
13	Медиа	журналист
14	Мемлекеттік сала	халықаралық қатынастар, мемлекеттік басқару
15	Басқару және әкімшілік қызметтер	мұрағатшы, қызметкерлерді басқару, менеджмент

